


Кәкімбек САЛЫҚОВ

# БІР АУЫЗ СӨЗ

Өлеңдер, поэмалар



**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Нұр-Сұлтан  
2022

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5Каз)-5  
С18

Құрастырған: Дәулеткерей Кәпүлұ

C18 **Салықов К.**  
Бір ауыз сез : өлеңдер, поэмалар / Кәкімбек Салықов. — Нұр-  
Сұлтан : Фолиант, 2022. — 256 б.

ISBN 978-601-271-415-9

Мемлекет және қоғам қайраткери, көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың поэзия кітабы «Бір ауыз сез» деп аталады. Жинақ қаламгердің әр жылдары жазылған таңдамалы лирикалық өлеңдері мен поэмаларынан құрастырылған. Жыл жинағы көпшілік өлеңсүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5Каз)-5



## ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕЗҚАНАТТЫ ЖЕЗКИІГІ

**Ақын — құбылыс!**

Бұл жаратқан иенің құдіретті есімі. Гомерден бастап Гете, Пушкин, Шекспир, Байрон, Бернс, Маржандарға дейін осындай. Алла жарылқап аруақ жебеген адамдар олар. Ертедегі Шығыс патшалығының көпшілігі шетіннен ақын, ғұлама, философ. 15 ғасырдағы қазақтың ақын жырауларына қараңыз. Қазтуған, Доспанбет, Ақтанберлі әрі батыр, әрі ақын. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем еді.

Алаштың арда ұлы, қазақтың жезқанатты жезкіігі Кәкімбек Салықовтың мансап биігінде жүріп, Ақын болуы — рухани дүниеміздегі ірі құбылыс, сөз ұстаған халқымыздың ұлылығының бір нышаны. Ендеше сонау Құлтегіннен бастап бүгінге жеткен ғажайып қазақ жырының қайталанбас бір тұлғасы Кәкімбек Салықов. Отken ғасырдың 70-і жылдардың басында оқырманның қолына түскен Қәкеңнің алғашқы жыр жинақтары «Сыр», «Жезкіік» олең құмар қазақ баласын жалт қаратқан. Кениші ақынның өлеңдерінде ойлы да, сырлы нақыштар көбірек көрінуі заңды еді. Құдай берген таланттың мәпелеп, өмірдің сырына терең бойлады. Кеншілік пен ақындықты құстың қос қанатындағы қатар алып жүрген ақынның өлеңбаяны қазақ жұртының көз алдында тереңдік пен биіктік атты өлшемдерге айналып жүре берді.

Ақындық пен кеншілік сағы сынбай,  
Үшырады қос қанат қағысындей.  
Озге түгіл өзіме көрінеді,  
Құйысқандас қос жүйірік  
жарысындей.  
Арманына жетелеп алыстағы,



Өлең мен кен мәреден қалыспады.  
Өзге түгіл өзіме елестейді

Сөуле менен дыбыстың жарысқаны — дейді Қекімбек ағам. Оның өлеңдерінде кеншіліктің қызыу мен ақындықтың жылуы бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Ол жарық өмірді, қазақтың жұртын, адамзаттың баласын тұтас сүйді. Қекімбек ақынның Мәскеу, Болгария, Қыргыз, Түркімен, Қарақалпақ жырлары көкжиегін кеңейткен, болашаққа бағдар, болмысқа барлау жа-саған, өресін өсірген, шеберлігін шындаған — дәуір суреттері.

Қайда жүрсем,  
Ашық аспан — алаңым.  
Біреуге-іні,  
Біреулерге — ағамын.  
Жүрегімді  
Достық аты жылытып,  
Достарымнан

Мен де рахат табамын, — дегенді ол ақындық адаптация мен ақтаптаған.

Мен де талай қындыққа тоғысқам,  
Менің де әкем оралмаған соғыстан.  
Менің де анам ерте кеткен өмірден  
Маған-дағы жақсы жандар болысқан, —

дайді ақын тағы бір өлеңінде.

Қекімбек ақындығы адамның ой сезімін ұштап, қиялына қанат бітіреді. Махаббат, сағыныш, парасат секілді ұлы сезімдер оның көңілінен құс болып қанат қағып Алаш жұртының көңіл айдынына қонып жатады. Әйгілі әнге айналған «Аңсау» жырында «Елге кетіп қалар ма ем, еркетіп солармен» — деп көңілдің қыл пернелерін басады. Құштар көңіл, сағыныш сәлемін жолдайды.

Тұған жерге, ата-анаға құрмет, сүйіспеншілік пен сағыныш оның кез-келген өлең поэмасында атойладап көрініс береді. «Ұрпақ сыры» атты лирикалық поэмасы — ақынның жүрек сыры, жан сезімі. Онда жетім бала, жесір ана, әке өлімі, соғыс кезеңінң ауыртпашилығы жан тебірентелік сезімталдықпен жырланған.



---

Көкімбек лирофилософиялық бағыттағы ақын. Осы поэмадағы анасының қайтуы, бала жүрегінің тебіренісі, әке рухымен тілдесуі, ішкі сезім арпалысы оқырман жанын жай таптырмайды.

Анам менің —  
Ардақты адал жарың,  
Танытты ғой,  
Сен үшін жаралғанын.  
Екеуміз ек ақ адал тілегі де,  
Сүйеніш, тірліктегі тірегі де.  
Ол барда жақын еді сан арманым  
Бір кетсе орны қайтып толмайды  
екен,  
Анаңнан артық адам болмайды екен.  
Асқарым еді,  
Сүйенішім.  
Ақылшым.  
Еш пендеге алданбай,  
Тосумен өтті өзінді ғана армандай,  
Енді екеуің де қара жерде жатырсың.  
Ол «бақылмын» деген,  
Сен — бақылсың.  
Тәтті әуенге салар ем,  
Жетер саған үн болса.  
Анам атын қояр ем,  
«Тосу» деген гүл болса.  
Сондай-ау шығар дуние  
Тоса білген жан болса.

Көкімбек ақын сезімін іркіп қала алмайтын үлкен жүректің жыршысы. Оның жырлары өзі туған Қызылжар мен Көкшениң сағ ауасындей тұнық, қайындары мен қарагайындей биік, айдын көлдеріндей мөлдір. Академик Серік Қирабаев Көкімбек інісінің өлеңдері жайлы: «Туған табиғаты сүйікті ұлына құйылып тұрған сұлу жыр сыйлаған. Оған Ақан әндерінің сұлулығы мен сыршылдығы, Үйбырайдың, ерлігі, Мағжанның сезімталдығы дарыған. Сезім шыншылдығы оның өлеңдеріндегі ойды ашып, нақтыландырады. Оның табиғат, махаббат жырлары осындей. Олар да сағыныштан туады.



— Сағынышым құс жолындаң жалғайды, Жалғызтау мен Ұлытаудың арасын, — дейді ол. Ақынның «Құз», «Оқжетпес», «Көкшетау», «Ақжауын», «Есілге», «Теңізге» тәрізді өлеңдерінде сол өлкелерге тән суретпен бірге, онымен ұштасып жатқан адам сезімі, көңіл күйі жырланады. Өлеңнің лирикалық кейіпкері кейде бұлтқа ұқсан, «Тұнерсем де кей-кейде жаумай кетем», «Сәл жабықсам, әп-сәтте ашыламын. Құн сәүлесін құлшына ала келген, ақ жаңбыр бол төгіле шашыламын», — дейді.

Көкеңнің әнге айналған өлеңдері көп. Бір гана Жезекік өлеңіне ұлы сазгер Нұрғиса Тілендиевтен бастап Жақсыгелді Сейіловке дейін ондаған композитор әуен шығарыпты.

Құмарым қайта көріп қанар ма еken,  
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма еken?!  
Болмаса суық қолды бір сүм мерген,  
Дәл көзден киікті атып алар ма еken?!  
Сұлуды адам жаны қимайды еken,  
Беймегіл еске түсіп қинайды еken.  
Жезекік, сені аңсаған кездерімде,  
Бір өзім кең далама сыймай кетем,  
Бір өзім Сарыарқама сыймай кетем.

Алаштың арқалы Серік Ақсұңқар інісі бұл жөніндей былай дейді: «Көкен көрген Жезекікті біз де көрдік. Бірақ Көкеңнің көзіне іліккен киіктің керемет кербез болмыс-бітімі, мулде бөлек. Бір өзі — бір Жезқазғанның символындаң, «Баяғы қызыл ішік киген қыздай, жez камзол киік» бұл! Осынау ғажайып сиқыр өлеңнің авторы Жезқазған обкомының хатшысы екенін білгенде таңқалған үстіне таңқалып едім. Сол «Жезекік» әнге айналып, Атырау, Арқа, Алатау, Алтайдың арасын шарлап жүр! Корольдің құпия кенесшісі Иоганн Вольфганг фон Гете алғашқы һем соңғы өлеңін әйелзатының сұлууына бағыштаса, К. Салықов алғашқы өлеңін Алаш анасына арнады. Бұл ұғым Көкеңнің көзіне біресе Жезекік, біресе Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Тәттімбет, біресе Сәкен, Қаныш, Евней, біресе Құләш, Бибігүл, Фариза болып елестейді.

Кәкімбек ақынның өмірбаянынан өлең баянын бөліп қарауга есте болмайды.

Мен Кәкімбек ағамен сырласқан, сыйласқан уақыттарым аз болған жоқ. Туған інісіндей қасына ердім. 60–70–80 жылдық



---

мерейтойларында сапарлас болдым. Бауыры ретінде сахнадан саңқылдан арнау жырымды оқыдым. Қаныш Сәтпаев атындағы Халықаралық қорда қасында қызмет еткен күндерім де енді естелік пен сағынышқа айналар. Сөзімнің соңын Қекімбек аға мәңгілік сапарға аттанғанда қаралы жиында оқыған өлеңіммен аяқтағым келеді:

Ағатай,  
айналайын жан ағам-ай,  
Ізіңнен басып өткен тамады арай.  
Сүйетін адамзатты алаламай,  
Жаныңыз жарық еді самаладай.  
Аға едің жырығаражап,  
нұрығаражап,  
Құбылып кетті-ау бүгін құбыла жақ.  
Алаштың Ардан туған бір баласы,  
Үлт үшін Ұлытаудай Ұлы қазақ.  
Кеткенде қырдан асып құландай күн,  
Ішімде шулап қалды ұлар-қайғым.  
Жалғасы қазыналы Қаныш аға,  
Жан досы тұма бұлақ Тұманбайдың.  
Тағдырдың кезіксе де сұрапылы,  
Әуелден ұл боп тудың мұраты ұлы.  
...Қазактың сендей болсын бір баласы,  
Қазақтың сендей болсын бір ақыны.  
Көргенмін нұр құшқанын,  
жыр қысқанын,  
Қасында қаршайдан бірге ұшқаным...  
...Ағаның Айнакөлдей айдынында  
Менің де жүзеген талай жыр құстарым.  
Тағдырың жазбаса да кіл несібе,  
Ілестің жыл көшіне,  
күн көшіне.  
Қекімбек Салықов боп қазақ шыққан  
Мәскеуде  
Кремльдің мінбесіне.  
Күмбір күй.  
әуезді әуен,  
отты өлеңі,  
Жыл сайын көгеретін көктем еді!..  
...Аялы Қызылжардың ақ қайыңы,



---

Саялы Көкшетаудың көк терегі.  
Жаз қалды жарық күннің жамалында,  
Саз қалды Сарыарқаның самалында.  
Сен қалдың аққу құстың әуенінде.  
Жалт еткен жезкиіктің жанарында...  
Өн саулап,  
жыр төгілген таңдайынан,  
Өмірден барады етіп қандай ұлан.  
...Көрсөндер Жезқазғанның жезкиігін,  
Отінем, сипаңдаршы мандайынан!..  
Қош бол, аға!

*Fалым Жайлышбай*



# ӨЛЕНДЕР





## АТА ҚОНЫС

Жылдар жылжып,  
Келсем кейде ауылға,  
Ойымда тек балаша асыр салу ма?  
Сағынышты баспақ түгіл  
    ұлғайтып,  
Барып қайтам  
От бол лаулап жануға.

Осындаі бір сапар тартып тағы да,  
Келіп тұрмын біздін үйдің маңына.  
Ал үй қайда?  
Қайда кеткен, япырмая?  
Күтпеген бір қаяу түсті жаныма.

Ескі жұрты біздің көне қос үйдің,  
Қара орын деп айтуға да шошимын.  
Дүниеден тым ертерек өтіпті,  
Маған қымбат пенделері осы үйдін.

Толқып кеттім,  
Бірақ денем қызбайды,  
Қызу қайда, тұла бойым мұздайды.  
Қарт солдаттың жарасындай оқ тескен,  
Жаным қатты ауырады, сыздайды.

Ескі үй жайлы,  
Өзімді өзім қинатпай,  
Үнсіз ғана кете бардым тіл қатпай,  
Анашым-ау!  
Ескі үйді мен әкетем,  
Шаңырағын сол күйінде қиратпай.



---

Қимастықтың қыындығын женерміз,  
Біз тұрамыз ескі үйде деп сенерміз.  
Туған жерді аңсағанда,  
Жол түсіп,  
Қара орынды бір көруге келерміз.



## БІР АУЫЗ СӨЗ

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,  
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.  
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,  
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,  
Бір ауыз сөз үран болып самғайды.  
Бір ауыз сөз үшса бақыт құсы боп,  
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.

Бір ауыз сөз таң шолпан әперер,  
Бір ауыз сөз анаңдай боп мәпелер.  
Бір ауыз сөз ұл туды деп қуантса,  
Бір ауыз сөз әке өлімін әкелер.

Бір ауыз сөз жан тетігін табады,  
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.  
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,  
Бір-ақ ауыз сөз айттысып қалады.

1971.



## АЙДАРЛЫ

Шағын ғана шоқысын,  
Атың қызық — Айдарлы.  
Сайратар көңіл тотысын,  
Мейірімді жүзің жайдарлы.

Етегінде қара жол,  
Торабы тоқсан тоғысқан.  
Үлдарың салған жара сол,  
Оралмай кеткен соғыстан.

Ауданға барап сол жолды,  
Қаймақтап әрі қаспақтап.  
Үрпақтар бүгін мол қолды,  
Жаңартыпты асфальттап.

Ауылдың шеті тас бұлақ,  
Сарқылмас зәм-зәм ғажабы.  
Қасында етті ақ шұнақ,  
Әкесіз қыстың азабы.

Егін-жайлы кең иық,  
Етегің мұлгіп түр ма екен.  
Өзіңсің мәңгі жерүйік,  
Киелі күмбез нұр мекен.

1976.



## ЖАЛҒЫЗТАУ

Секілді тас қияға қонар тұлек,  
Ерекше сені көрсем соғар жүрек.  
Жалғызтау жер бетінде асылымсың,  
Ойлама ұлым қайда жоғалды — деп.

Маңдайың жарқ еткенде ғашығымдай,  
Жан толқып, ән саламын жасырынбай.  
Қараши түйір тастың телмірткенін,  
Жоғалтқан бала күнде асығымдай.

Жер үйиқ ата-баба Сайран-белі,  
Себеп көп сүйем десем қайдан сені.  
Үкілі Ыбырайдың құт мекені,  
Кияға Мағжан құлаш жайған жері.

Көк терек, жасыл қайың, бал қарағай,  
Жәй түрмас жапырағынан ән тарамай.  
Көкшенің көп тауынан дара тұрсың,  
Өте алмас келбетінде жан қарамай.

Жайнаған айналанда Жарқын көлі,  
Қазақтың осы емес пе «Гәккулі елі».  
Әндесем «Аққу жеткен» көктемді айтып,  
Сал Біржан, Ақан сері сәт тіледі.

Бауырында бойда сіңген бай талабын,  
Ауылымда бәйтеректей жайқаламын.  
«Жалғыздың жары құдай» — деген сөзді,  
Өзге емес, саған қарап қайталадым.

1991.



## САРЫАРҚА

Әніме ұйып тына бер,  
Төскейім, төрім нар алқа.  
Құлагер жортқан құба бел,  
Сүйемін сені Сарыарқа.

Әніме ұйып тына бер,  
Құмарың тарқап жан қалқа.  
Сен туған жер гажап жер,  
Сұлулар елі Сарыарқа.

Косылып сен де тың ән сал,  
Тыңдасын кербез бай алқа.  
Ақан, Сөкен, Біржан сал,  
Серілер елі Сарыарқа.

Ақ орда құрған Абылай,  
Атына данқы сай алқа.  
Абай, Шоқан, Ыбырай,  
Даналар елі Сарыарқа.

Әніме ұйып тына бер,  
Төскейім, төрім нар алқа.  
Құлагер жортқан құба бел,  
Сүйемін сені Сарыарқа.

1976.



## БІЗДІҢ АУЫЛ

Біздің ауыл — Үкілі Ыбырай ауылы,  
Қойны ырыс Жалғызтаудың сауыры.  
«Гәккулеткен»  
аққұлы өлкем осында,  
Осынау жерде қыз-бозбала тәуірі.

Көрші жатыр Ақан сері мекені,  
Орынбайдың еліне әнім жетеді.  
Құлизатпен қосылғанда Елемес,  
Сексен көлдер...  
төңкеріліп кетеді.

Аққу-қаздар солқылдатса сырнайды,  
Ұмытылар мың қасірет, мың қайғы.  
«Жезкикті» құмарлана шырқасам,  
Сүлү Көкше мұнарлана тыңдайды.

Толқындайды Саумалқөлім шүпілдеп,  
Тебіренеді орман, тоғай түтіндел.  
Ақ қайындар билегенде қарсы алыш,  
Жүргімді бір аламын бүтіндел.

Бала күнді, болашақты зерлеймін,  
Үнсіз ғана:  
«Қайран, туған ел» — деймін.  
Беу, ағайын шынымды айтсам баспа бас,  
Жалғызтауды Алатауға бермеймін.



---

Елестейді кешкен тағдыр жасымда,  
Бабам ізі жатыр тау мен тасында.  
Мен Меккеге табынғандай тебіренем,  
Жан анамның тұрып қайтсам басында.

1998.



## САҒЫНДЫМ

Қыран жетпес биқтерді сағындым,  
Сөулеті көз байлаған.

Қырда желген киіктеді сағындым,  
Жанаарлары жайнаған.

Құмар болған,  
Ұлар қонған,  
Ұлытауды сағындым.

Ауылым қонған Сырымбетті сағындым,  
Тандайым бал татынып,  
Бауыры толған жиын топты сағындым.  
Құрбы-құрдас шақырып,  
Аққұлы өлкем,  
«Гәккулі» өлкем,  
Көкшетауды сағындым.

Алтын алқа Есілімді сағындым,  
Аққайыңдар өрлеген.  
Көрші қалқа есімінді сағындым,  
Көптен айтып көрмеген.  
Сары жайлаулы,  
Таң байлаулы,  
Сарыарқамды сағындым.

Аға-женге, бауырласты сағындым,  
Сайран салып жүретін.  
Аман қалған ауылдасты сағындым,  
Ата-анамды билетін.  
Кіндік кескен,  
Бауырында өскен,  
Жалғызтауды сағындым.

1986.



## ТИМЕШІ

Тиме, бұлбұлға еркімен сайрасын,  
Тиме, жүлдышға — ерекше жайнасын.  
Тимеші, екі ішек үндессе,  
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме, аққуға үзбесін саңқылын,  
Тиме, қыранға бұзбасын қарқынын.  
Тимеші, маған да тебіренсем,  
Алсынши аңсаған жан тыным.

Тиме, елікке журегі бекінсін,  
Тиме, киікке түлегі жетілсін.  
Тимеші, маған да өн салсам,  
Кекірегім бір дертін кетірсін.

1979.



## ДҮНИЕДЕ МЕН СҮЙЕТИН БІР АДАМ БАР

Достарым не болғанын сұрамаңдар,  
Шалқысам, шарықтасам сына маңдар.  
Жүргегім еріп кетті,  
Ерік кетті,  
Дүниеде мен сүйетін бір адам бар!

Достарым, сына маңдар сұрамаңдар,  
Күтеді екеумізді гүл алаңдар.  
Сөзімнің жалғаны жоқ,  
Арманым жоқ,  
Дүниеде мен сүйетін бір адам бар!

Достарым аты-жөнін сұрамаңдар,  
Кеудемді кернеп жүрген бір-ақ ән бар.  
Жүргегім балқып кетті,  
Шалқып кетті,  
Дүниеде мені сүйген бір адам бар!

1954.



## ФАШЫҚ КЕЗ — ДӘУРЕН

Еріндер, қызыл еріндер,  
Есімнен тандым қызығып.  
Қызғалдақ гүлдей едіндер,  
Сүймесем кетер бұзылып.  
Мойнына білек тигенде,  
От шарпып денем күйгенде.  
Жұмыр жер кетті дәңгелеп,  
Ерніңнен алғаш сүйгенде.

Ақ тамақ, қайран, ақ тамақ,  
Бал беріп, бойды ұрладын.  
Құлындаі қойған ноқталап,  
Жұрегім неге туладың.  
Таңсығын тапты көктем де,  
Талабың жетті көркемге.  
Шар басым кетті айналып,  
Ақ тамақтан өпкенде.

Жанарлар, қайран жанарлар,  
Қадалдың қандай себеппен.  
Әкелдің жылы хабарлар,  
Құштарлық селін көбейткен.  
Қос қарақат жол салып,  
Рахат шексем соншалық;  
Сенделе бермей жөнделдім,  
Қос анарға қол салып.

Фашық боп мәңгі өтем ғой,  
Фашық кез — дәурен екен ғой.

1986.



## КӨКШЕТАУҒА

Көкшетау, тәбен ғиік мұнар ма еді,  
Қайғы-шер екеумізге құмар ма еді.  
Сүм жалған қайта-қайта сыйнатпаса,  
Мұң шалған ән жүректе тұнар ма еді.

Көк тұман «Оқжетпеске» төгіледі,  
Екі көз мың елеске бөленеді.  
Тұрғандай Кенесары Наурызбаймен,  
Айыртау қос өркеші көрінеді.

Қона алмай «қара торғай» қара жерге,  
Қалықтап көңілі тоймас барады ерге.  
Ән қосты Ақан сері ақ маржандай,  
Төгілген қолтығынан қара терге.

Жел тербеп қоңыр кеште самал ессе,  
«Жезкіік» Құлагерді салады еске.  
Шошимын жазатайым мерт болар — деп,  
Құлшынып саяғынан дара кетсе.

Күрсінсем көңілде өшпес сағым бардай,  
Тау іші жаңғырықты сабыр қалмай.  
Аққу-қаз қоңыр кешті күнірентті,  
Үкілі Ыбырай әнін сағынғандай.

Ажалға ең асылды қалағандай,  
Жабылды жазықсызға пәле қандай.  
Көзіме ақын Мағжан елестейді,  
Атылған Ақбураға қарағандай.

Мекені Біржан салдай қыран-ердін,  
Қайғысын көрдің талай мұрагердін.



---

Жасымнан оза шығып соққы көрген,  
Өзім де біреуімін Құлагердің.

Келмейді бәрін тізіп айта бергім,  
Төбенде қара бұлтты қайта көрдім.  
Ұмытып кетер едім  
Көз жұмғанша,  
Бақыты жанса дербес байтақ елдің.

16.07.1997.



## СЕНИҢ БАРЫҢ ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ ҚАСЫМДА

*Мәриямга*

Қайда журсем,  
Ашық аспан, алаңым.  
Біреуге іні,  
Біреулерге ағамын.  
Жүрегімді  
Достық оты жылдытып,  
Достарымнан  
Мен де рахат табамын.

Кейде жалын,  
От тілі боп жанамын.  
Сарқыраған,  
Тасқын боп та ағамын.  
Қызындықты көп көргеннен,  
Болар ма?  
Көп қызыққа шыдай да алмай,  
Қаламын.

Сен тасқынсың,  
Сонда менің қасымда.  
Тоқтау берер,  
Жүректегі асырға.  
Анамдай бір,  
Қимас рең білдіріп.  
«Тоқта» дейсің,  
«Баспа — дейсің — насырға».

Сенің барың қандай жақсы қасымда,  
Кешегіні бұғін,  
Ақылдасуға.  
Сен ортақсың,  
Әрқашанда менімен,



---

Мен егетін,  
Жер бетінде асылға.

Сенің барың,  
Қандай жақсы қасымда.  
Жүргімде сенсіз,  
Өлең тасыр ма.  
Қос толқындай,  
Қол ұстасып келеміз.  
Асыл арман,  
Жағадағы жасылға.

Сенің барың,  
Қандай жақсы қасымда.  
Жетем деген,  
Межелерден асуға.  
Сен мен үшін,  
Бұл өмірге келіпсің,  
Бола берші,  
Бола берші қасымда.

1969.



## ЖЕР ҰРАНЫ — ҰЛЫТАУ

Құлагердей тұрған өрде тынығып,  
Қарапайым көрінеді ұлылыш.  
Кең даланың қақ тесінде тау жатыр,  
Атын айтсаң кетер жаның жылдынып.

Өр тұлғасы маңғаз, кербез, сымбатты,  
Үларлы жер баба сырын тыңдатты.  
Бар қазаққа орда болған ақжолтай,  
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты.

Баурайында Қорқыт үні еседі,  
Абылай — ұран, Ағыбай дүбір кешеді.  
Ақын Тайжан сырнайлатып өн салса,  
Тілдеседі Қаныш-аға кешегі.

Киелі тау ел қиялын телітті,  
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.  
Бабаларым басын қосып үш жұздің,  
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Қасиетті қорған сырын ел үқты,  
Құран — тауға, ұран — тауға сеніпті.  
Барлық таудың ақсақалы, атасы,  
Ұлытауға аруақ қуат беріпті.

Қара — Кенгір, Сары — Кенгір, кеп Кенгір,  
Көсем таудың етек-жеңі көктеңбіл.  
Осынау жерде көрінеді ерекше,  
Құн жарықтық жер бетіне төккен нұр.

Кең тәскейде бір көтеріп көңілді,  
Алаша хан кесенесі көрінді.



---

Арғы бетте Жошы ханның мазары,  
Қос иықтап көтеріп түр өнірді.

Сандыбаймен, Қәдір, Шегір, Бабырды,  
Еске салып Ерден жатыр сабырлы.  
«Төрт босаға» — төрткүл дүние елестеп,  
Бола түсті бүкіл аймақ қадірлі.

Ер Едіге асыл рухын қолдаңыз,  
Кеш құрастық ел боларлық жолда біз.  
Қарт Ұлытау кіндік төрі қазақтың,  
Һем табиғи, һем тарихи ордамыз.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,  
Жаралыпты тау бірлікшіл батадан.  
Ұлытауды жөн болады ардақтап,  
Қазағымның жер ұраны атаған.

1993.



## ҚҰС БАЗАРЫ ҚОРҒАЛЖЫНД

Қазақтың құс базары Қорғалжында,  
Құн сүйген күміс көлдер толған нұрға.  
Аққудың аққу сүйіп омырауын,  
Таратты қоңырауын орман-нуға.

Сайраған шымқай ғашық ұнін терем,  
Сағынған бала күнді сырым терең.  
Құс әні, көл жағасы қызық еді-ау,  
Бетінен мың сүйгенім білінбекен.

Аққулар көз қияғын ұзатпастан,  
Айтады біздер жайлы ұзақ дастан.  
Есіме түсіп кетті албырт кезім,  
Құстарға қарай-қарай құшақтасқан.

Саумалкөл мөлдіріне тұнып тұрған,  
Қоңыр қаз қонар ма екен қызықтырған.  
Аңсадым жаным құштар сол мезетті,  
Өмірдің мұң мен зарын ұмыттырған.

1993.



## ӨЛЕНДЕР КЕТТИ ТҮНШЫҒЫП

*Мұқагали Мақатаевқа*

Үзілсе қайран сезім-гүл,  
Отырғам жоқ оңай боп.  
Шаң тастады көгілдір,  
Жыр жорғасы топай көк.

Көріп ем сәтті кездерін,  
Аспаннан жүлдыз алғандай.  
Естіп ем отты сөздерін,  
Аузына тәңірі салғандай.

Болса да мүмкін төр сенде,  
Тайсалмай айтар кей сырын.  
— «Лифте сұлу» көрсөң де,  
«Гәккуің» артық, дейтүғын.

Аударып еді Дантенің,  
«Жұмағын» алмай, «тамұғын».  
Өмірдің де жан телім,  
Жаяулап көрді жабығын.

Құлшынса кейде ес кіріп,  
Еділдің лебі қаулайтын.  
Қазақы күйше естіліп,  
«Аппасионата» заулайтын.

Өкінсек те, шіркін-ай!  
Ол мықтының бірі ғой.  
Өлді деген ілкім ой,  
Тұндігі ешпес, тірі ғой.



---

Ақын өлді демендер,  
Жыры жүр жерде құлшынып.  
Жазылмаған өлеңдер,  
Кетті ғой, әттең, тұншығып.

1977.



## ҚАЗАҚТЫҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ

Есенберлин — десе байтақ ел білген,  
Қасиеті мол құдірет күшке сендім мен.  
Қас-қағымда, қас батырдай жарқ еттің,  
От пен оқтың ортасында кең жүрген.

Алтын арай нұр шашқандай алыс таң,  
Жан едің-ау, құс-қиялмен жарысқан.  
Абылайша ұран тастап ұрпаққа,  
Ерлігін зор Қанекемше қарысқан.

Жаңғырығып мыңдан шыққан жалғыз ұн,  
Наурызбайша сүйт өткен қалды ізің.  
Тығырықтан ығыр бейнең ой тастап,  
Аралады атың бүкіл жер жүзін.

Туған елдің дербес туын сүйгендер,  
Бақшаларда саған арнар гүлді еңдер.  
Сыр білдірмес аруағыңдан жасқанар,  
Ту сыртыңдан жұдырығын түйгендер.

Белгі беріп қызын қыстау мезгілден,  
Қақтығыс көп ойға оралтып, көзге ілген.  
«Қанаң» — десе есімінді еске алып,  
Әулие атап кетті қазақ жөн білген.

Жүргендей боп көш-керуен басында,  
Өшпес белгі орнатыпсың ғасырга.  
Хан Кененің қуат берді рухы,  
Дербес елім шықса жаңа асуға.



---

Бір ісіңе ғұмыр қосып бір ісің,  
Дабыл қаққан шүғыл еді жүрісін.  
Дүбірінді, ғұмырынды ұзартып,  
Сыйлап өтер қазақ «Алмас қылышын».

1993.



## АЛАША ХАН МАЗАРЫ

«Кектенбе кәпірге де, кезі келер,  
Жазасын бір құдайдың өзі берер».

*Қожа Ахмет Яссайи*

Қанлыш-Қыпшақ негізім қаңғарларым,  
Алаштығым — түп тамыр аңғарғаным.  
Алаша хан — қазақтың көне ханы,  
Сақ пен Фұннан ежелгі алған нәрін.

Қасқайып түр далада зенгір белгі,  
Олар кімді сырына сендірмеді.  
Шыңғыс ханнан ертерек орнатылған,  
Алаша хан мазары Қенгірдегі.

Күндер болды-ау, тіршілік бабын қалмас,  
Жұн-жұрқаға қор болды алтын-алмас.  
Шаш ал десе бас алды-ау,  
Накұрыстар,  
Алаша ханнан «Алашты» айыра алмас.

Өңкей шолақ белсенді кетті қызып,  
Көне ескерткіш өрнегін өтті бұзып.  
Тас-талқанын шығарса не істер едік,  
Тарих сыры жоғалмай жетті үзік.

Енді бүгін барымды еселесін,  
Ата салтын сақтауға жетеді есім.  
Жезқазғандық жігіттер,  
көп жасандар!  
Алаша хан жөндеген кесенесін.



---

Кешегіден керінсе сымбаттырақ,  
Әр кірпішті қалапты құндарап құрап.  
Алаша хан ол біздің әулиеміз,  
Шыңғыс ханнан қазаққа қымбаттырақ.

22.10.2000.

*Алматы.*



## АБЫЛАЙ

Намыс туы, арым, барым Абылай,  
Серттескенде бас ұрарым Абылай.  
От кешкенде Отан-Ана,  
Сен үшін,  
Қан майданда Бас Ұраным Абылай.

Есіміне естір құлақ қанықты,  
Ірге алдырмай ел негізін салыпты.  
Бостаңдықшыл,  
қыран міnez қазақты,  
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Қорғай біліп ұлан-байтақ даланы,  
Үйқыдағы оятты ұлттық сананы.  
Ерлікпенен серлікті тең ұстап,  
Әулиедей киелі аты тарады.

Еске түсер  
Дана десек Абылай,  
Ер Қабанбай, Бөгенбай мен Ағыбай.  
Ол кеменгер ел аңысын аңдаған,  
Бұхарды да өткен жоқ қой танымай.

Мемлекеттің Абылай арқау тірегі,  
Ол қазақтың мәңгі тірі жүрегі.  
Тұған елді қорғау үшін еніреп,  
Тұған ерді  
Жебей білді үнемі.

Мағжан — аға алып ақын ақылман,  
«Алашым» деп Абылай рухын шақырған.  
«Абылайлап» — жауған оққа кіrmесе,  
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.



---

Кеше атына салынса да тыйымдық,  
Титім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.  
Ата-бабам, әке-шешем,  
Өзіміз...  
Абылай ханға тәңіріміздей сиындық.

07.01.2000.



## ТҮРКІТЕКТЕС ЕЛДЕРДІҢ БАС АҚЫНЫ

«*Күл Ахмет, дүние құмасаң текке-бекер,  
Көкіректен шыққан дауысың көкке жетер*».

**Қожа Ахмет Яссайи**

Түркі тектес елдердің бас ақыны,  
Мағжан десен,  
Жоқ қазақ сасатыны.  
Түркістан — деп,  
Тұран — деп «көкке жетті»,  
«Көкіректен» азатшыл самғап үні.

Өзгеше едік,  
Сергектеу бұдан кеше,  
Жылжып жүрді қасында жылан неше?!

Кетті атылып Мағжандар,  
«Түркі тектес,  
Тұпкі тегім ежелгі Тұран» — десе.

Қапы кеткен замана дауылында,  
Шекті азаптың шегі жоқ ауырын да.  
Мағжан аға,  
Жұлдызы қайта жанды,  
Күндер етті көп салған қамығуға.

Мың жарым жыл толғанда,  
Бақыт құсы дермісің бірге үшқан ба?!

Түркістанға  
Арыстанбап, Қожа Ахмет,  
Абылайдан соң,  
Мағжанды атау бүгінгі кірді заңға.

Ол кеткен кез — сүрқия заман еді,  
Қалды артында қалқайып аман елі.



---

Мағжанды айтса,  
Абайдан кейінгім — деп,  
Мұхтар салған орнықты дана белгі.

Ақ көңілді осылай ақтаралық,  
«Сабыр түбі — сары алтын» сақтады анық.  
Жалғыз оқлен,  
Жайратып тастаса да,  
Тастау болмас ақындық тақтан алып.

Дәл осылай түсіну жөні бөлек,  
Берді жаңа Түркістан өңірі көмек.  
Мағжан-аға,  
Сен де бір пайғамбарсың,  
Жүргегіне туған ел қойған бөлеп.

22.10.2000.  
Алматы.



## ЖЕЗКИҚТІ КӨРСЕМШІ

Назарыңды бір қып,  
Назды көңіл бөлсөңші.  
Мойыл көздер тұңғиық,  
Мөлт еткенін көрсемші.

Біздің жақты көктемде,  
Жазда мекен қылсаңшы.  
Ел шетіне жеткенде,  
Еркеленіп тұрсаңшы.

Қуанышқа шалынған,  
Тәуір кезде көрсемші.  
Сағынышқа салынған,  
Ауыр кезде көрсемші.

Сағым бермес кең дала,  
Ашық шақта көрсемші,  
Есіл-дертін мен ғана,  
Ғашық шақта көрсемші.

Жабылыққа жармаспай,  
Жүйріктікке жетсемші.  
Жезкиіктен қалмастай,  
Жүйткіп қана өтсемші.



## АДАМДАР, АҚҚУЛАРДЫ АТПАНДАРШЫ

Ақку құс айдын көлді аралайды,  
Қарайды бермен қарай, қарамайды.  
Қосылып қамыс құрақ тәтті әніне,  
Ол менің жүргегімді жаралайды.

Тамаша сол бір әні тербелетін,  
Шалқытып, бой жылытып өң беретін.  
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,  
Көрмейік ару құсты көлде жетім.

Мамық төс, ақ тамағы бұлғақтайды,  
Маңайды көзбен шолып, тіл қатпайды.  
Көлде емес, көңіл теңіз толқынында,  
Жүргенін біліп, білмей сырғақтайды.

Аңсаймын, асыл құскә асығамын,  
Орнайды онсыз жерде басыма мұн.  
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,  
Сақтайық мәнгіліке ғашық әнін.



## САҒЫНЫШ ДЕГЕН ФАЛАМАТ

Сағынып кетем сені де,  
Төгіліп өлең аманат.  
Сағынады екенсің мені де,  
Көңілге ол да қанағат.

Ағаны іні сағынар,  
Еркелеп қана қайтсам деп,  
Ініні аға сағынар,  
Ақыл бір кеңес айтсам деп.

Қарындасын да сағынар,  
Бауырым назар етсе деп.  
Ауылдасын да сағынар,  
Аунап-қунаң кетсе деп.

Ел шетінен қарсы алар,  
Үлкен, кіші, кәрі де.  
Сүйінші сұрап жар салар,  
Нағашы, жиен — бәрі де.

Тетелес балдыз, бажалар,  
Құлкі, өзілі тиылмай.  
Барын тосып «мазалар»,  
Дастарқаны бір жиылмай.

Баяғы көрші қызы-дағы,  
Келіншек болып жүр шығар.  
Тілдесе алмай біз тағы,  
Көз шалып көніл бір тынар.

Әурешіл жүрек тықыршып,  
Кеудеге әрен қияды.



---

Әкелер ме еken тыныштық,  
Қарақат көздің қияты?

Ақ мандайдың айбыны,  
Үлғайтады-ау жалынды.  
Көрем деп мені қай күні,  
Әрине, ол да сағынды.

Сағынып анаң шаршайды,  
Сақтағанын татсын деп.  
Ақ тілекпен аңсайды,  
Тынығып үйде жатсын деп.

Әкені бала сағынар,  
Жоғымды тауып берер деп.  
Баланы әке сағынар,  
Қалқайған бойын көрем деп.

Сағынар үйде аруың,  
Өзінді есен көрсем деп.  
Жаныңың дәркәр дәруін,  
Сұратпай тауып берсем деп.



## КИІКТІ ЕЛДІҢ ҰЛЫМЫН

Киікті елдің ұлымын,  
Киікті елдің,  
Сұлулықты жасымнан сүйіп келдім.  
Жүйткіп өткен жүйріктің сырын ұғып,  
Жан құпия жадыма түйіп келдім.

Алтын жота,  
Жез жамбас, күміс сағак,  
Екі көзден қалайша жылыштамақ.  
Нәзік жандар сүйеді әлпештеуді,  
Алақанға салар ма ем тірі ұстап ап.

Тірі ұстап ап,  
Аялап еркелеттім,  
Өткен-кеткен күндерді ертек еттім.  
Қызыл киік, қыз-киік, Құралайым,  
Сағындырмай тағы да келсең етті...

Келсе егер ауылыма жақын ғана,  
Жақын ғана, жасқанбай батылдана.  
Құба жонда үріккені — нәзіктігі,  
Оны атпаса атпайды ақын ғана.

Сақтанараңың, деуші едім оқ екен ғой,  
Мен білмейтін мінезің көп екен ғой.  
— Атсан-дағы жолынды кесем дейсің,  
Сұлуларда қорқыныш жоқ екен ғой.

Көз ұшында көп киік, санатпайды,  
Құн шапағы көбейтіп қабаттайды.  
Шұбытылған боз шаңдақ арасынан,  
Тек біреуі артына қарақтайды.



---

Қарақтайды,  
Ол қорқу, үркү емес,  
Қаратпайды,  
Ақ сағым — сылқым елес.  
Тәні жүйрік болған соң ол қайтсін-ау,  
Жаны жүйрік болмауы мүмкін емес.

Өзі-дағы ақ сары гүл тұсті екен,  
Жүргіме не қайран зіл тұсті екен?  
Ел шетінен өткенде елеңдеген,  
Елжіретіп есіне кім тұсті екен?



## КҮЗ

Тау беткей қара шоғыр ыстаныпты,  
Еменнің бойы әнтек қысқарыпты.  
Ақ қайың жапырағы алтын сары,  
Теректің үсті-басы мыстаныпты.

Саумалкөл айқын көкшіл Ніл болыпты,  
Сұр жартас тақырланып піл болыпты.  
Ой, алла-ай, балбыраған ақ науаттар,  
Аңқыған иіс қайтып, гүл солыпты.

Қарағай жасыл желкен өң бермейді,  
Құрен тал, кәрі шалдай өңмендейді.  
Қаусаған кемпіріндей жиде жұтан,  
«Әрі тұр, от қызыум сөнген», — дейді.

Кер шілік көк жорғадай тепеңдейді,  
Құз түгіл қысты бұзып өтем дейді.  
Сыңсыған сыбызығымен сыбырласып,  
Жез киік жылы жаққа кетем дейді.

Аспанда қайтқан құстар қиқулайды,  
Қоштасып салған әні сиқырлайды.  
Тірліктің әр қияны еске түсіп,  
Жүргегің осындауда бір тулайды.



## АЛАТАУ

Алатау жатады екен салаланып,  
Қойнына әсем сұлу қаланы алып.  
Орнатқан осы араға астанасын,  
Қазағым бұл не деген дана халық.

Қоршалап қолдан қүйған сарайындай,  
Әр шоқы мәртебелі ағайындай.  
Алатау Алматысыз тұрар еді-ау,  
Әйгілі Мұхтары жоқ Абайындай.

Ойлы тау жатады екен дараланып,  
Ақ шуда қарлы бұлты алаланып.  
Жасыл бел, шұбар шатқал, құба жартас,  
Көз шалса көкірегінде қалады анық.

Жұмақ жер ғажап екен көктемі де,  
Жұмбак жел сүйеді екен беттен өбе.  
Ақсақал тау атасы осы десем,  
Қаратаяу, Ұлытаулар, өкпелеме.

Көгеріп гауһар тана көл тұнады,  
Айнала мың-мың жеміс көз құмары.  
Жұмақтың жұмақтығын айтам десем,  
Жетер ме мен білетін сөз тұмары.

Мол жұтып женіл ауа емінесін,  
Бау сая құшағына берілесін.  
Тұргандай қарсы алдында ансағаның,  
Елтисің, маужырайсың, егілесің.

Гүл моншақ алма ағашы көлендейді,  
Үңіліп тау да оны көрем дейді.



Ұлпа бұлт зәмзәм шырын бүркіп етсе,  
Көңілің қызғаныштан елеңдейді.

Сол кезде сен де есіңен жаңыласын,  
Тишиштегі тентек жүрек қағынасын.  
Қызы-алма қайдағыны еске салып,  
Жоқ жерде сағынышқа салынасын.

Теңбіл сай, шатқал қойнау, тас қарақшы,  
Жаңғырып ойды бөліп жалт қаратшы.  
Көкорай, шүйгін шалғын мамырлатып,  
Көз жұмып, құлай кетіп жатса жақсы.

Сонда бір үн келеді құлағыма,  
Тіл қатқан алма ағаштың сұрағы ма.  
Мәңгі құз, көк сенгірден күле келген,  
Әлде ол таудың ерке бұлағы ма?!

Көргенім тұс сияқты бекер ме едің,  
Япырмай, бұған да жер жетер ме едің?  
Егер де қайрат-күшім жетер болса,  
Арқалап ауылға алып кетер де едім.



## СӘУЛЕТ

Сәүлет — өнер төресі,  
Сәүлет — елдің өресі.  
Мұнаралармен көрінегі,  
Фасырлардың тәбесі.

Сәүлетсіз жетім бұл ғалам,  
Саулет — тұнып тұрган ән.  
Ескерткіштер сөйлеген,  
Қалмағанда бір адам.

Пирамида, мазарлар,  
Тарихтың сырын хабарлар.  
Тілдеспей ме біздермен,  
Тас бейнелі адамдар.

Сәүлетсіз дәүлет болмайды,  
Сәүлетсіз әлем толмайды.  
Сәүлетші де ақындай,  
Өмір сырын толғайды.

Мейман келсе жеріне,  
Бір көрер сені, мені де.  
Сәүлетің биік болмаса,  
Сын тағады еліме.

Ей,  
Шота! Саған сын келді,  
Аңы тер шығар күн келді.  
Дәуір үшін тәуір-ay,  
Жасай алсаң бір белгі.



---

Өнерің досқа, жатқа сын,  
Жақсынды елің сақтасын.  
Мен мақтасам досы дер,  
Кейінгі үрпақ мақтасын!



## ТІРЛІКТЕ ОЙДА БАРДЫ АЙТҚАН ЖӨН-АУ

Бұл өлең атып алар қаз емес қой,  
Ақынның күні де өңкей жаз емес қой.  
Өзін-өзі жылатып,  
Өзі уатар,  
Мехнаты рахатынан аз емес қой.

Ақ көңіл, таза пейіл баладаймыз,  
Өмірді ашық жүріп аралаймыз.  
Адамды ойға орайтын жәй көп екен,  
Тетігін таппақ болып саралаймыз.

Сүйеніш әлде кімге панадаймыз,  
Ағаны қадір тұтқан бағалаймыз.  
Дүниеде сұлулыққа іңкөр болып,  
Жүректі жүртттан ерте жаралаймыз.

Жақсыны ту көтеріп бағалаймыз,  
Жаманың көnlіне қарамаймыз.  
Тұған ел, жүгің болса арта берші,  
Әліміз келгенінше шамалаймыз.

Бітпеген істі ойлап саралаймыз,  
Біткені қанша екен деп санамаймыз.  
Тірлікте ойда барды айтқан жөн-ау,  
Бір күні тіл тартуға жарамаймыз!



## РЕЙХСТАГТЫ АЛЫПТЫ РАҚЫМЖАНДАР

Рахымжан —  
Ол кәдімгі рахымшыл жан,  
Бауырмал, жат жаранды жақынсынған.  
Ақжарқын, әзілге бай,  
Ақынжанды,  
Кезі жоқ қеуде қағып, батырсынған.

Сырымды көкейінде түйші, жігіт,  
Раханды сүйсөң мендей сүйші біліп.  
Жүйрік ой,  
Бойынан дарқандығы шашырап тұр,  
Көкірегі күйші жігіт.

Шамданса,  
Көрген жауын алқымдаған,  
Тік келген ажал оқтан тартынбаған.  
Ол біздің сұңқар мінез,  
Тұлпар мінез,  
Шабысы шапқан сайын қарқындаған.

Күлер жерде,  
Шынайы күліп бастар.  
Бірақ байқа,  
Басынсаң іліп тастар.  
Шапшанұндығын байқашы, өткірлігін,  
Өлшем жерден нақ пішіп тіліп тастар.

Қабагы бірде ашылып, бірде ашылмай,  
Онда жоқ,  
Тоң мінездік зіл тасындар.  
Ескі дос,  
Әкетер еліктіріп майдан сырсы,  
Туа сырлас құрдасындар.



---

Ел берсе,  
Ер ұлына мың қасиет,  
Қастерлеп сақтай білу шын қасиет.  
Сол қасиет ту тікті Рейхстагқа,  
Қазақ бойын көрсетер сында сүйеп.

Жанған отпен алысқан,  
Шын арыстан,  
Сені көрсем жарылам қуаныштан.  
Аңыз адам,  
Ардагер нағыз адам,  
Кезім де жоқ басқаша сыр алысқан.

Кездескенде,  
Мың алғыс үйем келіп,  
Өзгеге еріншек тіл сүйемденіп.  
Ақ жарылып сырымды сарқам тегіс,  
Ішімнен өз ағамдай иемденіп.

Оған қызық көрінсе ақындығым,  
Мен ұнатам кең мінез батырлығын.  
Жан толқымай ешқашан айта алмайтын,  
Бар менің,  
Бір құпия жақындығым.



## ҚҰШТАРЛЫҚ

Дос, бедел дос,  
Масайраймын,  
Көрсем ерен еңбегін,  
Мәреден өтіп сенгенім.  
Іштарлық женип сондайда,  
Занғарға замғап,  
Келеді құлаш сермегім.

Өнерім болса,  
Өнеге-үлті ұстарлық.  
Мен тындырған,  
Табылса татым іс барлық.  
Тұлпарлардың дүбіріне елігіп,  
Сүңқарлардың самғауына құштарлық.

Терезем менің,  
Ешкімнен де кем емес.  
Тенізде толқын,  
Далада жасар жел елес.  
Женілістен жеңістерім көп болса,  
Шекпен таңдал,  
Шен іздеуші мен емес.

Құштарлығым тіршілікке тасыған,  
Күндерім аз жадауланып жасыған.  
Биік тау көрсем,  
Бер жағынан таңырқап,  
Ар жағында несі бар деп асығам.

Бінтықсан да,  
Бір тәуір жыр жазам деп.  
Жүгім ауыр,  
Болмай да жүр мазам көп.



---

Ақындықтың бабын таппай келемін,  
Сөз кенінен,  
Жер кенін көп қазам деп.

Кей арманым,  
Ақ тұс болып келеді.  
Толастамай,  
Толғантар ойлар жеңеді.  
Ала шаңыт ақ бүркасын бөгесе,  
Бұлттардан қарап,  
Алатау белес береді.

Ұмтылсақ алға,  
Озғанға етпей іштарлық.  
Арттағыға із салсақ,  
Медет ұстарлық.  
Тіршіліктің тірегі осы деп қалам,  
Фаламат сезім — жақсылыққа құштарлық.



## ҚҰДА КЕЛДІ!

Құда келді!  
Ауылға құда келді!  
Есің неге шықты деп сұрама енді.  
Құдашаны көруге құштар едім,  
Жүргігіме жүргірмек ылаң енді.

Інілерім, қанекей, жүгіріндер,  
Құдағидың алдында бүгіліндер!  
Қозы көрген қасқырдай тесіреймей,  
Қоян ілер тұлкідей ұңліндер.

Құдаменен құдағи сынар елді,  
Білдірмейік той толас,  
Тынар жерді.  
Ән шырқайық,  
Ай, аспан жаңғырықсын,  
Биге шығар от жанар, бұран белді.

Құда келді!  
Келеді күй ақтарғым,  
Қандырайын құрышын құлақтардың.  
Жезқиік дүбіріне,  
Құлкісіне салайын бұлақтардың.

Аққу әні,  
Беу, құдаша!  
Бізге де құлақ салғын.  
Тостаган көз,  
Томпақ бет ұнап қалдың.  
Ақан сері, Біржан сал сияқтанып,  
Тап қасыңа келеді құлап қалғым.



Біздің елдің өні бар «Жамбас сипар»,  
Бір сипамай қоймайтын  
мен де қиқар.

Шырқағаным ұнаса шабыттанам,  
Өршелене шапқандай өрге тұлпар.

Құда келді, женеше!  
Құда келді!  
Ұмсындыр да қымсындыр қыран ерді.  
Өкшенемес,  
бексенмең басып бар да,  
Сақтағаның қайда еді?  
Шығар енді!

Құдаларды көрейік,  
Құтімді етіп.  
Шампанды қүй,  
Шапшытып, шүпілдетіп.  
Өктем сөйлеп өндірте алдырыңдар,  
Рөмкеңнің сыңғырын үкімді етіп.

Әзілмен жең,  
Жауап сөз таппайтындей.  
Тілінді алдыр,  
айтқаннан қайтпайтындей.  
Қинайын құдашаны,  
Қинай білмес құда, — деп  
айтпайтындей.

Мені жібер!  
Құдалардың қалмасын қызбаганы,  
Құдашаны әйтпесе қызғанады.  
Не де болса,  
Қуаныш құтты болсын!  
Ұлы тойдан ұлағат із қалады.



## АҚЫН СОЛ ФОЙ

Жұлдыз бейне нағыз ақын, нық кісі,  
Қасым еді-ау қазақтың бір мықтысы.  
Ол бар болса бүгінгі кей «Ірілер»,  
Жүрер ме еді иба сақтап кіп-кіші.

Қасым деген жанар таулы жалын да,  
Қасым деген сарқылмайтын дарын да.  
Өзге ақынға жүк түспейді екен ғой,  
Жер бетінде Қасымдардың барында.

Тағдыр неге қатал болдың ақынға?  
Ажал үйір келе ме әлде асылға?!  
Қазакта ақын көп дегенді айтып жүр,  
Қанша дейсің тен түсері Қасымға.

Ақын Қасым ел тілегін толғады,  
Батыр Қасым елді жаудан қорғады.  
Окініш бол естен шіркін кетпейді,  
Қызық өмір сонша қысқа болғаны.



## ТУФАН ЕЛГЕ ҰСЫНАМ

Көшкен бүлтты  
Мен өзімше түсінем,  
Ойымдағым табылады ішінен.  
Құндіз күнді құшақтап бір отырам,  
Тұнде айды терезеден түсірем.

Сүйсінемін  
Бақытты той думанға,  
Ат ойнатып жігіт қызды қуғанда.  
Қара жолдың екі жағы екі дай,  
Елең етем балуандар бел буғанда.

Бір күй үшін  
Астымдағы атымды ал,  
Әнші деген маған туыс, жақындар.  
Жәй отырып  
Арқам қызып кетеді,  
Шырқай салып айттықсанда ақындар.

Бір жасарам  
Гүл бүршігін жарғанда,  
Елжіреймін құстар әнге салғанда.  
Махаббат па, бұлбұл ма ол сайраған,  
Шомып кетем бір сағыныш арманға.

Мен ояумын  
Қала оттары сөнгенде,  
Мен ояумын,  
Мал танертең өргенде.  
Жер бетінде құдіреттей табынам,  
Қырға шыққан шахтерлерді көргенде.



---

Масаттанам  
Кездескенде достарым,  
Құтпес күнде думандата қостарын.  
Тәтті әңгіме  
Кең мәжіліс үстінде,  
Жасалады келер күнге жоспарым.

Ағаларға,  
Женгелерге еркемін,  
Жөнді ізіміе інілерді ертемін.  
Татулықты таза нәркес сақтаймын,  
Егескенге мен де бір морт келтемін.

Ұлым, қызыым  
Ерке асыр ойыны,  
Бейбішемнің ысаяқ тіл — «сойылы».  
Бәрі маған көрінеді кәдімгі,  
Мәуелі бақ піскен шие, мойыны.

Бел қайысар қындыққа төзе алам,  
Жұрт тіл тартпас шаршы топта сөз алам.  
Қуанғанның қуанышын бөлісіп,  
Жабыққаннның қам көнілін сезе алам.

Талай адам сырын шағып байқады,  
Өмірлерін, көңілдерін айтады.  
Қолда барды аяп қалған жерім жоқ,  
Кім алдыннан қабақ шытып қайтады.

Мен де талай қындыққа тоғысқан,  
Менің де өкем оралмаған соғыстан.  
Менің де анам ерте өткен өмірден,  
Маған-дағы жақсы жандар болысқан.

Соның бәрі толғайды да тербейді,  
Қуаныштар көп күттірмей келмейді.  
Қысқа күнде қырық сурал өмірім,  
Шешім табу оңай бола бермейді.



---

Біткен ісім аз болғанға қысылам,  
Бұлтты еңсеріп, күннің шығам тұсынан.  
Содан барып жүрегімде, жанымда,  
Не барымды туған елге ұсынам.



## ОҚЖЕТПЕС

Тау қайда Оқжетпестей керім-кербез,  
Өзге тау ондай нәзік сезім бермес.  
Тік қарап тілдесуге жасқандырған,  
Қызы қалпы өзгермейтін өзің тендес.

Бурабай тау етегін айналады,  
Екі көз тамашаға байланады.  
Оқжетпес суға қарап сыланғанда,  
Жан жетпес сені көрем айнадағы.

Жұмбақтас көрсөң естен жаңылатын,  
Не ғажап сиқыр күш бар табынатын.  
Қалғып түр үйқылы-ояу мен сияқты,  
Түсімде көріп сені сағынатын.

Көкшенің көз тоймайтын ғажабындай,  
Сексен көл сексен сұлу ажарындай.  
Оқжетпес — ортасында Қызы Жібектей,  
Орман, тау-думанды той базарындай.

Таулар көп әрбір жерге сүйеу-pana,  
Деп айтар біреу батыр, біреу дана.  
Памирлер, Гималайлар шұбап жатыр,  
Оқжетпес — жер бетінде біреу ғана!



## БҮЛТҚА ҮҚСАСПЫН

Бұлттан менін мінезім аумайды екен,  
Қабағымнан қарлы ызғар қаулайды  
екен.

Аяп кетіп өзімді аямасты,  
Түнерсем де,  
кей-кейде жаумай кетем.

Сәл жабықсам,  
Әп-сэтте ашыламын,  
Ой толқынын қуалай жасырамын.  
Күн сәулесін құлшынып ала келген,  
Ақ жаңбыр боп төгіле шашыламын.

Шашыламын,  
Досымнан аянбаймын,  
Ағыл-тегіл барымды баяндаймын.  
Іні болып үйренем кішілікті,  
Аға десең әр қашан саям дайын.

Жақсылыққа жанымды тән етемін,  
Айта қалар сол шығар дәнекерім.  
Бірақ, достым, ұмытпа, қастық етсең,  
Найзагайы бұлттың да бар екені.



## ҚҰС САЙРАН

Көлдің беті әсем әнге тұнады,  
Қаңқылдастып құстар сайран құрады.  
Екеу-екеу би билесіп масайрап,  
Жылжи алмай төс тақасып тұрады.

Сарғайтса да сағыныштың тәттісі-ай,  
Қуанышқа толып бара жатты сай.  
Күз қоштасып күнірентіп өтсе де,  
Жаз келгенде кездесудің сәттісі-ай.

Көз алдыманан құстар қалқып өтеді,  
Толқынданып көңілім көл бол кетеді.  
Шұбатылған ақ көйлектен аумайды,  
Су сипаған ақ қанаттың етегі.



## ТІЛЕК

Күн артынан құштарлана күн шығып,  
Өрге үмтүлар тынымы жоқ тіршілік.  
Тегін еткен уақытты ойлап тебіренем,  
Бос отырсам кетердей-ақ тұншығып.

Осындайда тұңғиықтан зіл шығып,  
Ойда жоқта кетеді еken тіл шығып.  
Маңдайыңның ыстық тері бүркө етер,  
Өз қолыңмен өз жүрегің шымшылып.

Емес қой ол  
Қара басқа мұңшылық,  
Ұлғайыпты балаларға сыншылық.  
Ұлым молдау жүріп қалса далада,  
Есігімнен мың кіремін,  
Мың шығып.

Соғыс жылдар...  
Балалығым кең сынып.  
Әке жоқта жаутаң өстік, қымсынып.  
Маған тиген жел құйынды көрмендер,  
Ұлым, қызыым, қос балауса гул-шыбық.



## ЖАС АҚҚУ

Қосқөлдің тау жағынан таң атады,  
Аққудың суда ойнайды балапаны.  
Қиылып қимас достай қарағанда,  
Дүрсілін жүргігімнің жаратады.

Сұлулар жер бетінде санаулысың,  
Жас аққу бәрінен де аяулысың.  
Бар ма еді сенің-дағы бойда дертің,  
Қанатың қайрылғандай қаяулысың.

Еркем-ай, соншама көп ойнаймысың,  
Сиқырлап сыландауды қоймаймысың.  
Көркіне кең дүниені кенелткенде,  
Өзіңнің тағдырыңды ойлаймысың?

Ақ ерке, су періште қиял ма едің?  
Көрмесем қиялымса сияр ма едің?  
Мен сені сағынумен өтемін ғой,  
Сен маған бір күнінді қияр ма едің?



## КӨКШЕТАУ

Көкшетау өнгө таңның тәүбесіндей,  
Қызығы құмартқан қыз өүресіндей.  
Көлдегі Оқжетпестің суреті, —  
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айнала жатқан екен,  
Жұмбақтас суға белден батқан екен.  
Ақбура шөлі қанып дөң асқанда,  
Қай сотқар көзі қиып атқан екен.

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,  
Сал бойын сандықтастар дестелейді.  
Сыры мол ел аралап аңыз болған,  
Қазағым еркелетіп Көкше дейді.

Алыстан көкпенбек боп мұнаралар,  
Көз тойып, көңіл өсіп құмар қанар.  
Жүректі бірде шымшып, бірде сипап,  
Тамсантып таңырқатып сылан қағар.

Қарағай қатпар тасты кесіп өскен,  
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.  
Ақ балтыр сау қайындар билегенде,  
Тал ойнап, қамыс басы желкілдескен.

Жан-жаққа бас айналып жаутаңдайсын,  
Атусті келсе-дағы қайта алмайсын.  
Әу десен өрман-тоғай жаңғырығып,  
Аузыңа келген сөзді айта алмайсын.

Аққу, қаз екеу-екеу ойнайды екен,  
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.



---

От құшақ қүйдірсе де шер тарқамай,  
Сақ қыран шүйілсе де қоймайды екен.

Көрген жан шошынғандай шегінеді,  
Екі аяқ екі аттауға ерінеді.  
Аспаннан күн сөулесін қуа келген,  
Ақ жаңбыр жалт-жұлт етіп себіледі.

Тас бұлақ таудан төмен сарқыраған,  
Еркелеп көлге құлап арқыраған.  
Мәп-мәлдір көкшіл таза су тұбінде,  
Құмқайрақ сары алтындай жарқыраған.

Екі көз шыр айналар тостағандай,  
Айтқаным көргенімнен аспағандай.  
Көгеріп көк белдеудей Есіл жатыр,  
Көкшетау өудем жерге тастағандай.

Тау сері сексен көлі етегінде,  
Жүргендей сексен сұлу жетегінде.  
Қалайша соның бәрін қияр екем,  
Соңыра көз жұмылып кетерімде.



## ЕСІЛГЕ

О, туған жер,  
Торғын тоғай Есілім,  
Өр толқының сәби күнгі бесігім.  
Сен жатпасаң өлеңіме бөленіп,  
Өзіме-өзім етпес едім кешірім.

Есілді айтсам,  
Жаңылғандай есімнен.  
Бала болам,  
Бір сұңгуге шешінген.  
Ой сандығын астаң-кестең ақтарсам,  
Өзен болам,  
Еркін толқып көсілген.

Есілім-ай!  
Сабырлысың, қызбайсың,  
Ата мекен ескі арнаңды бұзбайсың.  
Сарыарқаны төркініндей аралар,  
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсың.

Ақ қайыңдар  
Алқалаған Есілім,  
Жағалауға тал қалаған Есілім.  
Алтын арпа, ақ бидайдың өлкесі,  
Сенен алған миллиардтар есімін.

Тыңға тіккен ең алғашқы қостардың,  
Есілісің тоқсан үлтты достардың.  
Палаткалар тұрған жерде — қалалар!  
Жұлдыздары қонды жерге аспанның.

Көз алдыымда қиқу салған аққуың,  
Көз алдыымда шәлкес мінез шат күнім.



Ұрпақтарға ұштастырғым келеді,  
Қараторғай қалқуын, Үкілі Ыбырай «Гәккуін».

Мақым төсек қазотылы жас құрақ,  
Зәм-зәм еді-ау салқын саумал тас бұлақ.  
Құлшынушы ек Құлагерге мінгендей,  
Ағаш атқа жайдак мініп шапқылап.

О, туған жер!  
Торғын тоғай Есілім,  
Өзің аштың маған өмір есігін.  
Тоса білген майдандағы ардағын,  
Анам болған бір ардақты жесірің.

Біздер содан  
Есен қалған аманат,  
Естімедік олар жайлыш жаман ат.  
Ақ сүтпенен бойға сіңген арман бар,  
Болып өту өзің сүйген азамат.

Қайда жұрсем  
Есіл, сені сағынбай,  
Шыдар ма еді сезгіш жүрек жарылмай?  
Бір бөлшегін бүтін сақтап қойыпты,  
Қызылжардың құлан өтпес жарындай!

Қайда жұрсем,  
Көп ұзбеймін қарасын,  
Жыл мезгілде жылы сәлем аласың.  
Сағынышым құс жолындей жалғайды,  
Жалғыз тау мен Ұлытаудын арасын.

Қимас жанның қайталауға есімін,  
Жетпей де жүр кейбір кездे кесімім.  
Қарақат теріп жүргенімде жағанда,  
Қарақат көздің естіп едім шешімін.



## ЕЛЕСТЕУ

Жидек пісіп,  
Мойыл шие толғанда.  
Егін пісіп,  
Шөп шабылып болғанда.  
Не көрмейсің,  
Не түспейді есіне,  
Сырымбетте санаулы күн болғанда.

Жас қайыңдар назданып көз байлайды,  
Сандугаштар сағыныш ән арнайды.  
Бір ескі жол,  
Топырағында таныс із,  
Ирелендең елес көшін жалғайды.

Бұл екі аяқ,  
Қайда сонда бармайды.  
Шолып қайтам,  
Жақынды да шалғайды.  
Үндеместен,  
Қарсы алардай өлде кім,  
Сол ескі жол көз алдынан қалмайды.

Шаңқай түсте сөнген жұлдыз аққандай,  
Жалт қараймын,  
Анамды іздеп тапқандай.  
Иығына күйентесін іліп ап,  
Құдық жаққа кетіп бара жатқандай.



## САРҚЫЛЫП САҒЫНЫШЫМ ҚАЛМАС ПА ЕКЕН

Жүргегім

Жұзі қайтпас алмас па екен?

Жарқылы жыр жетелеп бармас па екен?

Құрметті бір қонағын әнімді айтып,

Әуреге ойда жоқта салмас па екен.

Білем, сен ішқұса боп өкінесін,

Сунып,

Жұрт көзінше бекінесің.

Тыңдай бер жүргіне жылды тисе,

Ем іздеп енді кімге өтінесің.

Аңсатпан көктен жүлдyz әперем деп,

Тамсантпан отырғандай Мекеден кеп.

Тебірентем,

Тебіренемін,

қимас күндер.

Біразын көз алдыңа әкелем деп.

Ол күндер

Ұмындырған арман күндер,

Ауылда артымызда қалған күндер.

Тұңғыш гүл —

Тұншықтырған дәру исі,

Көрген тұс, көктем сағым

жалған күндер.

Жүргегім

Жұзі қайтпас алмас па екен?

Жарқылы жанарыңмен жалғас па екен?

Өзендей көл шетіне жете алмаған,

Сарқылып сағынышым қалмас па екен?.



## МҰҚАШТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Қыз келетін боз тайларын жетектеп,  
Мен жетуші ем Есіл бойын етектеп.  
Құшақтатпай шыбын-шіркей болғанда,  
Ерке тайлақ үрке қашар секектеп.

Жалынсам да  
Жем берем деп оңтайлас.  
Жын қаққандай,  
Ойнақтатын боз тайлақ.  
Қыз кететін түйесінің соңынан,  
Суат жақта пері бардай ойбайлас.

Ес шығатын,  
Ағасынан сасқанда,  
Ұзын сирақ қолы қатты тастан да.  
Жас баланы дарға асу бардай-ақ,  
Қос құлақтан көтеретін аспанға.

Босатпайтын,  
Зығырданы қайтқанша,  
«Оллаһиды» он қайтара айтқанша.  
Сорлы құлақ  
Сіреметтей созылды,  
Бісмілләдан қыз ләzzәтін татқанша.

Жылдар өтті,  
Қосылыстық біздер де.  
Оқу бітті,  
Алып келдім қызды елге.  
Ақ ниетпен құттықтады ағасы,  
Амалы жоқ «оллаһиды» іздерге.



---

Әңгімені боз тайлақтан бастайды,  
Сөз шылбырын,  
Бізге сілтей тастайды.  
Қайны ағаға қарсы шығу қайда бар,  
Құлақ түгіл иықтағы бас қайғы.

Қарындасын ұрысқан болды:  
— Шырағым,  
Қалай жеткен озбырлыққа шыдамың.  
— Қарағым-ау, осы күнде істер ең,  
Баяғыда жұлып алсам құлағын.

Маған айтты:  
— О, күйеужан, ұнадың,  
Обал бопты,  
Бекер содыр сынадым.  
Жаратқанның жар болғаны әйтеуір,  
Тұп орнымен кетіп қалмай құлағын.



## СЕРІ КҮНДЕР, ҚАЙДАСЫҢ

Сағынышым жүрегінді жайласын,  
Сандуғаш боп көкірегінде сайрасын.  
Құрбылармен құлыш-тайдай тебіскең,  
Сайраны мол, сері күндер, қайдасың?

Зымырайды уақыт тыным ала алмай,  
Тебіренемін жан тыныштық таба алмай.  
Тербетеді, тілдеседі домбыра,  
Қайран жастық қайтып келер хабардай.

Жылдар жылжып бара жатыр әріге,  
Артта қалды кешегінің бәрі де.  
Маң бәйбіше жұбайларды қыздар деп,  
Өзімізді жұбатамыз әлі де.



## БІР ҚҰНІ БӘРІМІЗДІ САҒЫНДЫРАР

Қуаныш маған тегін берілмеген,  
Барымды жиып келем терімменен.  
Сәтті құн ғасырмен тең болады екен,  
Еге алсаң егісінді егілмеген.

Біреуді асау дейді, тентек дейді,  
Біреуді қыз мінезді ерек дейді.  
Әркімді өз орнына әділ қойып,  
Бәрібір уақыт әжем жетектейді.

Жаманды біржолата құлыптайды,  
Жақсыны ел әлпештеп ұмытпайды.  
Кеудесін кейбіреулер көтергенмен,  
Ақымақты ардағерге жуытпайды.

Тұған ел, бүгінгі салт-сәні жақсы,  
Қуанам-айналамның бәрі жақсы.  
Көрсетер шаңырақты шартарапқа,  
Сыrbайлар, Бауыржандар бары жақсы.

Келмейді өлең женіл ермегіме,  
Тебіренем айтар сөздің келгеніне.  
Не тынып, не тынбасын ойламадым,  
Қуанам сондарынан ергеніме.

Терең ой, меруерт сөз табындырар,  
Солардай болғай-ақ бір ағындылар.  
Жүргенде ортамызда ардақтайық,  
Бір құні бәрімізді сағындырар.



## РОМАНС

Оралмас күндер қалды артта,  
Сен едің биік қиялым.  
Сағыныш толы сағатта,  
Өлеңге бәрін құямын.

Қимастық, үміт, жұбаныш,  
Сияр ма женіл сөзге де.  
Қияда жұрсің тым алыс,  
Жар болып бүгін өзгеге.

Жанарыңдан нұр үшқын,  
Жүректе жатыр шықпастай.  
Түсінісер дұрыс күн,  
Табылмай кетті, үқпастай.

Айтылмаған сыр жетім,  
Көңілде қалар күйігі.  
Таптырмай кетті бір шешім,  
Арманның асқар біігі.

Аңсап бір алғаш көруге,  
Жырымды түңғыш арнаппын.  
Ақындық деген шеруге,  
Сол күні келген солдатпын.

Өзіңе де сездірмей,  
Өзіме ғана сарнаппын.  
Тұрмайды екен сөз жүрмей,  
Тұрлаулы етіп жалғаттым.

Сен жазықсыз арусың,  
Жанымнан жылу сезбеген.



---

Өлеңімнен танырысың,  
Құпия болса көздеген.

Жаралы жалғыз құралай,  
Сүймесінді сүйіпсің.  
Жүрген жоқ жігіт ұнамай,  
Сен одан көп-көп биіксің.



## ЖҮРЕГІМНІң ЖҮЙТКІП ӨТКЕН ЕЛІГІ

Жанарынан  
Жан сезімі төгілген.  
Маралым-ай,  
Маған дара көрінген.  
Қалқып өтші,  
Шалқып өтші тағы да.  
Сарыарқадай,  
Бұлан белді өрімнен.

Қоярмысын,  
Қиялды қозғамай.  
Қызығын мол,  
Көк сырғанақ жорғадай.  
Келбетінді,  
Жер бетінде көргенде.  
Жыр тегілер,  
Оқыс келген олжадай.

Бұлғақтаған,  
Бұлғын сезім ойнайды.  
Сырғақтаған,  
Сылқым кезін ойлайды.  
Ұзақ кеткен,  
Ұзап кеткен бейненді.  
Егде күндер,  
Ойламасқа қоймайды.

Балалықтың,  
Балғын туған серігі.  
Асқақтаған,  
Асау шақтың желігі.  
Қай қияда,  
Кетіп бара жатырсын,  
Жүрегімнің жүйткіп өткен елігі?



## ЖОЛ – ЖҮРЕКТІҢ ӘМІРІ

Беу, жарандар!  
Жол шақырса тартынба!  
Жол – тәуекел ата-баба салтында.  
Кейінгілер қайталарлық қызығып,  
Қандай бақыт!  
Ізің жатса артында.

Жол жақсылық  
Тіршілікті жалғайды,  
Жол келешек, ертеңгіні барлайды.  
Кешегісін тез ұмытар жандар бар,  
Жол шежіре, жай сызылып қалмайды.

Кірпік қақпай талай жаңа таңды ашып,  
Кейбір жолды мекен етті сан ғашық.  
Сол алғашқы  
Біз кездескен жолдағы,  
Жатқан жоқ па жүректерге жалғасып.

Отken құнгे өшпес белгі болардай,  
Кейбір жолдар қалды мәңгі жоғалмай.  
Өкініші ел өзегін өртепті,  
Осынау жолдан  
Сұңқарлары оралмай.

Кейбір жолдар ел шетінде жабығып,  
Құба белде жатыр үнсіз қамығып.  
Осы жолмен ұлым есен келер деп,  
Фазиз ана көп күтті ғой сағынып.

Кей адамдар жолға шықпай сөнеді,  
Жолға шықса, жолдас жолын бөгеді.  
Ондай жандар



От басында омығып,  
Өзін өзі тірісінде көмеді.

Сақ қырандар  
Жол қызығын көреді,  
Өлсе де олар биік құзда өледі.  
Арыстардың жарық жүлдyz бейнесін,  
Ел дәріптеп еске сақтап келеді.

Жолдар... Жолдар...  
Тіршіліктің тамыры,  
Жол — талабың, тағдырыңның тәнірі.  
Тоқсан бағыт таңдаулысын табарсың,  
Жол — махаббат,  
Жол — жүректің әмірі.



## МАЯКОВСКИЙ РЕКТОР БОЛЫП ҚЕЛГЕНДЕЙ

Академик Е. А. Букетовке

Ақындардың сыр бүгүі бекер-ау,  
Шынымды айтып,  
Шын еркелік етем-ау.  
Құрдасымдай көрінуші ең кей-кейде,  
Паспортында жасың ұлken екен-ау?!

Сені көрсем,  
Жүйрік болам.  
Білмесімді білгендей,  
Жабылыққа бір көнбей.  
Қуанамын інілігім сәтті бол,  
Ағалыққа жаттықтырып жүргендей.

Металлургсың, ғалым әрі ақынсың,  
Содан болар маған көп-көп жақынсың.  
Көкжиекте нардай тұлғаң көрініп,  
Қатарыңнан озып бара жатырсың.

Кең төсіне алтын лавр таққаның,  
Ел сенімін, әне, мықтал ақтадың.  
Қайтты сонда  
Конвертордан от шарпып,  
Тұтін жұтып, күкірт дәмін татқаның.

Құздай боймен,  
Қыздай міnez сақтадың,  
Маңызданып, мәнсіп кеуде қақпадың.  
Келіседі профессор болсан да,  
Галстукті ойқы-шойқы таққаның.



---

Ал, Ебеке!  
Жаным құштар жаныңа,  
Мен қызығам сенің еккен бағыңа.  
Селеніңнен өлеңінді қалдырмай,  
Теллур тендереп келдің кемел шағыңа.

Сені көрсем —  
Есенинді көргендей,  
Шалқып кетем, жүрегім жыр өргендей.  
Қуанамын — мына біздін КарГУ-ге,  
Маяковский ректор болып келгендей!



## КЕЗДЕСУДЕН КЕЙІНГІ ОЙ

Сен қалай топ ішінде күлім қақтың,  
Жүректің тыныш жатқан тілін таптың.  
Баяғы көктемдегі,  
Откендердегі,  
Қимастық, қапа, наздық зілін жаптың.

Махаббат сиқырлы бір шағы ма еді?  
Қинады күлкің қалай тағы мені?  
Ақ жаңбыр бүркіп өткен қарақаттай,  
Қос жанар неге жаутаң қағып еді?

Сырымды тірі жанға сезіндірмей,  
Неге әуре болғанымды өзім білмей.  
Есіме тұсті құндер елеңдеткен,  
Оралды тұндер өткен көзімді ілмей.

Жоқ менің екі қайта ұсынарым,  
Тілсіз тіл сезім отын ұшырамын.  
Беймәлім сәт жетелеп кездескен соң,  
Мен кімнің өсегінен қысыламын.

Жүруші ем,  
Сен мәңгілік жоғалғандай,  
Сергітті қүлкің дерттен оңалғандай.  
Отырды жігітің де сабыр таппай,  
Жүрегі сол қүлкіңмен  
тоналғандай.

Кездесу бәрімізді қинап кетті,  
Ой өрбіп, бойда сезім ширап кетті.  
Білмеймін сенің менен не алғанынды,  
Бір қүлкің мың қуаныш сыйласп кетті.



## ТЕҢІЗГЕ

*Бірінші өлең*

Па, шіркін! Шалқар көк теніз,  
Жатырсың тыным ала алмай.  
Толқыған атжал, көп-көп із,  
Сырма боран даламдай.

Анталаған бау-бақша,  
Қалқалаған шарбақтай.  
Сал самырсын тау жақта,  
Сапта тұрған солдаттай.

Сағымы селдір айдының,  
Сарыарқаның өріндей.  
Сескендірер айбының,  
Қайын атамның төріндей.

Оксігінді бассайшы,  
Ерке Толқын еміншек.  
Бет перденді ашсайшы,  
Су перизат, келіншек.

Тартамын-ау мың азап,  
Не мінім бар байқамай.  
Көз саласың сығалап,  
Сынай қалған қалқадай.

Үмтыласың сен неге,  
Жолаушыдан сақтанбай?  
Құлшынамын мен неге,  
Таңсығымды тапқандай?



### *Екінші өлең*

Таңертең теңіз тербелер,  
Қозғалтып біреу өткендей.  
Көкірек сонда тебіренер,  
Жүрекке сыры жеткендей.

Толқындар ақса жарысып,  
Теңіздің бетін сөккендей.  
Қаламын ләzzат алдысып,  
Озгені жаным сеп көрмей.

Кей толқын ұнсіз қалды ма,  
Жорыққа күш жигандай.  
Қарт Қырымның алдында,  
Сертке жанын қигандай.

Әрең келіп кей толқын,  
Біржолата шөккендей.  
Мәре көріп кей толқын,  
Масайрайды өктемдей.

Кей толқын соңғы шайқаста,  
Ел разы ерлік еткендей.  
Кей толқын алғаш айқаста,  
Хабарсыз болып кеткендей.

Толқындар көшсе сабылып,  
Су келбетін көркемдей.  
Мен өзінді сағынып,  
Тұра алмаймын өртенбей.

### *Үшінші өлең*

Арыстандай ақырып,  
Самғайды толқын алысқа:  
Корабльдей атылып,  
Сапар шеккен ғарышқа.



---

Туласа толқын теңізде,  
Дүлей тентек ойнақтап.  
Бұла-төл өскен егіздей,  
Шыдай алман бой сақтап.

Толқындар ыршып зулайды,  
Құрықтан қашқан жылқыдай.  
Шаужайласа шулайды,  
Бірін-бірі жүлқылай.

Бұкеттіле жөнкиді,  
Алдынан ытқып өтердей.  
Тақым тисе мөңкиді,  
Лақтырып тастап кетердей.

Жабысып, қалмай мен келем,  
Женбей қайтпас қиқардай.  
Жүйткісін деймін жел кемем,  
Жүйрікке жаным інкәрдай.

### *Төртіншиі өлең*

Тұрамын келіп кешқұрым,  
Жүректі толқын шалғандай.  
Тірлікте таппай еш тыным,  
Құлшынып өту армандай.

Теңіз жатыр жайрандалап,  
Шет шенбері көрінбей.  
Қайтатын аз күн сайрандалап,  
Сағынған достың төріндей.

Көрінсе лағыл ақжарқын,  
Көзге жылы көлендеп.  
Келеді суға тау жақын,  
Иіліп аспан төмендеп.



---

Момақан қалпы тамаша,  
Сыбырға құлақ түреді.  
Бірдеме сезген балаша,  
Қызара бөртіп құледі.

Хош, теңіз!  
Толқын көші де,  
Барамын қимай жағаңды.  
Жұрсем де шалқып төсінде,  
Сағынған екем даламды.  
Маған кешу етерсің,  
Қоштасарда қинасам.  
Жүрегімде кетерсің,  
Құшағыма сыймасан.



## АЛАКӨЛ

Шетінен жеті қабат ала белдің,  
Айдыны жарқырайды Алакөлдің.  
Ну қамыс су көмкерген сақинадай,  
Есіме қыз кірпігін сала бердің.

Көп отар жайлайында Алакөлдің,  
Шопан қызы, дидарынды шала көрдім.  
Жарқ етіп жанарынан жалғыз үшкын,  
Тіл қатпай көл шетінде қала бердің.

Алакөл маған көңіл бұрғандайсың,  
Желкілдеп қамыс-құрақ ырғалмайсың.  
Көремін тәтті түстің аясында,  
Ей, қалқа, өлі құтіп тұрғандайсың.



## ЭЛЕГИЯ

Көнілсіз құндерім бар,  
Көз ілмес түндерім бар.  
Оңаша кеңесетін,  
Бір сиқыр ұндерің бар.

Таусылмас сырларым бар,  
Сарқылмас жырларым бар.  
Өзіңмен еріп кеткен,  
Тамаша жылдарым бар.

Көзіме елестейтін,  
Кінәлі емес дейтін.  
Кейде бір кездерім бар,  
Кел жақын кеңес дейтін.

Кездессе айқын алаң,  
Шынымды айтып алам.  
Өзіңмен не жоғалттым?  
Бәрін де қайтып алам.



## ӨЗІҢНЕҢ АЛҒАНЫМ СОЛ

Мен сені шырт үйқыда сағынамын,  
Көңілім күй, жаным жыр боп арыламасын.  
Мұнайсаң маңдайыңдан иіскең қайтып,  
Қуансаң, көз алдыңдан табыламын.

Тұсімді өңім бе деп жаңыламын,  
Сол күні қанша жүктен арыламын.  
Шаттансан шақыра алмай әуре болып,  
Қиналсан жалғызырап жабығамын.

Ерте өткен аз күндерді көп етемін,  
Сол күндер ғажап еді — деп өтемін.  
Бір қатты қинағанда тұсінерсің,  
Өзге емес көз алдыңдан мен өтемін.

Көктемде жан теңгермей жақын еттің,  
Жаз келмей жалғыз оқпен атып өттің.  
Өзіңнен алғаным сол, бергенің сол,  
Сырымды жүртқа жаяр ақын еттің.



## ЖЫЛҚЫНЫҢ ДҮБІРІ

Сақшыдай бұлақтың басында,  
Бір бейіт түр мұлгіп.  
Көнерген құ жалғыз тасына,  
Қонады түн жым-жырт.

Жан емес ол қазақ атақты,  
Паш етер қылығын.  
Тек қана өлерде атапты,  
Ақырғы тұғырын.

«Салмандар тас мазар аулаққа,  
Артық жер атайын —  
Депті ол, — жылқы үйір бұлаққа,  
Басында жатайын.

Бір рет далама қарайын,  
Тастауға қимастай.  
Бір жұтым қымызға қанайын,  
Қайталап құймастай.

Бір рет тұлпарға мінейін,  
Ерттеулі қалсын деп.  
Бір рет аруды сүйейін,  
Шәрбәтім қансын деп.

Бір атым насыбай атайын,  
Бітерде ғұмырым.  
Сонан соң мәңгі естіп жатайын,  
Жылқының дүбірін».



\* \* \*

Қамыққанда күймен жүрек жамаймын,  
«Сарыарқада» жау жасқанар бар айбын.  
Құрманғазы бабамызды дауылпаз,  
Дауыл күйлер дарабозы санаймын.

«Саржайлауы» елдің мұңы толқыған,  
Оны тартсам сейіледі мол тұман.  
Ойлы күйлер ордасында Тәттімбет,  
Дәуір сырын жеткізуге ол туған.

Тәтті бабам көңіл күйін татқызды,  
Аңы күйді ел ұғатын сөт қызды.  
«Көкейкесті» мұң мен шері қазақтың,  
Кенесары өлген күні тартқызды.

Көңіл өсті жетіп бүгін азат күн,  
Күнде естиміз ғажаптарын ғажаптың.  
Ел белгісі «Сарыарқа» мен «Саржайлау»,  
«Көкейкесті» — Полонезі қазақтың.

2010.  
Астана



## АЛЫСТАП БАРАМЫН ЖАҒАДАН

Кең жалған әр күнін санаған,  
Көңілде қобалжу бар алаң.  
Тұған жер, көркінен көз жазып,  
Алыстап барамын жағадан.

Жаңары мың толқып қараған,  
Жан анам шықпайды санадан.  
Желкендей қияда шарықтап,  
Алыстап барамын жағадан.

Сыйласқан келгенше шамадан,  
Тату дос, қыл өтпес арадан.  
Достарым тетелес азайып,  
Алыстап барамын жағадан.

Шалғайды барлауға жараған,  
Көгілдір ту тікті бар алаң.  
Егемен еліме сөт тілеп,  
Алыстап барамын жағадан.

Шөберем жанарын қадаған,  
Тілегі туса еken қалаған.  
Қазақ боп өссе еken деп ойлап,  
Алыстап барамын жағадан.

Таңырқап үңілсе сан адам,  
Ауылым, кетейін садаған.  
Жұқарған қалпына күйзеліп,  
Алыстап барамын жағадан.

Асқандай көп төзім шамадан,  
Жасқандым жүректе жарадан.



---

Кәрілік қайратты азайтып,  
Алыстап барамын жағадан.

Қызғандай асау күй сағадан,  
Толғаныс күш берді жаңадан.  
Оралып келермін — дегім кеп,  
Алыстап барамын жағадан.

*11.12.2009.*



## ТӨРТ ДІҢГЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ

Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш — төрт діңгек,  
Төрт бағана ұлт тірегі деп білмек.  
Данааларын қазағымның сөз етсек,  
Сол төртеуін бүрын атау зор міндет.

Гетеменен үндес жатқан әр елде,  
Таңсық болсақ ойлы, нұрлы мәнерге.  
Заманында  
Сол төртеуі жеткізді,  
Қазақ атын өркені мол өлемге.

Төрт бағана жаңғырығы кең еді,  
Дүйім елді дүбірімен жебеді.  
Ардақтады олар Абылай аруағын,  
Ұран етті Едіге, Сырым, Кенені.

Ахмет, Мағжан, Ілияс, Сәкен секілді,  
Арыс тұлға алыптар бар не түрлі.  
Ораз, Тұrap, Әлібілер, Халелдер,  
Төртеуіне жалғас болып жетілді.

Тұған елге құтты күндер орнап тұр,  
Тебіренемін біршілікке толғап сыр.  
Алғысым мол Тәуелсіздік туына,  
Төрт діңгекті қошаметтеп қолдан тұр.

1998.



## ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ – ҚАНЫШТЫҢ ЖАН-ЖҮРЕГІ

Қанышы бар қызық, қой өмір деген,  
Қанаттанып күш алып көңілденем.  
Атын айтсам алыстан бой тастайды,  
Таңғажайып белестер көрінбекен.

Фибрат алдық заңғайыр данадан біз,  
Ұлытау, Баян жалғас деп санағанбыз.  
Қаныш десең — Жезқазған елестейді,  
Сол қаладан ер жетіп тарағанбыз.

«Жезкийтей» жанымның дәру әні,  
Ол — гүл, дала перзенті, ару әні.  
Мойыл қара көздері мөлтілдесе,  
Жүргегіме отты үшқын дарығаны.

Кенші күнім, кең құлаш отты күнім,  
Ең ғажайып Ұлытау тосты гүлін.  
Жезкийтің жезқанат желісіне,  
Қоскөл жақта аққу, қаз қостым үнін.

Қаныш — Қенғір, Қаныш — кен, Қаныш — қала,  
Естен кетпес жақында, алыста да.  
Жезқазғандық жігітпін! — деп қуанам,  
Қуат берген бойда ар, намысқа да.

Шығыс жақтан қызыл мыс таң кіреді,  
Бірге келер Сарыарқа нәрлі лебі:  
Сол секілді ешқашан ажырамас,  
Жезқазғаным — Қаныштың жан-жүрегі.



## КӨРГЕНДЕ ҚҰЛАГЕРДІҢ ЕСКЕРТКІШІН

*Құлагер, әкен — түлпар, шешен — сүңқар...  
Ақан сері*

Басында алты қанат аққан жолдың,  
Көкшеге Астанадан аққан жолдың.  
Бейнесін Құлагердің көз шалғанда,  
Құйғытып өзім бірге шапқан болдым.

Шырылдап бұлт төсінде дара толғай,  
Адамға зарын қосып «Қараторғай».  
Ақанның Құлагері мерт болғанда,  
Қызыққа қалып еді-ау, дала толмай!

Алты Алаш аңыз болған баласына,  
Адамның ем таратар жарасына.  
Құлагер дара шауып бара жатыр,  
Оралып сүйген байтақ даласына.

Құбылыс алтын мұра арнасындай,  
Жылқыда ерен жүйрік бар ма осындай?!  
Сүйсіндім «Қазақ елі» мұнарасы,  
Самғаған Сарыарқада жалғасындай.

Шыдатпас жал-құйрығы көз түсірмей,  
Кім қалар бұл ғажапты кең түсінбей?!  
Барады жер мен көктін арасында,  
Құлагер тәуелсіздік белгісіндей.

Асқақ өн, асыл жырдың акқан селі,  
Қазақтың асып туған ақтаңгері.  
Бір аунап түскен шығар мәңгі үйқыдан,  
Жан досы Құлагердің Ақан сері.



---

Заулаған ерке Есілдін жағасында,  
Қуанып құстай үшқан қарасынға.  
Кезіме Ілияс ағам елестеді,  
Көкше мен Жетісудын арасында.

Адалдық, зұлымдықты жеңді нұрын,  
Мендеңен дерпті басар келді күнім.  
Құттықтап Сұлтан атты мұсіншіні,  
Аталық ақ батамды бердім бүгін.

Көз салсақ баяғы өткен арыстарға,  
Тартады тұла бойда намысты алға.  
Шабысы Құлагердің шақырып тұр,  
Елімді талай озар жарыстарға.

Ел жаңа, жоқты іздеуге туды сай күн,  
Тағы бір беріштенген бітті қайғын.  
Құлагер ескерткіші ғажап екен,  
Қуанып бар қазақты құттықтаймын!

04.11.2009.



## КҮЙ ПАТШАСЫ НҮРГИСА

Сазгерлік әлемінің сөні де сен,  
Сарбазы, саңлағысың әрі көсем.  
Нұр-ага, жер бетінде есен жүрген,  
Тәттімбет, Құрманғазы бәрі де сен.

Әулие, Қорқыт-Ата ұранысың,  
Әлемге әйгі сиқыр тың ағысың.  
«Отырар сазы» болып жалын атқан,  
Бабалар жағып кеткен шырағысың.

Нұр-ага! Атаң түрік асылысың,  
Сазгерлік от-найзагай жасынысың.  
Абайдай өз заманын толғап өткен,  
Өн мен күй асау толқын ғасырысың.

Күн күліп, жан толқытқан таң самалы,  
Секілді естіген жан тамсанады.  
Нұргиса — деген сөзден күй төгіліп,  
Нұргиса — деген сөзден ән тамады.

06.09.1995.



## ДАНАЛЫҚ КӨКІРЕГІНДЕ ҰЯ САЛҒАН

*Ақселеу Сейдімбекке*

Ақселеу, жақсы көрген інім едің,  
Жайладың зиялыштар ірі легін.  
Әйгілі ғалым, ақын, сазгер, әнші,  
Құй тартсаң тарқатушы ең елдің шерін.

Не жазсаң жалт қаратты үнің көпті,  
Шындықты жайнатуға тілің жетті.  
Тарихқа «Дәурен-айды» шырқап кірсөң,  
«Күмбірі күмбездердің» тұғырлы етті.

Алқа топ тыңдаушы еді тына қалып,  
Дән разы қанды талай құмары анық.  
Даналық көкірегіне ұя салған,  
Аңқыды әр сөзіңден ғұламалық.

Болған жоқ жас дүлдүлдер аз жаңында,  
Жәнібек, Бекболатпен маздадың да.  
Ой салған өзіме де себің тиді,  
Тағдырын «Тәттімбеттің» жазғанымда.

Сейлесең күймен толғап далалықты,  
Шежіреге шеберлігің дара бітті.  
Ауызша тарихына қазағымның,  
Елде бар жиып бердің даналықты.

Ешкімге қабақ шытып шетінбедің,  
Бір сырлы, сансыз қырлы өтімді едің.  
Бүкіл ел «Ахан» десе, Алаш ұлы,  
Ардақты Ахмет-аға секілді едің.



---

Нар едің ортасында «пысық» көптің,  
Биікке өзге жетпес пісіп жеттің.  
Шіркін-ай, жұмбақ елім осы шығар,  
Бақиға жаяуламай ұшып кеттің.

11.09.2010.  
*Aстана*



## «ГЭККУ» МЕН «ГАУҢАРТАС»

Құлпыртса нәркес гүлді гүл,  
Тіпі жан қалай тамсанбас.  
Қос бүлбүл — Құләш, Бибігүл,  
«Гекку» мен асыл «Гауңартас».

Бір ғасырдың басы мен,  
Әнге ораған аяғын.  
Түрленткен екі асылмен,  
Асқақ ән өміrbаянын.

Тәтті өуен ашсақ түндігін,  
Жарқылын байқа ғажаптың.  
Құләш пен біздің Бибігүл —  
Қос жұлдызы қазақтың.

Ән жебесе әр ұлтты,  
Мән беріп дербес мәнерге.  
Қазақтың үнін танытты,  
Қос сандуғаш әлемге.

Ән-қүйсіз өтпес бір күнім,  
Шарықтар нұрлы, сырлысы.  
Бүгінгі Мақпал дүлдүлім,  
Қос жұлдыздың сіңлісі.

Еліме атқан арай тан,  
Шалқыса жебеп бірлігім.  
Туады әлі талай сан,  
Жас Құләш, сәби Бибігүл.

Тотылар сайрап әлі де,  
Жалғасар әсем ән кеші.  
Төгіліп тұrap бәріне,  
Қос жұлдыз жарқын сәулесі.



## ТӨЛЕГЕН МОМБЕКОВКЕ

Күйге құмар адамдардың жүргегін,  
Бір емес-ау, мың жарылқап жүр едің.  
Сен де аттандың бақи жаққа, жан аға,  
Тірі жүрген дүлдүлдердің бірі едің.

Жүрек жалғап ойлы, мұңлы көп үнгे,  
Өң беріп ең бүкіл байтақ өңірге.  
Бір жұлдызым ағып түсті аспаннан,  
Шертпе қоңыр күмбір тастап өмірге.

Өнерлі едің аңыз, дастан, қиялдай,  
Қалды-ау, шіркін, сал домбыраң бұралмай.  
Тәттімбеттің аңсап алтын түяғын,  
Тұрмын ыстық көздің жасын тия алмай.

02.03.1997.



## ФАРИЗАҒА

Жасарыпсың Фариза...  
Аумастай албырт кезіннен.  
Жырыңа жақұт жан риза,  
Жаралған мелдір сезімнен.

Шырылдаған шындықтың,  
Шырын бұзбай жыр еттің.  
Тіліңмен ойлы құлпырттың,  
Бергені сол қой құдіреттің.

Жасынды жеткен санасам,  
Жаздан артық құзбен тең.  
Тал бойына қарасам,  
Күнде сонар қызбен тең.

Емес-ау бәрі жәй тегін,  
Айтылmas сырды жыр тасыр.  
Жұтынса жүрек, әйтеуір,  
«Ағатайлап» құртасың.

Тәуба дейміз біз бұған,  
Қайтейін сөзді шұбалтып.  
Шарықтай бер қыз-қыран,  
Жырқұмар елді қуантып.

30.11.2009.  
Астана



## ЖЕЗҚАЗҒАНДЫ «ЖЕЗКИІК ЕЛІ» ДЕЙДІ

*Жақсыгелді Сейіловке*

Айналайын атыңнан Жақсыгелді,  
Тағдыр сені дос етіп жақсы берді.  
«Жезкиіктің» дубірі тасқындасты,  
Жыр маздатқан бойымда жас жігерді.

Жүргегіміз лупілдес үн шығарды,  
Сағынышқа тап солай тұншығар кім.  
Мәңгілікке жол салған осынау өнмен,  
Айды аспанға құлшынтып бір шығардың.

Жез қопарып, баптасып егісін де,  
«Жезкиік» жүр жүйткітіп ел ішінде.  
Жүгірткендей соңынан екеумізді,  
Жұмбақ жатыр сол киік желісінде.

Жез қанаттың сөз етсем ағының кең,  
Сағынып ем, тағдырға табынып ем.  
Жалын қостың жүректе жанған отқа,  
Қорқыт-Ата қоңыржай сарынымен.

Сөз бен өуен желісін келістірдің,  
Бір арнасы табылды егіз сырдың.  
Адам жанын толқытты ән төресі,  
Тұған елді кең жайлап өріс құрдың.

Шырқап, толғап, тебіреніп теңселемін,  
«Жезкиікке» өмірде көп сенемін.  
Қайда барсам алдынан қарсы алады,  
Жырлай, жырлай көп жылдар көксегенім.



---

Сені мейлі іздесін, мені мейлі,  
Тыңдаған жан қалайша ерімейді.  
Қызыл ішік киген қыз аңыз болған,  
Жезқазғанды «Жезқиік елі» дейді.

1986.



## БІР ТЫНДАСАМ МАҚПАЛДЫ

Сұлу саз ынтық құшағы,  
Жеткенде жүрек лаулайды.  
Мақпалдың әні — құс әні,  
Секілді жанды баурайды.

Домбыра қандай жетегі,  
Әр берген әнге жүр-жүрлеп.  
Көкіректі жайлап өтеді,  
Қоңыржай, сылқым күмбірлеп.

Сандуғаш дерсін сайраған,  
Әуенін әсем төкпелі,  
Басылар шерің қайнаған,  
Күндерге өткен өкпелі.

Үнінен іңкәр қанағат,  
Алады ынтық жан тыныс.  
Қай әнді айтса ғаламат,  
Мақпал ғой ұлы әншіміз.

Бал сезім нәзік қаулаған,  
Әркімнің сонда тілегі.  
Деп қаларсың баураған,  
Қыз Жібек құштар жүрегі.

Үмтылса мұнын артуға,  
Бұлттарды қозғар әр үні.  
Мақпалдың бар даусында,  
Мәдидің назды сарыны.

Шырқауы шыңға жетеді,  
Жайнатып отын жасынның.



---

Шыдатпай бастап кетеді,  
Өжеттігі Қасымның.

Күндағы құтты қас қағым,  
Басталар терең бұлғағы.  
Аптаған даусын Мақпалдың,  
Айқындық бар сезінде.

Шаттық пен шерін заманның,  
Бір әнге шебер топтаған.  
Ақан сері бабамның,  
Қызы ма Мақпал деп қалам.

«Бір ауыз сөзді» айтқанда,  
Жүрекке сеуіп жұбаныш.  
Көрінер биік тақтаң да,  
Бір мезеттік қуаныш.

Күйіп те лаулап жанарсың,  
Ыстық қан бойда жүгіріп.  
Кім болсаң да қаларсың,  
Бір өліп, бір тірліп.

Толқуы жүрек мол болып,  
Лұпілін әрең басарсың.  
Қуаттап, қызу қол соғып,  
Қошамет салтын жасарсың.

Тілегім дерсің ақталды,  
Өмірге өзге сән кіріп.  
Бір тыңдасаң Мақпалды,  
Ұмытпассың мәңгілік.

24.06.2005.



## ПИАНИНО СӨЙЛЕП КЕТТИ ҚАЗАҚША

*Гауһар Сұлтановага*

Күйсандықтың кереметі Гауһарды,  
Тыңдаған жан сиқырлы үнге тамсанды.  
Нұрғисаша  
Шалқып, толқып, тебіреніп,  
Әр дыбысқа қанат байлад жан салды.

Президенттік әйгілі өнер залында,  
Ұқсады әуен маздал жатқан жалынға.  
Сұлу саздың тың тасқынды тенізі,  
Құйқылжыды мың-мың тармақ сарында.

Әр шығарма дәл келтіріп ағынын,  
Сейілтеді сары белде сағымын.  
Сым саусақтар дәл басады, ән үнге,  
Қосақтайды өз бойында жан үнін.

Ойлы кейіпі күле қарап жайдары,  
Аққұба қызы күймен жігер қайрады.  
Еуропаны әкелгендей көшіріп,  
Шопен, Листің желісінен таймады.

Асау жүрек жанартаяуы қайнады,  
Сұлу саздың жарқыл қақты айдары.  
Чайковскийше аққуларды билетсе,  
Бипыл-типыл сыңғыр есті жайдары.

Моцарт, Вагнер Сарыарқаны жайлады,  
Мұқан ағам Қекшеге ат байлады.  
Дина апамыз ақ батасын бергендей,  
Гауһар атты жаңа жұлдыз жайнады.



Пианино шапағат шашты нұрлы үні,  
Толқып жатты әсем әуез гүл-гүлі.  
Тыңдаушылар «браво»-лап қол соғып,  
«Міне, — деді, — жаңа заман дүлдүлі».

Музыкаға мен де музғадым,  
Қуанышқа жалау тікті назды ағын.  
Аспанымда жарқын жүлдyz жайнай бер,  
Жалын күйге күйіп кете жаздадым.

Бұл не ғажап?  
Ақиқат па, сезім бе?  
Лаулап кеттім сол мезетте өзім де.  
«Айгөлекшіл» біздің ауыл қыздары,  
Күйге еріп билеп жүрді көзімде.

Орындалды-ау,  
Бір тамаша арманым,  
Мұқан назын, Гаунар, сәтті жалғадың.  
Жан баурадың Жәниядай жайқалып,  
Дара туған Сара апаңдай самғадың.

Музыкаға мен де музғадым,  
Үкілі үнгे жалау тікті назды ақын.  
Аспанымда жаңа жүлдyz жарқ етсе,  
Ата болып ақ батамды арнадым.



## КҮЙ-АТАНЫҢ БАСЫНДА

Бей, ағайын!  
Қаумаламай тұра тұр,  
Күй жүлқынсын басын көпке бұратын.  
Құрманғазы «Серперлетсін» тағы да,  
Даулы күнде дауылдатқан сұрапыл.

«Ақыл — жастан, асыл — тастан»,  
Күй — ойлыдан туады.  
Күйді оятты,  
Бұл жалғанның бүрқасыны, шуағы.  
Тығырықтап тіл буғанда замана,  
Күй кеменгөр кекірегіне тұнады.  
Күй — білікшіл ата-баба ұраны,  
Күй — жүректің сазды, назды шырағы.  
Күйші деген — көлге қонған құс емес,  
Ол — ақиық сайын дала қыраны.  
Ақындарға таңсық екен қашан да,  
Қырандардың тұрағы.

Құрманғазы — десен жүрек шыр алған,  
Өр қиялдан біздің арман құралған.  
Бей, Күй-Ата! Келдік бүгін басыңа,  
Шаттық кернеп,  
Шығайық деп құмардан.

Сөз данасы Абайымдай сергек тіл,  
Саз данасы болдың асау өрнекшіл.  
Қарт Қаспийден  
Аумайды екен мінезің,  
Күні-түні дамыл таппай деңбекшір.

Кемен де бар,  
Ат, арбадай қайығың,



---

Еділ, Жайық дабыл қосқан бай үнің.  
Қос дария толқындары қосылған,  
Күйге қандым тапқан шексіз жайылым,  
Мәнгі жимас айылын.

Кең тарапты терең қыртыс өрнегін,  
Атырау, Ақтау — ордасы күй көрменің.  
Ән салмайтын  
Пендесі жоқ Қекшедей,  
Күй тартпайтын сау жігітті кермедім.

Алатауды, Қаратауды білесін,  
Ұланғайыр рухани үлесін,  
Бірге жылап, елмен бірге құлесін.  
Сенің күйің жебеп, демеп құлышынты,  
Желтоқсаншыл батырлардың күресін.

Сен дегенде шығармайды,  
Тәттімбетті ел естен.  
Халқым сүйген,  
Дүлдүлсіндер тел өскен.  
Екі ішекке ақыл, ойды жиысып,  
Қандай ғажап төкпе, шертпе кеңескен.

Күйге құмар елде жас пен кәрі де,  
Бірлік туын алар күйден өлі де.  
«Сарыарқалап», «Саржайлаулап»  
Жетеміз,  
Қай заманда «Көкейкестен» әріге.

О, Күй-Ата! Заулат, құйғыт, бас күйге,  
Егемен ел қосар екпін жас қунде.  
Дауылпазсың қайнатқанда ыза-кек,  
Қара жардан  
Қарғып түсер Қаспийге.

1993.  
*Атырау*



## БОШАЙДЫҢ ҮШ ҚАРАСЫ

«Бұланқара», «Құланқара», «Желмая» —  
Үш қараға үшкын қосты кең дала.  
«Желмаясы» шапқын жорға, су жорға,  
Қос қарадан озар жонда жел ғана.

Үш бәйгеде үш қараның таласы,  
Дес бермейтін үш сәйгүлік дарасы.  
Құлагердің мұрагері атанды,  
Алтайдағы Башайдың үш қарасы.

«Бұланқара» аламан бәйге қырғыны,  
Қылышына шаң тигізбес күн нұры.  
Оза тартса жер мен кекті жалғайды,  
Құйындастқан қырдың қара түйғыны.

Артта қалса алғы топтың түйдегі,  
Кең кесілер қара жебе сүймені.  
Төрт тұяқтың дүбірінен естілер,  
Құрманғазы «Серперлеткен» күйлері.

«Құланқара» жас құландай желігіп,  
Топты көрсе дара кетер бөлініп.  
Атқан оқтай ағындаса жануар,  
Қылаң қағар Құлагердей керіліп.

«Желмаясы» тәкпе жорға тайпалған,  
Бипыл-типыл қара тұлқі жайқалған.  
Әр қимылы теріс қақпай секілді,  
«Кекейkestі» ырғағымен қайтарған.

Дана бапкер үш қараны зор қылған,  
Фашық болды үшеуіне той-думан.  
Бошекеннен сабақ алсын кей мырза,  
Бабын таппай шын жүйрікті қор қылған.

1996.



## ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУҒА

Ерен тұлға бабамыз Қожаберген,  
Ер екенсің уақыттан оза желген.  
Ел жаңарды, ақталды ақ сенімін,  
Болашаққа қолыңды соза берген.

Әңгіртаяқ ойнатсаң ойраттарға,  
— Ел бірлігін сақтауды ойланты Алла.  
«Елім-айдай» жасадың ән ұранын,  
Ақыр заман қатал жау орнатқанда.

Ақыл, батыр, білімге бай талабың,  
Әз-Төүке хан білдірді байқағанын.  
Әз Төүкенің әйгілі заманында,  
Жалтырраттың алдында жау табанын.

Тарих сырын кең ашсақ, асыл бабам,  
Жау қалмапты елімді басынбаған.  
«Елім-аймен» жеткіздің мұнға бөлеп,  
Қазағымның көл-көсір жасын маған.

Ақын бабам өзіме жақын адам,  
Ұстаздығың ешқашан басылмаған.  
Қаршадайдан тартуды да домбыра,  
«Елім-айдан» бастатты ақын ағам.

Ұстаз болып Бұқарға қарқындадың,  
«Жеті жарғы» ашыпсың жарқын мәнін.  
Бұрын өткен Шыңғыс хан жорығынан,  
Алаша ханын қазақтың айқындадың.

Кім сыйламас сендей зор ғұламаны,  
Терен жаздың «Алқақөл сұламаны».



---

Бүгін басқа күн туды: дербес елміз,  
Басқан ізің болардай жыр алаңы.

Біз куансақ ескерктіш қойып алып,  
Сені атадық тарихтан ойып алып.  
Шырт ұйқыдан, Қожеке, аунап түсші,  
Болып жатыр бір үлкен тойың анық.

03.06.2010.  
*Жамбыл ауданы*



## ОПЕРАНЫҢ ДҮЛДҮЛІ

*Еркегали Рахмадиевке*

75 жас құтты болсын Ерекем,  
Елдің тойы бұл межелі мерекен.  
«Абылай» атты операмен жеткенің,  
Құбылыс қой,  
Етек-женің кең екен.

Болды ғажап тұсауқесер күн себеп,  
Жадымда мол жар салуға мың дерек.  
Увертюраң нысананың дәл айтты,  
Ойың терен, сарың ерен, үн де ерек.

Сан сайысқа тосын ырғақ тапқаның,  
Дүрбелеңдер дүбірін нық сақтадың.  
Абылай құрған алтын ғасыр қазаққа,  
Өңін аштың күйлі ағынмен ақжалын.

Кең көсілді қырлы, сырлы, тақталы үн,  
Бұқар бабам әр өузін жаттадым  
Шарықтаттың жер шары аунап түскендей,  
Әбілмәнсүр Шарыштың басын шапқаның.

Жанғырып түр жонғар салған бар сүмдық,  
Құлпәш айтқан әннен алды жан сыйлық.  
Хан мінген ат алтын жалы жайнаса,  
Құлагердің атасы ғой «Шалқүйрық».

Опера ұнап,  
Үққаныма сенем де,  
Сүйінші сұрап, мақтан етем мен елге.  
Бей, Ерекем, заңғар шыңға шын жеттің,  
Қарқын қосып, ұлттық ұлы өнерге.



---

Асыл ұндер салса нұрлы өлеңге,  
Мезеттер-ай, күй тулаған денемде.  
Айтарым сол:  
Операсын қазақтың,  
Сен көтердің заманға тән беленгे.

Аспаныма жүлдыз болып байландың,  
Абылай қолдап, айқастарға сай жандың.  
Симфония атасы деп мақтаушы ем,  
Операның дүлдүліне айналдың.

Солай дейді  
Алатау, Алтай, кең дала.  
Бір мен емес, берер дәлдеу ел баға,  
Министр болған өзіндейлер баршылық,  
Бес опера жазған қазақ сен ғана.

05.05.2005.  
Астана



## ҚАРШЫҒА, ТАРТШЫ «АҚҚУДЫ»

Ағынға үнсіз бағындым,  
Сарынға ғашық табындым.  
Қаршыға, тартышы «Аққуды»,  
Нұрғисаны сағындым.

Сағындым шуақ құлкісін,  
Сағындым дана тұр, түсін.  
«Аққуды» тартышы, Қаршыға,  
Ұшыршы қайта нұр құсын.

Саңқылдағ аққу тамсантсын,  
Сылқымсып, сыңсып аңсатсын.  
Бебеулеп, желдет, балқытшы,  
Қалжыратсын, шаршатсын.

Сұңқылдасын, сусатсын,  
Ерітсін бойды бусантсын.  
Әлемде ғашық аққулар,  
Аңсаған әнін бір тартсын.

Келіп тұр қос ішек бабына,  
Шанақтан қағыт тағы да.  
Сүйгендей аппақ тамақтан,  
Оралтышы ғашық шағыма.

Таңдантсын, қос ішек үмсынтысын,  
Махаббат маусым үн шықсын.  
Қаршыға, тартышы «Аққуды»,  
Нұрғиса күйі құлшынтысын.

19.03.2001.



## АЙГҮЛДІҢ КҮЙ ТАРТҚАНЫ

Өлі оянып,  
Күш бітердей тіріге,  
Әу дегеннен тартты қос ішек іріге.  
Күйші қыздың  
Қос жанары жарқ етті,  
Баурап алды тасқын күйлер үніне.

Әр қарыстан,  
Құрманғазы қаулап түр  
Дина анасы ақ батасын арнап түр.  
Ойға салып, толғандыrsa Тәттімбет,  
«Аққулатты» Нұрғиса да жалғап сыр.

Әне, кетті қара шашы төгіліп,  
Аруақ қонды,  
Үн-құдірет өріліп.  
Күй сұрапыл нән толқыны  
Тасқындап,  
Кетті сахна қайсар сазға көміліп.

Бірде кетті «Айжан қыздай» албырап,  
Бұлкіл қақты «Сылқылдақ» та ән сұрап.  
Екі ішекті еңіретті бір кезде,  
Хас батырдай «Кісен ашқан» қансырап.

Құлақ түріп тындағандай бар ғалам,  
Тасқын сарын бұлттай тынды жаумаған.  
Күй де тынды,  
Айгүл әрең сау қалды,  
Оттан шыққан аққу құстан аумаған.



---

О, ағын күй! Көкірегімнен жүзіп өт,  
Тарта берсе тыңдар едім жүз рет.  
Мақтан етем ел дүлдүлі Айгүлді,  
Наримандай өз досымның қызы деп.

2002.



## ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Жар басында жанғандай қызыл жалын,  
Байқап қалдым Есілде қызық барын.  
Қызықтырған қыз бала еске түсті,  
Жарқ еткенде алдында Қызылжарым.

Қызыл талдың, қарашы, сыйылғанын,  
Қызыл желдің алмайын үзіп өнін.  
Мен келгенде құрбылар қарсы алар ма,  
Құпия сыр сақташы, Қызылжарым.

Қызыл ішік баяғы қызығарым,  
Қызарғандай елжіреп тізілді өнім.  
Қызыл шырай, аққұба қыз еді ғой,  
Мекенжайын айтсаңшы, Қызылжарым.

Сағыныштың жүректе ізі қалың,  
Байқайсың ба қам көнділ бұзыларын.  
Бота көзі мәлтілдеп, жаудыраған,  
Сол қалқатай қайда екен, Қызылжарым.

Сыр ақтарсам естелік үзім-қайым,  
Белгілі ғой жан құштар қызық жәйім.  
Көгілдірі аққұдың сияқты еді,  
Кездестіріп жіберші, Қызылжарым.



## ӘН МЕЗЕТІ

Үлкен театр,  
Үдере шықты күй бүгін.  
«Сарыарқа» дүбір,  
«Саржайлау» құрды билігін.  
Электр емес,  
Ереуіл күйден тұтанды.  
Шырағдан шамдар,  
Құлпыртқан күмбез түндігін.

Домбыра сөйлеп,  
Заулады күмбір құймалы.  
Айлы тұн, ақ үй,  
Елестеп ауыл қинады.  
Қызы Жібектей,  
Төлеген келіп құлпырған.  
Жарқ етті әне,  
Әнші қызы аппак дидары.

Тостаған көзде,  
Толқыған сезім меп-мөлдір.  
Әуені қандай!  
Ауаны тербел өткен бір.  
Алтын мен жақұт,  
Тұтылып қалды жарқылы.  
Жасқандырып,  
Әнші қызы жүзі сепкен нұр.

Тыңдаңыз! Тыңда!  
Сайрағыш үнін қазақтың,  
Тыңдаңыз! Тыңда!  
Көмейде барын ғажаптың.  
Жан-тәнімен Семейден сәлем жеткізер,  
Астына байлап бозша торғай қанаттың.



---

Қандырады айызынды,  
Дыбыстың сыршыл татымы.  
Көрінер көктен,  
Жұлдыздың үншіл жарқылы.  
Тік шырқайды,  
Жеткенше сонау заңғарға.  
Заңғарға жетер,  
Әсем той әннің тартымы.

Қанатты дауыс,  
Кетті тым алыс,  
Шырқауы шексіз мөлшерсіз.  
Сезімнің селін,  
Құштарлық лебін,  
Лаззатты немен өлшерсіз?!

Сандуғаш ырғак,  
Сыңғыры сылқым, сырғақты,  
Талмаураған созылмалы өлшемсіз.  
Шіркін-ай! — деймін,  
Не болар еді тіршілік,  
Осындай ғажап көркемсіз.

Үзімтал әуен,  
Талықсып, толқып жеткендей.  
Естілді дыбыс,  
Фашықты ғашық өпкендей.  
Өпкендей емес,  
Көп күндер көрмей табысқан,  
Қос тоты құяға құлап кеткендей.

Қас қағымда,  
Сағыныш сазы нөсерлеп.  
«Беу... беу», — десе,  
Махаббат мұнды өтелмек.  
Райхан маусым, рахат ғұмыр орнады,  
«Сәулем-ай!» — деп,  
Қайыра шырқап кетермек.



Қалмады сабыр,  
Үдеді толқын жүректе,  
Сай келді-ай, шіркін, шырқаған әні тілекке.  
Қанатын жайды «Гауһартасы» қазактың,  
Оркестр. Өнші,  
Бәрі де келді ретке.

Білмегенге,  
Алмағайып аты аңыз,  
Бір сілкінді Сегіз Сері атамыз.  
Бағы жанды «Гауһартастың» қайтадан,  
О, аруақ! Қабыл болды батаңыз.

Қала ма, шіркін,  
Ұрпаққа ұрпақ ұласпай.  
Самғады сарын,  
Алысқа кеткен құлаштай.  
Бебеулетті-ау,  
Ажары жайнап өнші қызы,  
Баяғыда «Гәккуді» айтқан Құләштай.

Қонақтар төрде,  
Ығай мен сығай — бәрі бар.  
Ізетті қауым,  
Санасты жүйрік өн үғар.  
Түсінген жанға,  
Басталды бүгін бір дәуір,  
Қазағым үшін тарихта тарлан мәні бар.

Аңғарсаң ғой,  
Ашылғанын тыныстың.  
Болжасаң ғой,  
Біткенін үлкен бір істің.  
Не болды — десен,  
Соншама мақтап бір қызды.  
Жаңадан жанған,  
Жұлдызы туды Шығыстың.



---

Шәу-пәлі! — деймін,  
Отырған көптен сескенбей,  
Ән құлпырды гүлі мол шыққан көктемдей.  
Қол соқты қауым,  
Асфальтті түяқ пергілеп,  
Жидебайда дүркіреп жылқы өткендей.

Жерден де жауды,  
Тұрленді сахна, —  
Жауды ғой сонда көктен гүл,  
Қызыл да жасыл көктеңбіл.  
Ой-хой! Дүние-ай!  
Құләштан кейін төбеміз көкке жеткен бір.

Осы ғой үлкен салтанат,  
Қошеметке жасады зал жомарттық,  
Қайта-қайта әншіні бермен оралттық.  
«Есінен танды» дейтіндері осы еken,  
Жүргегі өзге сезім мен ойды жоғалттық.

Аңқыды раушан,  
Құшақтап мың-мың гүлді гүл.  
Қасиетті түрде,  
Орнатты Мәскеу гүл ғұмыр.

Жанарынан жарқ етті де бір тамшы,  
Құлпырып тұрды ажары жайнап Бибігүл.

1980.



## АЛМАТЫДА СӘБИТТИҢ ЕСКЕРТКІШІ

Алматыда,  
Мұқанов көшесінде  
Төле бимен тоғысар төтесінде.  
Сұлу мұсін жүзінде жұлдыз жанған,  
Жарқыраптүр,  
Бір көрмей өтесің бе?

Ақ жабудын сәлдесі ашылғанда,  
Құрды халық салтанат асыл жанға.  
Сәбит аға бейнесі қолаланды,  
Сәлем алып барадай ғасырларға.

Бейнелепті дәлме-дәл шын арысты,  
Барша қауым қол соғып құп алышты.  
Ташкент, Бішкек, мәскеулік қонақтар да,  
Қазақтармен бөлісті қуанышты.

Күй төгілтті оркестр құдіретті,  
Алатаудан Есілге дүбір жетті.  
Тірі Сәбен құргандай кез алдыңда,  
Қайталанбас бір мезет ғұмыр өтті.

Табиғатпен келбеті ұласқаны,  
Ұлылықтың нұсқасын раастады.  
Көрініп түр  
Кез тастап баршамызға,  
Аңқалаңдап бір қызық сыр ашқаны.

Қызығылт мұсін не деген сүйікті еді,  
Осы екен ғой Сәбенді тірілткені.  
Асыл досы Алматы жайнай түсті,  
Бұрынғыдан Алатау биіктеді.



---

Сан зиялды сәйлекен назарға алды,  
Шағын алаң кең құлаш базарланды.  
Мәриям апай жанары бір жарқ етіп,  
Сәбенді алғаш көргендей ажарланды.

Құлім қаққан мүсінге меңзеп кепті,  
Қарай қалған дүйім жұрт мезет те өтті.  
Сыры терең,  
Әр сөзін салмақты етіп,  
Алтай атты баласы сөйлеп кетті.

Алғыс айтты  
Жиналған адамдарға,  
Елбасына бастаған заманды алға.  
«Ұлылығы әкемнің өшпес, деді,  
Елім барда, төуелсіз панам барда».

Орнатылды ғаламат айқын белгі,  
Сәбең елді, Сәбенді халқым көрді.  
«Жұмбақ жалау» деп еді-ау ол кітабын,  
Сол еңбегін дәл бүгін айтқым келді.

Ұлылыққа аптықпай жеткен кісі,  
Роман оқытып қазаққа кеткен ісі.  
Паш етіп тұр,  
Сонын бәрін айғақтап,  
Алматыда Сәбиттің ескерткіші.

2000.  
Алматы



## ОҢБАЙДЫ АҚЫНДЫ АТҚАНДАР

Оңбайды ақынды сатқандар!  
Қыранға оқ жұмсау қатерлі,  
Жұмсаған... шын сүмдік өкелді.  
Қай мәңгүрт қиды екен ажалға,  
Адамзат сұңқары Сәкенді?!  
Аз емес дауылпаз тартқан зар,  
Тар кезең, кек тайғақ шатқалдар.  
Аққуды атқандар сияқты,  
Оңбайды ақынды атқандар,

Сүм тағдыр сүқ көзі қадалды,  
Тағы бір ер қазақ қамалды.  
Қай сатқын атты Мағжандай,  
Жондағы жолбарыс-адамды?!  
Ел үшін, жер үшін сақтаңдар,  
Ақынға жаман ат тақпаңдар.  
Тұраның, ұраның сол еді,  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Қарақышы қалт етпес сақ па екен,  
Қамығып қалды ғой шат мекен.  
Қазақтың Құлагер ақыны,  
Ілиясты қай сотқар атты екен?!  
Мерт болды тым оза шапқандар,  
Тез сөнді шамшырақ жаққандар.  
Тұлпарды соққыға жыққандай,  
Оңбайды ақынды атқандар.  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Ақтарсам көкіректе бар дерпті,  
Дербестік дабылы дәл жетті.  
Көгілдір туымнан көріндер,



---

Міржақып, Жұсіпбек, Ахметті.  
Ауылдың иті боп қапқандар,  
Сендерден тарқады тартқан зар.  
Дүлдүлге өшіккен дүлейдей,  
Оңбайды ақынды атқандар.  
Оңбайды ақынды сатқандар!

1994.

*Жезқазған*



## МАҒЖАННЫҢ БІР ӨЛЕҢІ

Үлкен өлең, көңіл толар көлемі,  
Мағжан аға «Сағындым» атты өлеңі.  
Абақтыда Алла сыйыр еткендей,  
Бой тастапты бостандықтың өлеңі.

Межешамдай түнде төккен жарықты,  
Алға тартты ақылды жеткен анықты:  
«Мен өлсем де Алаш елмес, көркейер!»  
— Деп сақ қыран сендіріпті халықты.

Көкірек жарған түсінгенім ғажапты:  
Сын сағатта шындарап жатыр қазақты.  
«Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!»  
Деп кешіпті жан түршігер азапты.

Дауылпаздың дана сөзін ірі аңыз,  
Естіп жатты Қаратаулар, құба дүз.  
Көріпкелдік, әулиелік болжамын,  
Өлеңдегі өз сөзінен тындаңыз:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын!»

Осы емес пе, әулиелік, даналық,  
Тура келді, Мағжан сөзі бәрі анық.  
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,  
Өз қырсығы сүр жебедей қадалып.



---

Көріпкел ғой ақын сөзі өрелі,  
«Пайғамбармын!» — дегені де сол еді.  
Фасыр сырын ашып кетті данышпан,  
Бір романнан артық қой бұл өлеңі.

16.05.2008.



## СӘКЕН АҒА

Сұңқар шабыт аққу әнін жалғаған,  
Сендей асқақ, Сәкен аға, бар ма адам?!

Кер заманның бас құрбаны болмасан,  
Білер еді-ау есімінді бар ғалам.

Аңсағандай ақыз-арман асылын,  
Қандай ару демес сені ғашығым?!

Жігіттіктің патшасы едің сал-сері,  
Ақындықтың бастадың бір ғасырын.

Өлең сөздің гауһар тастай дарасы,  
Сенсіз қазақ толмас өнер сабасы.

Саған мәңгі алғыс айттар сексен көл,  
Көкшетаудың орман, тоғай, даласы.

Өрде киік өтсе сені еске алар,  
Көлде аққу қымай қарап көз салар.

Ғашық әнің тау жаңғыртып, ел кезіп,  
Жүрді сенен болмағанда еш хабар.

Самғай берші, ақын аға, самғашы,  
Сарқылмайды асыл өнер арнасы.

«Жезкийігім» өз күйігін баса алмай,  
«Тау ішінен» шыққан әннің жалғасы.

1994.



## МАХАМБЕТТИҢ ӘСЕРІ

Қазақтың қайсар ақын, ерен ері,  
Толтырды Мағжан кекке кенерені.  
Атойлап Тұран үшін ұран жайса,  
Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Шындықтың сыры аз емес желігі жок,  
Өтті ғой Сегіз сері серігі бол.  
Исатай, Махамбеттен алған сабак,  
Қалды артта өн мен жырдың өрімі бол.

Бауыржан, жау тойтарған Рақымжандар,  
Махамбет үшқыны бар батыл жандар.  
Рухы асыл дана ерте қонған,  
Бәрі де асау тұлға, ақын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,  
Жайықтан естілгендей қыстың күні.  
Қайсарлық берді ақын Қасымға да,  
Махамбет жебесінің ыскырығы.

Жаз өтіп, жетсем-дағы кәрі күзге,  
Құштармын атой салғыш анық ізге.  
Әсері Махамбеттің ұлан-ғайыр,  
Елім деп тыным таппас бәрімізге.

06.03.2003.  
Астана



## СЕГІЗ СЕРІ КЕМЕНГЕР

Үстаздарым Сегіз сері, Нияз сері.  
Біржан сал

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,  
Сегіз сері асқан талант, ерен ер.  
Үстазым деп ардақтаса Біржан сал,  
Сол емес пе озық туған кеменгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,  
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.  
Баһрам ұлы ол Мұхамед-Қанафия,  
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара, асқақ-ты,  
Оны жастай үлтжандылық басқартты.  
«Тентек қазақ ереуілін бұз», — деген  
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,  
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.  
Исатай мен Махамбетке септесіп,  
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,  
Дертке дауа тапқандай тез оңалды.  
Төтеп беріп Хиуа, Қоқан, ойратқа,  
Қыын құнде қол бастаушы бола алды.

Бекер ғана Мақпал қызыға тамсанбас,  
Фажап сол ғой сүймегенін қарсы алmas.  
Мерт болды қыз ойраттардың оғынан,  
Сонда туды ән төресі — «Гаунартас».



---

Отар күнгө десек-тағы обалы,  
Ел мұрасын жинап алған жоқ әлі.  
Сегіз сері — батыр ақын, шын дарын,  
Ол қайраткер серіліктен де жоғары.

14.04.2005.



## АБЫЛАЙ ХАННЫҢ «АҚ ҮЙІ»

«Абылай ханның «Ақ үйі»,  
— Тарихтың тарлан белесі.  
Айтылып жүрді тым жиі,  
Сағынтып елді тәбесі.

Жырына қосты бұл үйді,  
Үкілі Ыбырай бабамыз.  
Содан соң бізге мұң үйді,  
Болғандай көпке бәрі аңыз.

«Гәккүшіл» ақын атылды,  
«Ақ үй» де өшті кешікпей.  
Күрсінні алыс-жақынды,  
Құтімсіз қалған мешіттей.

Кенестің ісі жандайшап,  
Кесірін кімдер айта алды?  
Санаменен сарғайсақ,  
Дербестік бәрін қайтарды.

Елбасына мың алыс,  
Киелі төрді жаңартқан.  
Тұғандай қайта құмар құс,  
Тамсантып елді қаратқан.

Толқыды бітік егін де,  
Ақ қайың шексіз орманы.  
Шалқыды дала шебінде,  
Орнатқан Абылай қорғаны.

Зер салсақ, достар, осында,  
Тарихқа терең зерттеткіш.



---

Орнады «Ақ үй» қасында,  
Абылайға жаңа ескерткіш.

Жадына қанша наз түйді,  
Шеқара шебі алыстан.  
Алатау, Алтай, Каспийді,  
Көрсетіп тұр данышпан.

Дегендей болды «Ә, Құдай,  
Дүшпанға ызғар, сес берем».  
Сиынды-ау сонда әз Абылай,  
Түркістанға, Қекшемен.

Абылай ханның мұсіні,  
Президент қостап жетілді.  
Тебірентер көрген кісіні,  
«Мыс салт атты» секілді.

Сілкінді «Ақ үй» белгі бол,  
Абылайдай асыл еріме.  
Сүқтанып қарau енді жоқ,  
Телегей-теніз жеріме.

Қуаныш шексіз халқымда,  
Жыр төксем, айтар ән дайын.  
Жарқылда жаңа қарқында,  
Жайнасын, «Ақ үй», маңдайын.

Ұмытпас талай ғасырлар,  
Үрпаққа үлгі — ғұмырын.  
Құтты болсын, Қызылжар,  
Бүгінгі шалқар дүбірін!



## ЕСІЛІМ

Беу, туған жер!  
Торғын тоғай Есілім,  
Өр толқының — бала күнгі бесігім.  
Ел ордасын құшақтаған құтты өзен,  
Бар қазаққа ортақ асыл есімін.  
Ақ қайыңдар алқалаған Есілім,  
Жағалауда тал қалаған Есілім.  
Аққу-қазы «гәккулеткен» құтты өлке,  
Сал-серілері «қалқалаған» Есілім.

Күміс күлкің сылқыл қақса қызбайсын,  
Атамекен ескі арнаңды бұзбайсын.  
Сарыарқаны төркініңдей сайрандап,  
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсын.  
Сегіз сері сайран құрған Есілім,  
Мағжан аға майдан құрған Есілім.  
Ақан сері, Үкілі Ыбырай ән шырқап,  
Ата-бабам жайлайу қылған Есілім.

Есілді айтсам жаңылғандай есімнен,  
Бала болам бір сұнгуге шешінген.  
Көк толқын мен құба талдың сыңғыры,  
Естен кетпес ән төгілтіп көсліген.  
Әлемге аян ұлылығын, Есілім,  
Жан анамдай жылылығың, Есілім.  
Аққұба қыз ақ қайыңдан аумаған,  
Сен таныттың сұлулығын, Есілім.



## КҮЙ ТАРТАМЫН...

Күй тартамын таңертең,  
Тыңдай қалшы, жан еркем!  
Толқып-толқып құшағына қайтамын.  
Күй тартамын інірде,  
Күйді жаным бүгін де,  
Көргенімді саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,  
Жанған оттың ішінде,  
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.  
Күй тартамын кештетіп,  
Күйді көкірек ес кетіп,  
Қайда ғана бара жатыр сүм жалған?

Күй тартамын оңаша,  
Қалың тұман ораса,  
Ауылдардың абайладым тозғаның.  
Күй тартамын өрімтал,  
Күйді жүрек сезімтал,  
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Күй тартамын ертемен,  
Тарқамады шер-шемен  
Қырда көрдім құлқыны тар түлкіні.  
Күй тартамын қанша күн,  
Тарта-тарта шаршадым,  
Қоңыр күмбір бұзып кетті үйқыны.



## СӘБЕНДЕР — ШЫНДЫҚ ҚҰРБАНЫ

Қайғысын кімнің шақтаймын,  
Қатты айтып кімді жүдете?  
«Сақтансаң ғана сақтаймын»,  
— Депті ғой бізге «Құдекең».

Жол таба алмай бірлікке,  
Жоғалтқандар асылын.  
Жабығар қалған тірлікте,  
Жегі жеп іштен жасырын.

Кейде ақын ойлы данадай,  
Тағдырға тәубе қылады.  
Ол кейде жетім баладай,  
Жарыла жаздал тынады.

Сондайға қатты қүйінсек,  
Дүние — дүрмек жүдектен.  
Жүрекке батқан түйіншек,  
Кетпей ме бірге сүйекпен.

Сүйекпен бірге кетеді,  
Демеске қанша хақым бар?  
Жасырмай бірақ өтеді,  
Шындықты асқақ ақындар.

Сәбит десем есіме,  
Қызық-ау бір сәт келгені:  
Пленумда ашық көсіле,  
«Обещалкиндерді» сынап бергені.

Тоғытар ойды тас өткел,  
Десендер қайда жыр мәні.  
Патшаның мінін паш еткен,  
Сәбендер — шындық құрбаны.



## СЫРБАЙФА

Досым деп мені,  
Бөліпсің көңіл, жан аға.  
Жайнады жаным,  
Сондай бір жылы бағаға.  
Толқып та кеттім,  
Жарап-ау дәп шықсам.  
Ақтай алсам,  
Айтқаның келіп шамаға.

Өлең бір кейде,  
Төгіле кетсе құйылып.  
Мен отырам,  
Қалам тартпай бұйығып.  
Ойланып қалам,  
Дұрыстап жаз деп желкемде.  
Сен түрғандай,  
Абайла деп түйіліп.

Мен достыққа қарсы емеспін,  
Жан аға!  
Әнтек бір бассам,  
Көңіліме де қарама.  
Тек қана шіркін,  
Халқымыз сүйер, сүйсінер.  
Қарлығаш жырлар,  
Қалықтай берсін арада.

1970.



## МАҒЖАН — АҚЫНДЫҚТЫҢ АБЫЛАЙЫ

Абайды ақындықтың күні десем,  
Ай керек жарқыратар түнін кешем.  
Қазағым, соның бәрін ойлар ма едін,  
Төуелсіз ел бол қайта тірілмесен?!

Фарышқа жетер еді оқ алмаса,  
Қиянат атын ерте доғармаса.  
«Абайдан кейінгім» деп Мұхтар айтты,  
Сүм тағдыр жөнге көшті, көп алдаса.

Ұмытпас Наурызбай мен Қенекемді,  
Көтерген асыл дастан берекемді.  
Ақындық төрінде тұр «Батыр Баян»,  
Төресі өлең сөздін ере келді.

Ақындық өлемінің нағыз айы,  
Ақжолтай сиқыр сөздің Ағыбайы.  
Тұранды ұран еткен Қыран қазақ,  
Мағжан — ақындықтың Абылайы.



## АҚЫНДЫҚ ШЫҚТЫҢ БИК БЕЛЕСІНЕ

*Фалым Жайлышбайға*

Елу жас құтты болсын, Фалым інім,  
Естілді шартарарапқа ағынды үнін.  
Сағынып Қарағанды қалған екен,  
Басталған құшағында жалынды үнің.

Сен кеше ауыл ұлы Фалым едің,  
Кең жайлау қызығына қанып едің.  
Алатая арайында жүргеніңде,  
Сағынып қалған екен қалын елің.

Қошемет, сый-құрметтен аянбады,  
Алдыңда ұлғайды гүл-маяндағы.  
Сұлулар сыр жасырмай беттен сүйіп,  
Көзімен сағынышын баяндады.

Інілер, мақтан етті ағалар да,  
Жырға орап жарқыл қақты балалар да.  
Көркейтті той-думанды әнші Қайрат,  
Ақынға одан артық баға бар ма?

Жыр құйдың орап асыл тілектерге,  
Нұр құйдың аңсап күткен жүректерге.  
Өзіне деген адал ықыласпен,  
Ән-қүйлі салтанатын үдettі ел де.

Елу жас — жастық шақпен қоштасқаның,  
Керуенің кемел жүкпен көш бастадың.  
Қылт еткен қызарғанға қызығушы ең,  
Гарышқа жүлдизы көп көшті аспаның.



---

Ақындың шықтың биік белесіне,  
Ағалық сәт тілеймін келесіге.  
Жырынды талай елдер ардақтаса,  
Қарышта адамзаттың өресіне!

Ақынсың арманы зор санасында,  
Бой берме оза тартқан қарасынға.  
Заулатып Құлагердей құлшынып қал,  
Жеткенше арман еткен дара шыңға.

03.10.2008.

Астана



---

## АҚ ҚАЙЫНДАР АРАСЫНДА АУЫЛЫМ

*Бірінші өлең*

Жасыл жайлау, Сарыарқа төсін кернеп,  
Аппақ орман өшекей көсліді өрнек.  
Ақ маралдар тізбегі секілденіп,  
Ақ қайындар барады Есілді өрлеп.

Жан толқытқан  
Ақ қиял, сылқым елес,  
Таусылар ма шертсе де мың құн кеңес?!

Ақ қайындар ішінде туған адам,  
Жүргегі аппақ болмауы мүмкін емес.

Осы араға келіппіз адам болып,  
Мекен құрды аймақты бабам қорып.  
Жасыл қамзол, ақ көйлек  
Мама қайың,  
Елестейді көзіме анам болып.

Талай тарлан осы өңір туған жері,  
Қыздар сұлу жаралды-ау, ұлдар сері.  
Тұнып жатыр тұңғиық ақ қөлдерде,  
Мағжан аға көкірегін буған шері.

Аппақ нұрға кеткендей әлем толып,  
Ақ қайындар келбетін келем шолып.  
Шоғырмағы әдемі әжімделген,  
Көрі қайың көз салды әжем болып.

Ашық жатыр ақшаңқан бәрі таныс,  
Сағынышым ақ жаңқа кетті-ау алыс.  
Алыпұшып барады асау жүрек,  
Жас құндей сезімдер жасап жарыс.



Көріністер еткенде қысым-қыспақ,  
Бала қайың тұр жасыл жүзім ұстап.  
Мені көріп, ажары арайланған,  
Кетті біздің көршінің қызына ұқсап.

Мойыл көзі мәп-мәлдір зіл артатын,  
Зіл артатын, ішінен құмартатын.  
Тұған ауыл дегені осы еken ғой,  
Құпиядан құтты өлең шығаратын.

*Екінші өлең*

Ақ құба ақ қайың аппағын-ай,  
Жерге күміс төгіп тұр, тасқа шырай.  
Ақ інгеннің қасына шөккен нардай,  
Көз ұшында Жалғызтау жатқаны-ай.

Ақ білектер жалғасып, біріктеліп,  
Ақ балтырлар бүлқынып іріктеліп.  
Шоқ қайың тұр  
Көрші ауыл қыздарындай,  
Сыбырласқан бірдеме біліп келіп.

— Қасындағы кім? — дейді секпіл қайың,  
Тез өзгертіп тоқыған кетті жайым.  
— Бізден артық жоқ еken ештемесі,  
Деп біреуі күрсініп етті уайым.

— Ауыл қызы — ет жақын қарындастым,  
Көрші ауылда ағайын, бауырласым.  
Қызылжарлық қазақтың қызын алдыым,  
Беу, құрбылар! Бастаның ауырмасын.

Студенттік күндердің әсері еді,  
Ол Мәскеуде бар қыздың әсемі еді.  
Ақ қайыңдай, аумайды өздерінен,  
— Дегенімде біреуі: «Бәсе», — деді.



---

### Үшінші өлең

Орман көрсем сағынған тауға барып,  
Ақ қайындар қарсы алды танғаларлық.  
Біреуі түр қызы қалпы өзгермеген,  
Есі кетіп балдырган қалғаны анық.

Жас қайыңың, азайтсам басты мұңын,  
Зілін үқтү өзіл сөз астарының.  
Бәрі жақсы-ау біздің ел қыздарының,  
Мәңгі етер өмірдің қас қағымын.

Айтар сөзін түр екен қамдап алып,  
Кездесуге қуанып қалғаны анық.  
Ақ білегін бір сілтеп күлім қақты,  
Ертегі-қызы секілді алмағайып.

Құрбыларым көрінсе бала сынды,  
Өзіл-күлкі бәрі де жарасымды.  
Кемпір болып қалса да бір соғамын,  
Ауылымнан ұзбестей қарасынды.

Ақ қайындар, тамаша көрінісін,  
Көркейе бер туған ел өмірі үшін.  
Осы ауылда көз ашып жарапыптын,  
Аппақ дүние қызығын көру үшін.



## ЖАЛЫНДАЙ КӨККЕ АТЫЛДЫ

*Faфу Қайырбековке*

Аузына Құдай сөз салған,  
Жолбарыс еді ер тарлан.  
Шымырлап өрген жырлары —  
Фұмырлап өтер сәтті арман.

Пұшайман емес соққы алған,  
Сандалкөк сол ғой топжарған.  
Сағынып жүрмін Faфуды,  
Аталы сөзге тоқтаған.

Сырбаздығы Фабиттей,  
Өршілдігі Сәбиттей,  
Бұлқынысы Баумендей,  
Сыrbайды өскен дәріптей.

Абайша да толғайды,  
Байронга да қол жайды.  
Қырандай етіп зорайтты-ау,  
Шырылдан қалған Торғайды.

Өлеңнің өргек татымы,  
Қанатты құстың жақыны.  
Еш адамға ұқсамас,  
Faфекең — қазақ ақыны.

Тұманбай өссе ағалап,  
Сыйлады Қадыр бағалап.  
Бәрі де бірге жүрді ғой,  
Қазақтың жырын тағалап.



Оқыған адам елтиді,  
Қыздарға қанша зер тиді.  
Тап одан артық кім айтты,  
Сұлулар елі ЖенПИ-ді?

Адуынды, ағынды,  
Бұрқанған ерке дарынды.  
Жалғыз гана мен емес,  
Қазақтың елі сағынды.

Женеше-ау, ерке шалынды,  
Мандайға біткен бағынды.  
Тәтелер де сағынды,  
Кафелер де сағынды.

Нарыққа кірсе ысқыртып,  
Содырды соқты ықтыртып.  
Газетте бүгін...  
Faфу жоқ,  
Бұзықты берер шықпыштып.

Табатын алқа жол төрден,  
Арпалыс көп қой ол көрген.  
Сахналарда...  
Faфу жоқ,  
Үлкен мен кіші жол берген.

Арыстанмен алысты,  
Ақиықпен жарысты.  
Үйретіп кетті Faфекен,  
Бермеуді қолдан намысты.

Қоздырар жырға бүйірін,  
Іздейді әркім үйірін.  
Сағынтып жүр ғой бұл күнде,  
Faфуша туған иірім.



---

Найзағай отын сапырды.  
Ізdemей көктен шатырды,  
Жалындаң тұрған кезінде,  
Жарқ етіп көкке атылды.

2000.



## ҚЫЗЫЛЖАР

Ақ қайың елі жайдары,  
Сарыарқа алтын айдары.  
Абылай «Ақ уй» орнатқан,  
Қазақтың ғажап аймағы.  
Әнші де ақын ғүрпүннан,  
Көркіне терең сыр тұнған.  
«Гауһартас» сенсің құлпырған,  
Қыраны елдің — Қызылжар,  
Жұмағы жердің — Қызылжар.

Орман-көл толы айналан,  
«Гәккулі» өлкем жайнаған.  
Сандуғаш сайда үніне  
Інжу мен маржан байлаған.  
Мағжандай қайсар жаралған,  
Ұлдары арыс сан алуан.  
Атадан мирас нәр алған,  
Қыраны елдің — Қызылжар,  
Жұмағы жердің — Қызылжар.

Аққұба туған үлбіреп,  
Гүлден де сұлу гүлдірек.  
Ұлпанға тартқан ұлтжанды,  
Қыздары шымқай Қыз Жібек.  
Анамдай жылы жүрегі,  
Есілдей көпшіл тілегі,  
Достықтың берік тірегі,  
Қыраны елдің — Қызылжар,  
Жұмағы жердің — Қызылжар.



## СӘБЕННІҢ «ТАРҒЫЛ ДАУСЫ»

*Таныс үйге келдім, есік қақтым. Көп күттірмеді.  
Сәбеннің көпке таныс тарғыл дауысы шықты.*

*Сафуан Шаймерденов*

Осы ғой ойлап шолуға,  
Деректің керек желдісі.  
Өз дауысы болу да,  
Мықтының айқын белгісі.

Ағаға бақыт сол шығар,  
Інісін көрсө биіктен.  
Ініде бақыт мол шығар,  
Ағаны қатты сүйінткен.

Фақылын жисақ өлемнін,  
Ақылдың ұлken тауы — сын.  
Сафуан ағам Сәбеннің,  
Сақтапты «тарғыл дауысын».

Әмбеге таныс ол дауыс,  
Кеменгер үні табынтықан.  
Сол еді-ау «тарғыл» жолбарыс,  
Талайды үні бағынтықан.

Күөлік берсе толғана,  
Жігіт деп үміт күттірер.  
«Тарғылдан» алған жолдама,  
Аз емес «тарғыл» күштілер.

Арғымақ туған арқырап,  
Сәбене үқсас арыс көп.  
Аланда тұр ғой жарқырап,  
Батырлық белгі барыс бол.



---

Ізгілік деген — кең ұғым,  
Жақсының жалғар ғұмырын.  
Осыдан үқтym мен бұгін,  
Сафуандықтың тұғырын.



## СӘБИТ АҒА КІМ ДЕСЕН...

*Бірінші өлең*

Батыр көсем,  
Күшпен жауын табынтықан.  
Ақын көсем,  
Әділдігін танытқан.  
Сәбит аға сондай еді-ау әмбебап,  
Дара туған қарапайым халықтан.

Жыры — азық ой саларлық сезімге,  
Сыры нәзік терең ойлы сөзінде.  
Аға тұтты елдегі бар қаламгер,  
Шын кеменгер көш бастаған кезінде.

«Адасқандар» елеңдettі ел ішін,  
«Жұмбақ жалау» жеделдettі желісін.  
«Шоқанымен» биіктеді шоқтығы,  
Өлең-бақша төкті алуан жемісін.

Әділдігін батылдығы баптапты,  
Құлан атса қасынуын нақ тапты.  
Атақ-данқы Айға жеткен күндерде,  
Үкілі Ыбырай бабамызды ақтатты.

Откір тілі бас жармады, тас жарды,  
Жан-журегін әділет жолы басқарды.  
Арыстарды «халық жауы» деп сөккен,  
Ақтау жолы Сәбендерден басталды.

Үкілі Ыбырай ауылның ұлымын,  
Қамығып ем өспей тұрып тұлымым.  
Анам маған ақ сүтімен дарытты,  
«Геккулеткен» ән мектебі ғылымын.



---

Сәбит аға! Алғысымды үйемін,  
Әз бейненді көкірегіме түйемін.  
Үкілі бабам қайта оралса қазаққа,  
Есімінді өз баландай сүйемін.

*Екінші өлең*

«Сұлушашы» көңілімді күйлі еткен,  
«Балуан Шолақ» қайтпа деді бір беттен.  
Сәбит сөзі  
Бармай жатып мектепке,  
Роман оқып, қазақ тілін үйреткен.

«Жұмбақ жалау», санамда от тұтаттың,  
Көркем сөзге жаңым ынтық, құт арттың.  
Оқи-оқи атам менен әжеме,  
Жаттап алдым талай жерін кітаптың.

Қыршын күнде қан қыздырып денемді,  
Қозғау салды ұқтырып кей бөленді.  
«Малды құртты», — деп ызамен боқтайтын,  
Атам сонда Голощекин дегенді.

Сәбен сөзін дәмді сурдей сақтайтын,  
Қастерлейтін әманда бір тақпай сын.  
Ырыс берген дұрыс қарап қазаққа,  
«Мирзажан» деп Мирзоянды мақтайтын.

Көрші досы ұзак кеңес құрайтын,  
Сәбен де оған,  
Роман да ұнайтын.  
Бәрі де жөн, жұмбағы не жалаудың?  
— Деп сыбырлап,  
Сәл жыбырлап сұрайтын.



---

Атам сонда дейтін:

— Сыры көңілдін,

Ауылнайға сен де жұмбақ көріндің.

«Мен бір жұмбақ адаммын» деп өтсе Абай,  
Өзін емес, ашты сырын емірдің.

Көкшетаудың көк мұнарын үқтың ба,  
Көз арбаған жұмбақ тұман тұттың ба?  
Өне, сондай бәрі жұмбақ жалғанның,  
Жолы жұмбақ келер жұт пен құттың да.

Түрпі тілден сұрқын бұзар қымбатты ой,  
Шындығым сол, шыр бұздырмай тыңдал қой.  
Оз досын да әсіре мақтап көзіңше,  
Қызбалалақтан сырттан жатса жұмбақ қой...

Осылай үқ менің жауап кәдемді,  
Жұмбақ жайлап түр ғой барша әлемді.  
Ашық айтқан жалауды үқ «жұмбақ» деп, —  
Дана деп үқ сыры терең Сәбенди.

Санамды ашса аталы сөз құндағы,  
Құлын едім —  
Хас тұлпардың жүрнағы.  
Ойға салсақ — бүгін ғана ашылды,  
Бодан күндер тіккен жалау жұмбағы.

Ағыны зор Сәбит алған қарқынның,  
Тұптен тартқыш мақтан етпес салтын кім?  
Ол — Құлагер ерте шауып, кеште озған,  
Тұлыш тұлға, кеменгері халқымның.

Абайды айтсақ еске аламыз Мұхтарды,  
Шоқанды айтсақ Сәбит бірге жұпталды.  
Абылай десен Мағжан аға елестер,  
Осылармен ұлттық іргем мықталды.



---

Міне, достым,  
Нар қазақты кім десен,  
Сыры — мұхит, терең зерле, білмесен.  
Мен Сәбенәді сөз етерде өу бастан,  
Өз атамның аруағымен тілдесем.

16.04.2000.  
*Алматы*



## СӘБИТ — ҚАЗАҚ БАЛЬЗАГІ

*Сәбенди үрпақтар үмітпак емес.*

*Бұл — қазақ Бальзагі.*

*Мұқагали Мақатаев*

Ауыр күндер өткеннен соң кездестік,

Ашық сырды

Үқты өткен жел де есіп.

Мұқағали Сәбенді үлкен сөз етті,

Арамызда жүрмеуші еді сенбестік.

— Қайтыс болды он сегізінші сәуірде,

Қарайлады құрдасына дәуір де.

Деп бастады алғыр ақын айтарын,

Қимастық бар,

Әр сөзінде, әр үнде.

— Жиырма екінші сәуір күні қоштастық,

Мың-мың гүлшоқ,

Халық сансыз, көп бастық.

Кеңейгендей тар жолдары Кеңсайдың,

Табиғатпен мұң бөлісіп достастық.

Сарыарқаны әрен жеткен сан қырдан,

Жел құтқарды,

Тым жылауық жаңбырдан.

Қаралы күй жан-жүректі жайлады,

Орман-тоғай дауыс қосты жаңғырған.

Бақи жолын бастап кетті ол енді,

Топырақ салдық басып талай өлеңді.



Кей «дөкейлер» мұқатқанмен  
Мұқанов,  
Мұқалмастай зор құрметке бөленді.

Батыр тұлға естен кетпес нұр жүзі,  
Қалды артында сөздің нәркес құндызы.  
Ол төсіне жүлдыз тақпай кетсе де,  
Болды өзі барша қазақ жүлдызы.

Қоштасарда Мәскеу сөзін мәрледі,  
Өзбек достым өз тілінде шерлі еді.  
Сафаров та аталы сез арнаса,  
Біздің Габең тым сыпайы сөйледі.

Уақыт солай...  
Ол да тұрды-ау қамығып,  
Жатты Сәбенә тірлік сырын жаны ұғып.  
Үлкен жүрек күрт үзілсе шаршаған,  
Тірілерге тіреледі бар үміт.

Мұң шайқалтып,  
Кетірсе бар бабымды,  
Пыш-пыштаған жігіттер де табылды.  
Кермелеген «Бақастық пен топастық»,  
Өрмелеген кештім бұлдыр сағымды.

Не десе де о дей берсін пақырлар,  
«Сәбит — үлкен дүние» деуге хақым бар.  
Нар тұлғамен қош айттысты нөпір жүрт,  
Тап осылай аттанады-ау асылдар.

Азаматтық ар-намыстың, заңғары,  
Ұлтжандылық ұлылығы бар тағы.  
Шежіресі жиырмасыншы ғасырдың,  
Қазынасы мол Сәбит — қазақ Бальзагі.



---

Осы сөзі қалай бойға тарамас,  
Тыңдап түрған секілденді бар Алаш.  
Қос жанары жарқ еткенде  
Алатау,  
Төңкөрілді ақша бұлттар аралас.

29.02.2000.

*Алматы*



## ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Есілге қонды аққу-қаз,  
Ақ қанат сылқым сусылдап.  
Жағада тұрып болдым мәз,  
Аңсаған әннен сусындал.

Айдынның беті жайнады,  
Естіліп ерке саңқылдар.  
Жүрекке жалау байлады,  
Есілге қонған Аққулар.

Толқытып құстар оралған,  
Құба тал кетті желбіреп.  
Оянды сезім жоғалған,  
Сағынған жүрек елжіреп.

Жанарың қонды жанаға,  
«Гәккүге» салса аққу-қаз.  
Өзіңнен жеткен хабарға,  
Жалғанды жаным айтып наз.

Қарағай, қайың желпінді,  
Құстарға қарап анталап.  
Биледі менің еркімді,  
Жер-көкке қонған махаббат.

Ән туды еркін төгіліп,  
Тулады жүрек бір демде.  
Ажарың кетті көрініп,  
Аққуды аққу сүйгенде.

24.04.2000.  
*Кызылжар*



## СӘКЕН АҒА ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

Кеменгер Сәкен аға, сәлемімді ал,  
Алдында бір тұруға жан едім зар.  
Отырың кербез тұлған, сүйсіндіріп,  
Қасында таңғажайып әлемің бар.

Астана Ақмола боп бүгін менін,  
Тарқады бой жазылып, бүкіл шерім.  
«Ескерткіш Алматыда бұйырмады...»,  
Деп қатты ойға түсіп жүруші едім.

Құтты көш келсе алыс Алатаудан,  
Аз емес алған асыл жана сауған.  
Ішімнен тәубе деймін  
Егемен ел,  
Секілді бар назары саған ауған.

Кең сарай өз атында кітапхана,  
Үйің деп мұражайды үқпақ сана.  
Отырың ортасында екеуінің,  
Тың шабыт толқытқандай мықтап қана.

Бөлөнген байтақ елдің алғысына,  
Кенелдім келбетіне жан құсына.  
Егемен қазағымның қуанышы,  
Мұртыңың ілініпті шалғысына.

Мұражай айтты ерен екенінді,  
Қолжазбаң елестетті төкпе күнді.  
Середе «Тар жол, тайғақ кешу» де бар,  
Жеткізген қанша шер-мұң шеккенінді.

Ұстаған өз қолыңмен қызыл қалам,  
Тапсырды жас үрпаққа ізінді аман.



Мерт болған Құлагердей сұлық жатыр,  
Айырса иесінен бұзық заман.

Кез болды-ау, сіз ұстаган көкте Құнді,  
Самғатты «Көкшетауың» өктем үнді.  
Еске алдық «Тау ішінде»  
Шырқап, толғап,  
Сағынып қызды ауылға жеткеніңді.

Жадымда мәңгі өшпес жылу қалды,  
Жез қанат жезкиішіл нұрым жанды.  
Әлемнің жеті түрлі ғаламаты,  
Деп үқтый сіз құмартқан сұлуларды.

Тұлкісін түгел ілген қыр үстінің,  
Жептеймін өр ісіннің дұрыстығын.  
Өте алмас бір иіскемей әйел заты,  
Әлі де бұрқырап түр иіссуың.

Мұражай өр дерегін үзбей тердім,  
Рухы бізге ғибрат сіздей ердің.  
Сүйсініп суретіңе қарай-қарай,  
Өзіңді бір көрсем деп іздей бердім.

05.04.2000.  
Астана



## ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ҚҰЛАГЕРІ

*Кайрат Байбосыновқа*

Қайратжан, айналайын асыл інім,  
Жанғырттың бар қазаққа ғасыр үнін.  
Аққұ-қаз айдын көлде саңқылындай,  
Сұлу саз, әсем әннің ғашығымын.

Қырандай қос қанаты үдемелі,  
Даусыңнан еріс тапты қыр өлеңі.  
Қалың ел есімінді білді, Қайрат,  
Басыңа бақыт құсы түнегелі.

Ән салсаң жақындайды аспан бері,  
Алатая тоқтай қалар аққан селі.  
Оянар шырт үйқыдан алғыс айтып,  
Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері.

Ой жатыр терең толғау мәнісінде,  
Сен айтқан айналады ән мүсінге.  
Бір сипап қара мұртты бебеулетсөң,  
Елестер Сәкен ағам «Тау ішінде».

Домбыраң ақ үкісін желкілдеткен,  
Тынысың «Сырғактыға» еркін жеткен.  
Шырқасан «Жамбас сипар», «Гәккулетіп»,  
Қыздардың қақтың талай бөркін көктен.

Кең сарай әу дегенде селк етеді,  
Жан толқып, қам көңілден шер кетеді.  
Адамды жас баладай елжіретіп,  
Қоңыр ән бал құндақта тербетеді.



---

Мергендей тапқан тәсіл тұлкі аулауын,  
Құлышынтың екі ішектен үн самғауын.  
Жұректі тесіп өткен асау ырғак,  
Қойғызар құдашаның қиқаңдауын.

Сал-сері бабалардың мұрагері,  
Өзіңсің барша қазақ бұлан ери.  
Өжетсің қызған сайын өршеленер,  
Әншілік өнерінің Құлагері.

23.05.2000.

*Алматы*



## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Жебеп мені жырдың дүлдүл парнасы,  
Өлең-дария ашылды кең арнасы.  
Осы қазақ кім десендер  
Мен болам,  
Сәкен, Илияс, Бейімбеттің жалғасы.

Дархан өмір жасқаншағы емеспін,  
Тура қара келсе айқын кеңескің.  
Ақын десін,  
Әкім десін,  
Әйтеуір,  
Елді үшке бөлді демес мені ешкім.

Өзін ойлап,  
Елдің мұның елемес,  
Ашқарақпен жасап өттім ерегес.  
Кең қопардым,  
Арал үшін айқассам,  
Шен-шекпенді қиялдаушың мен емес.

Туған елім ақын-кенші атаған,  
Көңілі қаяу үзілмейтін хат алам.  
Жойқын Каспий топан сұын тежессем,  
Бекет ата аруағынан бата алам.

Құлагердің дүбірінен жараптадым,  
Ақан, Біржан, Ібырайдан таралдым.  
Абай атам ақындыққа шақырса,  
Кенші күнде мен Қаныштан нәр алдым.



---

Ақындығым емес жеке ермегім,  
Тым көп арттым дүние жалған кермегін.  
Төгіп келем қара терді аянбай,  
Қатар қазып жер кені мен сөз кенін.

Өмірбаян шет-жағасын қоса алам,  
Гүл терсем де көп жабысты ошаған.  
Үйықтап жатыр  
Есіл жақта қос әкем,  
Көкшетаудың топырагында қос анам.

Жер төресі, атамекен, киелім,  
Жезқазғанды дәл өзіндей сүйемін.  
Ата-баба аруагы дарыған,  
Ұлытау мен Жездіге бас иемін.

Аз тарихты әс етпеймін сөзге үйіп,  
Шалғай кетсем,  
Етті тағдыр көз құйік.  
Өзіме де қан қақсатып оқ тиген,  
Жүрек сырын елге жайса «Жезкиік».

Алыс жолда жүрген ауыр шақтарда,  
Өлең өрдім ерте тұрып ақ танда.  
Сағынышты сәлемімді аринадым,  
Еділдетіп құстар елге қайтқанда.

Алыстардан есен жеттім еліме,  
Дүбір қостым дербестіктің деміне.  
Азаттықтың Мағжан міnez құлымын,  
Сол бағыттан көрер қазақ мені де.

«Әй, кәпір» деп айта алмайды еш пенде,  
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.  
Соның бәрін айғақ етер өмірім,  
Жұзге бөлгіш сүмпайылар өшкенде.



Айтар сырым,  
Осы ашық тілегім,  
Ұлтқа бөлмей, жүртқа бөлмей тұледім.  
Жүргімнің лұпілінен естіңдер,  
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің тілегін.



## СИЫНАР ПІРІМ — АБЫЛАЙ

Басқарып қазақ баласын,  
Хандардың ханы атанған;  
Айнала жаудан даласын,  
Қорғаумен озған қатардан.

Аруақты кетпе танымай,  
Білмесең, атын анықта.  
Сиынар пірің — Абылай,  
Төнгенде қатер халыққа.

Елдігін сақтап қазақтың,  
Ордалы өрге ту тіккен.  
Аңсаған мәңгі азат күн,  
Береке, бақыт, бірлікпен.

Бәйгеге жүйрік қосқанда,  
Саятта қыран құс ілген.  
Белдесер жауды тосқанда,  
Айтып жүр атын ішіңнен.

Аруақты кетпе танымай,  
Жасанған жауға жасыма.  
Сиынар пірің — Абылай,  
Төнгенде қатер басыңа.

Іргелес ел боп теңдестік,  
Әлемге атым самғады.  
Бүгінгі біздің дербестік —  
Абылай ханның арманы.



## СЫРЫМБЕТ

Көкшениң сал Сырымбет — бір саласы,  
Етегін көл көмкерген жер сарасы.  
Ақку-қаз гәккулеткен сырнай-керней,  
Бәрі әнші:  
Орман,  
Тоғай,  
Кең даласы.

Сырықтай тікше біткен шының биік,  
Таусылмас құлагершіл мұңы түйік.  
Анамның ақ сүтімен жырға орады,  
Көкірекке аңыз-дастан сырын құйып.

Айнадай Жекекөлі жарқыраған,  
Еркелеп тас бұлағы ән құраған.  
Осындай жерде туып,  
Өрге жетті.  
Шоқандай ел данасы,  
Алтын адам.

Фашық жан Сырымбетке Ақан сері,  
Әніне тауға арнаған құмар елі.  
Серіге серік болып мінген аты,  
Даңқына даңқ қосты Құлагері.

Бүгін де біздің мектеп аты әйгі,  
Үлдары даналардың салтын жайды.  
Қыздары әнші-биші Ақтоқтыдай,  
Сағынтып кейбіреуі салды қайғы.

Осындай шындықты айту болмас айып,  
Мен шықтым осы ордадан қанат жайып.  
Ұлағатты ұстаздарга алғыс айтсам,  
Жүремін естен кетпей,  
Көнілім байып.



## АҚЫНДЫҚ АЛТЫН ТҮФҮРЫ

Өлеңмен ғана жүрер ем,  
Кей ақынша күнелтіп.  
Қатыгез соғыс дүрбелең,  
Қаусатты елді жүдегіп.

Кенші болдым содан мен,  
Байытам деп қазақты.  
Жаһанаммен болар тең,  
Қисапсыз шектім азапты.

Салғандай тұсау асауға,  
Он жылдай қаздым кенімді.  
Мақтаныш етем қашанда,  
Кеншілік деген тегімді.

Еңбектің сол ғой жойқыны,  
Адамның көркін ашқызыбақ.  
Күміс пен жезім толқыды,  
Қопарған кенім тасқындал.

Жасаудан сақпын жансебіл,  
Тау-таспен ашық егестім.  
Құдайға шүкір, әйтеуір,  
Мен жалаң ақын емеспін.

Жинаған ойлар жер-көктен,  
Өлеңім — Өмір сабыры.  
Айқаспен келді тер төккен,  
Ақындық Алтын түфүры.

29.03.2009.  
Астана



## ҮЛТЖАНДЫЛЫҚ КӨКИРЕКТЕ ТҮТАНДЫ

Мұхит аға дейтін бізді «батырым»,  
Директор ғой шығарса да батыл үн.  
Көрші болып тап қасына барғанда,  
Ерулік беріп, көрсетті зор шатырын.

— Әй, батырлар, бердіңдер ме ерулік? —  
Деп сұрады көршілерден керім қып.  
Дастархандас үндемеді жігіттер,  
«Жоқ» деген сөз әкелердей өлім тік.

— Хаке, — деді, — директорлық жарлығым!  
Жас та болсаң үлкен жолың бар бүгін.  
Келіндерден үлкен кешірім сұраймын,  
Боқта, — деді, — жігіттердің барлығын.

Жасқанушы болма, — деді, — тақсырым,  
Өкпелеу де осындайда жақсы ырым.  
Өзім бар ғой... түк қалдырмай сыйаймын,  
Бұзғандарды ата-баба дәстүрін.

...Құлкі келмей тұрса-дағы келістік,  
Көршілер де деп жатты ғой «дұрыстық».  
Үлкен аға ойнап қана айтса да,  
Түбі терен дәстүр сырын ұғыстық.

Мырза халық негізінде кеншілер,  
Табысы мол мықтылар ғой кең жүрер.  
Содан кейін кезек-кезек шақырды,  
Қаптап жатқан маңайдағы көршілер.

Үлтжандылық көкірекке тұтанды,  
Дәстүр екен Құдай берер құт алды.  
Осы күнде қосылғанда басымыз,  
Еске алып отырмыз Мұханды.



## ЗАМАН ДЕРТІ

Арал кетті...

Адамдар, Арал кетті,

Оны жұтқан сорақы заман кетті.

Онсыз-дағы онша емес елдің күйі,

Теңіз құрғап...

Ұлғайтты-ау маған дертті.

Қарсы алатын қақ жолда сүйіп мені,

Көрінбейді Сарыарқа киіктері.

Басқа жерге келгендей басым қатты,

Басылмай түр жанымның күйік-шері.

Қай қияда,

Қай апат-бұлік жеттің,

Сахарарада Мәжнүнің күйін шектім.

Кең далада бір киік көрмеген соң,

Бірге құрып кетердей күйік шектім.

Көп жүлдышға қараймын биіктегі,

Елестейді біздің ел киіктері.

Өріп жүрген секілді жерге қарап,

Кездесуге үзілмей үміттері.

Көк аспаннан алмаймын көз қызынын,

Әнге қосып арнаушы ем сөз биігін.

Қалай шыдап жүр екен күйіп кетпей,

Арасында жез қанат жезкиігім?

Заулап келіп,

Алқа бел қырдан асып,

Қундер қайда сырласар мұң тындасып?

Қаптап жүрген киіктер ғайып болды,

Кетті ме екен Аралдың құмы басып?



## ҮЙҚЫСЫЗ ТҮННІҢ ӨЛЕҢІ

Жарық жоқ, Үйқы қашқаны...  
Ауыр түс қалды жадымда.  
Сағаттың тық-тық басқаны,  
Зарлап түр жалғыз маңымда.

Әйелдей пыш-пыш жинайсың,  
Көрген түс... миға сыймайсың.  
Тірліктің тышқан жортағы,  
Сен неге мені қинайсың?

Сырласар не гәп болды өзге,  
Шенеу ме, әлде бос сөз бе?  
Не себеп ойды қозғауға,  
Шақырдың ба, әлде болжau ма?  
Ұғудан күдер үзбеймін,  
Мен сенен мағына іздеймін.

27.10.2009.  
Астана



## ҚАРАҒАЙЛАР

Қарағайлар — мықтылық белгісіндей,  
Кім түсінер оларды мен түсінбей?  
Баян Жанғалов секілді біреуі тұр,  
Тұрпатына қайтейін мен сүйінбей.

Нән қарағай бұтағы бірқалыпты,  
Менің Естай ағамдай жұқарыпты.  
Жадау күнде жан жарын еске алғандай,  
Жанарында отты ұшқын тұтаныпты.

Қарағайлар қызық-ау топталғаны,  
Таңырқауым көп қарап тоқталмады.  
Домалақтау біреуі жүзі жылы,  
Ертай ағам секілді тоқсандағы.

Бір қарағай бойы ұзын етті қылаң,  
Етегінен елеңдеп өтті бір аң.  
Молдаш ағам сияқты елді аңсаған,  
Тоқсан ұште шыға алмай Алматыдан.

Нар қарағай жүзінде нұр жайнаған,  
Тоқсан екіде деп ешкім айта алмаған.  
Құдды Бәйкен ағамдай мығым екен,  
Ел сыйлаған беделі ортаймаған.

Қарағайлар Көкшені алқалаған,  
Мәңгі жасыл өздерін паң санаған.  
Тұрпаттарын көргенде елестейді,  
Дауылпаздар заманды арқалаган.



---

Көкке өрлеген Сом тұлға нән қарағай,  
Қалай өтем тұлғана мен қарамай?  
Қарағайдай қартайса ағаларым,  
Көңіл толқып, тебіренем жас баладай.

2009.



## ТОҚТАМАЙДЫ ЖҰМЫР ЖЕР

Есіме алсам өмірдегі өр ізді,  
Қарақалпақ елі — жолым маңызды.  
Кремльдің солдатымыз ол кезде,  
Мен барам деп бергем жоқ қой арызды.

Ол өлкеге арнадым дәл бес жылды,  
Арал үшін айқас бастап көш кірді.  
Ең ғажабы — жаны ашымас теңізге,  
Негізі бір кей есерге ес кірді.

Арал десе қыза түсіп үдеймін,  
Егделікті тез ұмытып, түлеймін.  
Тоқтамайды, Жер айналып барады,  
Көк теңізге ұзак ғұмыр тілеймін.

Жұмыр жердің өтер талай қонағы,  
Аралға да бақ жүлдизы қонады.  
Бұрынғыдай болмаса да көлемі,  
Жылдар өтер, Арал қайта толады.

Жоқ десек те бүгін бізде зор табыс,  
Болашағым етер үлкен қолғабыс.  
Нақұрыстардың тым надұрыс ісіне,  
Табиғаттың өзі берер тойтарыс.



## КӨҢІЛ НАЗЫ

Өмірдің жазы өтіп,  
Қысы қалды.  
Көңілдің іші тозып,  
Тысы қалды.  
Сыр бермей серілікпен жүрсем-дағы,  
Көрілік қыр соңыма түсіп алды.

Барады жылдар өтіп ағындаған,  
Таусылмас, қайран көңіл, назың маган.  
Баяғы қызыл ішік киген қызды,  
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Келер деп ел шетіне сырласуға,  
Қарайлап тұрғандаймын шың басында.  
«Жезкиік» жаутаң қағып жүртқа жайды,  
Қалғандай аңыз болып бір ғасырға.

Ақтарсам айтылмаған үзік сырды,  
Жүрекке тым ертерек бұзық кірді.  
Көкшетау көп қызының еркесі едім,  
Бір қызы Қызылжардың қызықтырды.

Қыс келсе бар құпия баяндалды,  
Шабыс жоқ қара жорға аяң қалды.  
Көз салған аққу-қазға дәурен өтіп,  
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

11.12.2010.



## БІЛМЕЙДІ-АУ ДЕП ҚОРҚАМЫН...

Ел байлығын талатқан,  
Ішінде жүрміз ортаның.  
Жалғыз гой,  
Шіркін, Жаратқан,  
Көрмейді-ау деп қорқамын.

Қапылыс емес жаңылыс,  
Қажеті сол ма адамның:  
Сатылу, ұрлау, атылыс...  
Бейнесі болды заманның.

Бір елді бір ел ойрандап,  
Жазықсыз жатыр жайратып.  
Қаруға сенген тайрандап,  
Есерді қойды-ау сайратып.

Қалауын бермей халыққа,  
Ептілер еркін жайлайды.  
Жеткендер ірі байлыққа,  
Ақшамен аяқ байлайды.

Әккі қу мың-мың асайды-ау,  
Асырып айла-тәсілін.  
Адам түгіл, жасайды-ау,  
Алладан да жасырын.

Жаратқан сыйласп нүрлі күн,  
Ойласа ғалам мол қамын.  
Жер беті кейбір сүмдышын,  
Білмейді-ау деп қорқамын.

18.08.2004.  
Астана



## ТІРШІЛІК

Жат қылыққа жоламас арлы кісі,  
Жақсылыққа бастайды барлық ісі.  
Жылап келіп, жыламай кетуді ойлар,  
Таусылғанша тірлікте бар тынысы.

Қыз баладай тым ерте шырайланған,  
Қызығың көп, тіршілік, ұнай қалған.  
Содан болар өзіңе ғашықтығым,  
Өкінбестей жолымды құрайды арман.

Іші тарлар тартса да кері, мейлі,  
Жақсы ұлынан туған ел жерімейді.  
Алғанынан бергені көп адамның,  
Ешқашан да беделі кемімейді.

Фажабы бар кей жылдар алшаңдатқан,  
Азабы бар кей құннің арқандатқан.  
Мезет еken тіршілік өте шығар,  
Жанарындай маралдың жаутаң қаққан.

2009.  
Астана



## ӨМІРІМНІҢ ӨЗІ ӨЛЕҢ

Жалғызыбын ата-анадан,  
Балалық өтті жаутаңкөз.  
Лұпілін үнсіз санаған,  
Жыр болды жүрек айтқан сөз.

Ақындық ерте ерсе де,  
Кеншілік төрін жолдапты.  
Соғыста елім женсе де,  
Ауылдың халі ойлантты.

Ауырлау жүктен қашпадым,  
Аңғарған адам байқасын.  
Нұқісте жүріп бастадым,  
Аралдың аңы айқасын.

Әлдекім сенбес бір көрген,  
Аз емес әлі татарым.  
Өлеңнің бәрін мұн берген,  
Көрсе де озық қатарым.

Қамы емес қара басымның,  
Қам көңіл кейде айтарым.  
Менің мұңым — асыл мұн,  
Абайлап, досым, байқағын.

Шыққандай ашық алаңға,  
Сырымды ұқсаң сезер ең.  
Біле де білген адамға,  
Мен шеккен өмір — өзі өлең.



## АҚ ТІЛЕК

О, тағдырым!  
Бергім келіп мол өнім,  
Әр сөзіме көңіл нұрын төгемін.  
Мен ғашықтың самғауына Сәкеннің,  
Құс қанат бер, тік шырқауға көнемін.

Дей көрмеспін  
«О, тағдырым, тыным бер!»,  
Шәкәрімнің сан салалы мұңын бер.  
Шал ақынның әзілінен бір жонып,  
Махамбеттің жау жасқантар қырын бер.

Бір сөз үшін жерден жеті теремін,  
Мың толғанам іздеп ойдың тереңін.  
Не де болса мәрттігін бер Мағжанның,  
Ал содан соң жетегіңе еремін.

Ақын Қасым дабылы бар санамда,  
Ол дес келді біздің бодан заманға.  
Құлагершіл,  
Кең далашыл жаралған,  
Ілияс ақын дүбірін бер маған да.

Әне, сонда дер едім мен құштімін,  
Көп бітірер өлеңім де іс-тыным.  
Тілегімнің ең үлкенін айтайын, —  
Сыйла, тағдыр, Абайлықтың үшқынын.



---

Менің-дағы көп аңсатқан ақ гүлім,  
Жер-жаянға «Жезкийк» боп тапты үнін.  
Ақан сері болып құсқа ән қоссам,  
Құлагердей үрып жықпа тап бүгін.

08.10.2010.

*Aстана*



## РОМАНС

Мен сені тым қатты сағындым,  
Назды өлең жүректе көктейді.  
Сау жүріп есімнен жаңылдым,  
Тұн неге тезірек өтпейді?

Аңсадым жүзінді көргім кеп,  
Шақырған жетті ме дыбысым?  
Көзімді ілдірмес белгің көп,  
Оятып жіберді тынысын.

Келер деп таңертен, ертемен,  
Естідім амалым біткенде.  
Махаббат отына өртенем,  
Тез жетіп келмесең күткенде.

Өзгерді Алматы тағдыры,  
Жер-көкке ақ көрпе жапқандай.  
Қарлатты наурыз жаңбыры,  
Терезе сен келіп қаққандай.

Ақындар шыдауды білмейді,  
Кеудесі қаулаған сезім ғой.  
Сағат та тоқтады, жүрмейді,  
Мен сені сағындым дедім ғой.

07.03.2002.  
*Алматы*



## КЕҢ ЖАЛҒАНДЫ ТАРЫЛТПА

Ән салсам сағынышты тереңдетіп,  
Арманға көрем деген келем бекіп.  
Аққудай сыңарына ұша тартқан,  
Лебінмен жібергейсің тез емдетіп.

Қалқатай! Осы күнде жүрсің қайда?  
Кездестім белгі бермес тосын жайға.  
Қиядан қақ жолымды кесіп өтер,  
Жарқ етші жезкийкей осындайда.

Талмаурап аш белінді айқармаған,  
Арыз-наз көп еді ғой айта алмаған.  
Бақытын кездесудің бір көрейік,  
Мезетін құштар шақтың қайтар маған.

Әйтеуір, не де болса, сағынтыпашы,  
Есімнен сау күнімде жаңылтпашы.  
Боларын бір қызықтың анық білем,  
Тірідей кең жалғанды тарылтпашы.



## МАҚТАНАЛЫҚ

*Жырламасқа теніздей,  
Қуаныштың шегі жоқ.  
Ардақталған өзіңдей,  
Қазақта ақын, тегі, жоқ.*

*Ілияс Жансүгіров*

Сөзі ғибрат тараған хатта қалып,  
Асыл аз ба әспеттер жаттап алып?  
Ілиястай Сәкенді қатар жүріп,  
Шын сүйсініп, сыйлауға сәт табалық.

Сағ алтынды бос тастан ақтап алып,  
Бөсіп кетпей, көкімей, мақтаналық.  
Жақсы деуге жақсыны құлқы қимас,  
Қараниет індеттен сақтаналық.

Кісі өлмейді паш етсең алқа тағып,  
Оқтай тиер итаршы қақсағандық.  
Қандай ғажап «үкілім», «сал», «серім» деп,  
Ізет, құрмет, ілтипат сақтағандық.

Біреу озса, ағайын, шаттаналық,  
Өсек сөзге бүлінбе, жоққа нанып.  
Терен ойдың түбіне көз тасташы,  
Сырын ұқпай сөккенше отқа салып.

Байқа, қалай сілтейді басқа халық:  
Бисмилладан біртоға бастап алып.  
Олжастардан он есе төмендерін,  
Төбесіне көтерер таққа салып.



---

Арсыз сынмен абырой шашпағалық,  
Күйкілерден асылды сақта, халық.  
Мақтаналық паш етіп шын жүйрікті,  
Тастамайды ол үшін тақтан алып.



## ШАТТЫҚ СЕЛІ

Тәуелсіз күнім түзеп қаталықты,  
Елбасы Абылай ханнан бата алыпты.  
Кешегі «Щучинский» деген аудан,  
Бурабай ауданы боп аталаپты.

Бураны шортан десе таңғалушы ек,  
Шыдадық, бала күннен аңғарушы ек.  
Алланың берген атын бұйыртпаса,  
Білдірмей іштен тынып, зар қағушы ек.

Құттықтап «Гәккулетсек» өнші дайын,  
Алтын күз — ақ бидайлы күйші дайын.  
Аққұ-қаз сексен көлден саңқыл қақса,  
Аяmas бар өнерін биші қайын.

Ойымды құтты аймаққа бұра бердім,  
Келбеті көлде ойнады құба белдің.  
Қуандым айдан анық көрінгендей,  
Ор болып қалған ізі Құлагердің.

Қыздарса жан-жүректі жаңа жалын,  
Дербестік жеңісі деп бағаладым.  
Сүйінші сұрап бүгін Біржан салдан,  
Бақида Сәкен, Мағжан ағаларым!

08.09.2009.  
Астана



## ДОСЫҢНЫҢ КӨЗІН ҰҒАРСЫҢ

Көп жұлдыз көкте Ай болмас,  
Сәулесі жерге жетпейді.  
Қалтқысыз серік қай жолдас,  
Адал дос тастап кетпейді.

Сүрініп кеттің — құларсың,  
Таяныш таптың — тұрарсың.  
Дәрменсіз күнде дәл келген,  
Досыңның көзін ұғарсың.

Жұрсен де қандай жұмақта,  
Түссен де қанша сынаққа.  
Досы жок өмір жүтпен тең,  
Достықтың туын құлатпа.  
Аңсаған сен де ұнарсың,  
Ант еткен серттен жалт етсе,  
Досыңның көзін ұғарсың.

Туыстың дос боп өтуі,  
Некен-саяқ, негайбыл.  
Туыс боп достың кетуін,  
Сыйластық заңы санай біл.

Тауға да биік шығарсың,  
Жауынды жеңіп тынарсың.  
Ағайын сенбей тұрғанда,  
Досыңның көзін ұғарсың.



## АТАСАМ СӨЗДІҢ ИЕСІН

*Сөздердің өзі сөйлейді.  
Рабига Сыздықова*

«Сөздіктерде өзір» деп,  
Бекерше ізден жатасын.  
Ойында жүрер қадірлеп,  
Сыйласан сөздің атасын.

Ну орман етіп жайқалтты,  
Абайым тілдің негізін.  
Жалғастырды бай салтты,  
Мұхтар сөз шалқар теңізін.

Жолықсам қауіп-қатерге,  
Мағжанды жатыр керегім.  
Махаббат женсе, Сәкенге  
«Тау ішінде» еремін.

Сексен көлге қарауды,  
Сағынсам шабыт тұтанаып.  
«Оқжетпеске» жалауды,  
Іледі Сәбит Мұқанов.

«Бозінгенді» боздатсам,  
Әбішті ізден кетемін.  
Аралдың назын қозғалтсам,  
Әbdіжәмілге жетемін.

Сыrbайдан сөздің төресін,  
Алғаным ерен сыйлы етті.  
Өжет тіл өткір өресін,  
Қасым аға үйретті.



---

Сұрапылды дауылдан.  
Тік өтсем саспай бүгінде:  
Рахымжан, Мәлік, Бауыржан.  
Сейледі соғыс тілінде.

Жер-су,  
Андар атауын,  
Ілияс ағам селдетті.  
Ойлы сөз құтты қатарын,  
Мұзафар ағам өрлетті.

Суретшіл бастар өлеңге,  
Ақан сері қашанда.  
Сөз алдым,  
Сәулем, сенен де,  
Махаббат тілін ашарда.

Өз анам сөздің төркінін,  
Ақ сүтімен дарытты.  
«Гәккүшіл» күннің өр тілін,  
Үкілі бабам танытты.

Іздеумен ғой сөздің иесін,  
Таптым ғой тетік тілден де.  
Киесі мен жүйесін,  
Сөз жолығар білгенге.

Жүрекке шырақ жаққандай,  
Жүйелі сөз сөнбейді.  
Рабига сөзгер айтқандай:  
«Сөздердің өзі сөйлейді».



## ШЕКСІЗДІК

Мұнары шексіз  
Тұманы кетпес даланың,  
Қиялы шексіз  
Зиялы туған дананың.  
Шексіз жылдар ішінде біздер үшқынбызыз,  
Жарысы шексіз  
Ескі мен озық жаңаның.

Сүм қара жер,  
Шексіздік сенің еккенің.  
Адамды жұтып,  
Еш тойымдық етпедің.  
Қайғысы шексіз,  
Көзімен көрген ананың,  
Жалғыз ұлға аяусыз ажал жеткенің.

Шексіздік шебі,  
Шалғайда елді аңсауда.  
Түсінгендіктен,  
Сендім ғой көнбей шаршауға.  
Жан жарыңмен сыйластыққа шек болмас,  
Сүйеніш-серік қай қияға барсаң да.

Асыл ұстаз арманында шексіздік,  
Алғыр шәкірт самғауында шексіздік.  
Тіршілікте жас үрпағың, ардақтап,  
Бірін-бірі жалғауында шексіздік.

Шексіз ой бар  
Жырында біздің Абайдың,  
Мұхиттай шексіз  
Мұхтарға мұнлы қараймын.



---

Мағжан, Сәкен, Ілиясты атқандар,  
Қиямет кешпес қылмысын шексіз санаймын.

Сүйемін шексіз Қызы Жібектің намысын,  
Төлегенді күте-күте ары үшін.  
Фашық жүрек кексіздігі деп білем,  
Махабbat пен ғадауаттың жарысын.

*05.01.2010.*



# ПОЭМАЛАР





## КЕНЕСАРЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

*Қош, аман бол, Сарыарқа — өскен жерім,  
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.*

*Кенесары*

*Алғыс сөз*

Қазақтың күні тұтылды,  
Хан Кене оқыс ұсталды.  
Ақ патша жаудан құтылды,  
Құсырды іштен қысқанды.

Теңселтіп кетті қара жер,  
Құркіреп өзен лепірді.  
Құрсауға тұсті қайран ер,  
Кез болып айла не түрлі.

Алдында — өзен, артта — жау,  
Айнала — сансыз жасақтар.  
Теңселді қарлы Алатау,  
Қоршауда қалды қазақтар.

Орыстың оғы құтқармас,  
Зеңбірек, мылтық заулады.  
Таулардан сансыз атқан тас,  
Тасқынды селден аумады.

Құркіреп өзен жалмауыз,  
Үшан су қамал құрады.  
Наурызбай мінген Ақауыз,  
Омақаса құлады.



---

Хан Қене шекті қынды,  
Басар жер қайда шеткейлеп?!  
Ағыбайға бүйірдыш:  
«Құтылып елге жеткей!» — деп.

«Бас кесу деген болса да,  
Тіл кесу жоқ» деген бар.  
Хан Қене тұрды ортада,  
Көкірегін кернеп шемен-зар.

Шындықтың сыры ашылып,  
Жетсін деп қырғыз-қазаққа.  
Арнапты бір сөз ашынып,  
Кенесары манапқа.

Жабайы сөзді малданбай,  
Өлеңдетіп кетіпті.  
Жеңілге бекер алданбай,  
Терендетіп кетіпті.

Қырғыздар бәрін естіген:  
«Орысқа дерек», — деп тізді.  
Ақиқат қалды тектіден,  
Үрпаққа үрпақ жеткізді.

Тілемей жаудан дым қайыр,  
Айтыпты сөзін тақпақтап.  
Манаңшы туған бір шайыр,  
Жеткізіпті жаттап қап.

Еңсесі биік асыл хан,  
Еңкеймей тұрды қасқайып.  
Ағынды судай тасытқан,  
Ақырғы сөзін бастайық.



## *Bірінші толғау*

Құлақ сал, о, халайық! Тында енді,  
Тау қозғап, толғантайын жылға, белді.  
«Батырға да бір өлім» дегені осы,  
Қыл мойын қылыш кесер сынға келді.

Ақырғы тұрмын барлап тұрағымды,  
Шешейін кекей кескен сұрағынды.  
Қара түн жан-жағымнан қаулағанда,  
Кетейін жағып соңғы шырағымды.

Өрт кешкен кебін киіп жолбарыстын,  
Арыстан айға ұмтылып қолға түстім.  
Кекілік тау, Сенгір жазық, асау өзен,  
Күәсі Құркүреуік болған істің.

Тәнірінің түспей қоймас құлышынға,  
Досым да, көзден ұшты туысым да.  
Ақырғы арыз-назым елге жетсін,  
Қалғанша сүм қара жер уысында.

Толғансам болған істі дерек етіп,  
Жау көнбес «осы жөн» деп ере кетіп.  
Кененің туған жерге сөлем хатын,  
Тындастын тау мен дала өлең етіп.

Таймадым ата мирас адал жолдан,  
Келмеді ел қосарлық амал қолдан.  
Аз болып «Қорқыт кері, шұршіт көрі»,  
Орыстар салып жатыр қамал-қорған.

Қазақты қорғамақшы өз елінен,  
Қорғанин ойран түбін сеземін мен.  
Басталып қоныстану өу дегенше,  
Орнады орыстану кезегімен.

Не керек жан қысылса жауға бармай,  
Сайландым тар қыспаққа шыдай алмай.



Тыңдамай сұңғыланы миғұлалар,  
Қор болдым елдің басын құрай алмай.

Жуасты осы шығар түбіттеген,  
Көңілден кетті көшіп үміт деген.  
Откен соң Абылай хан  
Қалың қазақ,  
Ел болдық басымыз бір бірікпеген.

Жау келсе өз әмірін жасатуға,  
Қорлық сол — жарамасақ тас атуға.  
Аттандым,  
Опық жеген қазағымды,  
Ақ патша қорлығынан босатуға.

Салғанда аға сұлтан тұлкі жортак,  
Күн туды момын елді қылған қорқақ.  
Қырғыздан қоныс сұрап дауға қалдым,  
Орысқа сатқын манап жасап жортак.

Ақ патша саясаты бар қарудан,  
Асты да, күнім туды жер тарынған.  
Дос іздеп, дүшпан тапқан күн туса да,  
Бас тарттым алған беттен жалтарудан.

Алладан сабыр етер төзім сұрап,  
Өзімді ақтап кетем өзім сынап.  
Өлтірген Саурықтай елшімізді,  
Манаптар бекер демес сөзімді нақ.

Қай батыр туспес дейсін қолға бөтен,  
Қоштасу салты ежелден қалған екен.  
Сарыарқа, Еділ, Жайық, Қаратаяға,  
Бакұлдық соңғы сөзімді арнап өтем.

Кенениң кемер бұзар сырғы қалың,  
Сырлассам — жау қоршауын ұмытамын.  
Бақұл бол,



---

Сұлу Қөкше, Сексен қөлім,  
Ардақты қош, есен бол, Үлытауым.

Булықса өршіл талап қайнап тұрган,  
Құрысты қол-аяғым байлаттырған.  
Қылыштан жан шықса да жасқанбайды,  
Екі көз мандайдағы жайнап тұрган.

Ақылға қайрат қосар шыдам деген,  
Ақыры белгілі ғой тынар немен.  
Қайтейін басымды алса,  
Рухым өлмей,  
Үрпаққа үлтүн қорғар құрал берем.

Қираттым тас қамалын нелер кенттің,  
Үмітшен ел құлағын елеңдettім.  
Жасқанбай ақ патшадан жалау тіксем,  
Демендер: «Не тындырдың? Неге жеттің?»

Тартынба,  
Кел, Қалиғұл, кес басымды,  
Қөрмесін тірі пенде көз жасымды.  
Жүрегім аттай тулап, шоқтай сөнер,  
Денемде балқытайын қорғасынды.

Досым деп сеніп едім санаттағы,  
Әзәзіл арамызды жау аттады.  
Сіздерге — қалың қырғыз, кінә тақпан,  
Өшіккен білдім сатқын манаптарды.

Тар жерде қапы кетсем өлкемді ойлап,  
Жын-шайтан, залым дұшпан шулар тойлап.  
Аталас егіз елді таластырған,  
Қан-жынға шошқа-қабан болды тоймак.

Қас дұшпан айла тапса жалдап сені,  
Ел-жүртқа сыр ашылмай қалды-ау тегі.  
Осының бәрін болжап, амал таппай,  
Сүм ажал дәлдеп келіп алды-ау мені.



Сын сағат, өкінбеймін келгеніне,  
Орыстың көмегімен женғеніне.  
Сескенем ұрыға кілт ұсташқандай,  
Достаспай әзәзілге ергеніңе.

Қалиғұл, таптың «зорын жазықтының»,  
Мен болдым олжа салған азық бүгін.  
Не дейін?..

Келер үрпақ қатар ұстар,  
Ар-намыс қару еткен уәжіп жүгін.

Сауырық жеткізгенде тілек бізден,  
Оқтасқан жаулап алдым жүректі үзген.  
Көзінді аш,  
Кенесары мен едім ғой,  
Тақтағы ақ патшаны дір еткізген.

Ескердім қазақ-қырғыз — өлке жайын,  
Сол үшін кес басымды, желке дайын.  
Құныма көп ақша мен алтын атап,  
Береді жез жалатқан сөлкебайын.

Патшаны кеше боқтап, бүгін мақтап,  
Жылпостар алдарқатты құлық сақтап.  
Мен үшін алар олжаң құтты болсын,  
Басымды есен жеткіз күтіп-баптап.

Құрбан боп ар үшін де, зар үшін де,  
Қалса да қайсар денем тау ішінде;  
Шошытып бас сүйегім үрей салсын,  
Мызғымас мысым қалсын жау ішінде.

Бас ұстап жұлде алсаң әрең жетіп,  
Кенеігер патша жері өлем бекіп.  
Өзің де бұл фәніде көп жүрмессің,  
Жұмылмай екі көзім зәрен қетіп.

Рухым қылышызы шідерлейді,  
Өлсем де ертең маған сын ермейді.



Қоныстас бауыр басар досты өлтірген,  
Аруақ тым алысқа жібермейді.

Қас батыр мандайынан тер кеппейді,  
Тер кеппей келер күнді зерлетпейді.  
Ақ патша айтағына көне берсек,  
Алатау етегінде көр жетпейді.

Бәрібір айбыныма ере алмайсың,  
Мені емес,  
Өз елінді тек алдайсың.  
Мертіккен арыстанды зәбірлесен,  
Қабанды жалғыз-жарым жеңе алмайсың.

Жауыма қаһарландым,  
Болсам қатал,  
Шын достың құрбанымын өскен қатар.  
Атымды қазақ барда ешіре алмас,  
Артымнан аңдып қуып, жеткен ажал.

Қош-сау бол,  
Сарыарқаның самал желі!  
Қөпсінді тағдыр бүгін саған мені,  
Белініп қазақ елі тоқсан саққа,  
Тұл болды Қенесары арман-шері.

Елімнің төре, бекзат, болысына,  
Қаймығып бас имедім қол ұсына.  
Қақ төрін туған жердің алса-дағы,  
Қолпаштап жалбарынды-ау орысына.

Әрине, орыстың да орысы бар,  
Надұрыс кездеседі долы шұбар.  
Қазақты неге өзімен тең көрмейді,  
Өз жері, өз меншікті қонысы бар.

Наз айтса нағыз қазақ маған келіп,  
Терелер көрді оны «жаман желік».  
Кең дала бір сілкінді не де болса,  
Азат таң, арман-сөule арай беріп.



Жалтарса танымастай — танығаны,  
Батыр да жаны тозып тарығады.  
Қаталдық қанға біткен мінез болса,  
Адалдық — ана сүті дарығаны.

Не көрмес жорықшылар жол үстінде,  
Қол сынса кете барды жең ішінде.  
Бұлқынған Бұланбайда бұлаң болдым,  
Құлан боп қалмай жердің тегісінде.

Жоғалды тау ішінде бар шыдамым,  
Өзгертіп бас батырды қамшыладым.  
Ақжолтай Ағыбайды ренжіткен,  
Ағаттық естен кетпей жаншыламын.

Сүм жалған көрген сәтте тарлығынды,  
Қаймықпай төгілтемін бар мінімді.  
Ақжолтай бас батырға:  
«Басқар, — деппін, —  
Арқадан еріп келген Арғынынды».

Өкініш ет жүректі тілімдейді,  
Екі көз өзге жанды бір ілмейді.  
Атылса қарсы алдыннан қанды қақпан,  
Аруақ соққан денем дірілдейді.

Ақжолтай естен кетіп Арқадағым,  
Өудемде бүлініпті бар таланым.  
Женістің жетекшісін жоғалтқан соң,  
Күнәні өз мойныма арқаладым.

Көл құрғап, жолы азайып жолбарыстың,  
Даласыз тау қоршаған торда алыстым.  
Әйтеуір келешектен үмітім мол,  
Әділет ашар өңін болған істің.

Кернесе жалын шарпып жанған үшқын,  
Абылай аруағын жалғап үштүм.  
Ел азып, төре тозып, ес кеткенде,  
Бірліксіз сүрқы кетті қолғабыстың.



Узікті суыртпақтап сабақтадым,  
Батқан күн, байқамадым, таң атқанын.  
Қайтейін, басымды алса, атым ешпес,  
Ел сақтар асыл арман қанаттарын.

Тұнімді шатастырман күндізбенен,  
Жазықсыз жаутаң еткен гүлді үзбеп ем.  
«Қабанды қабан жармас» деген бар ғой,  
Қазақ дос болу керек қырғызбенен.

Барымды сарқып бүгін айта аламын,  
Қоштасып қиял жүгін қайталадым.  
Сыртқы жау, ішкі досты абайламай,  
Бақ жанбай зая кетті бар талабым.

Өзімді-өзім жептеп, мақтамаймын,  
Кетпейді құрдым болып жоққа қайфым.  
Мың қарғыс жетсін патша жендетіне,  
Қырғызға ыза, кекті сақтамаймын.

Кененің орындалмай бір тілегі,  
Білген де, білмеген де түрпіледі.  
Ағайын, ешқашан да ел болмаймыз,  
Бас қосып бірікпесек түркі тегі.

Арманың қазағымның жасырмадым,  
Бағынып патша-оязға бас үрмадым.  
Арасын қырғыз-қазақ ашып алып,  
Құлығын көрдім жаудың асырғанын.

Қарамай егіз қозы үнімізге,  
Дақ түсер деп санамай дінімізге.  
Айлакер жалдал-бұлдал, шен тарқатып,  
Жау етті бірімізді-бірімізге.

Амал жоқ тау ішінде бітсе нәсіп,  
Кетпедім шұбан келіп, жылап қашып.  
Алатау топырағы торқа болар,  
Батырға азаттыққа болған ғашық.



Алды ажал менен бұрын Науанжанды,  
Ах ұрмас енді қанша дауам қалды?!

Құдайым Ағыбайға қуат берсін,  
Өзенде кешіп өтіп аман қалды.

Ел түссе қамауына қалың зардың,  
Төреге қайтып тілді алғызармын?!

Дін тұғіл, ділден bezіп жүргендерді,  
Дүшпанға қалай қарсы барғызармын?!

Өмірім өлшенбейді өлімменен,  
Рухымды жасыра алмас көрім терең.  
Қоқан да орысқа еріп қырсыққанда,  
Көрген тұс аумай кетті өңімменен.

Шайқаста талай берік қамал бұздым,  
Бір күнде шөлмек сынды, амалсызыбын.  
Төрдегі ақ патшамен дос бол кетіп,  
Төрелер кебін киді табансызың.

Фұмырым — бір ұшқының, елім, сенің,  
Өзгеше тіршіліктен безуші едім.  
Орыстар кеп орнатқан қалалардан,  
Боларын бір сұмдықтың сезуші едім.

Атыңнан айналайын, Науанжаным,  
Қанаттас өрістеді бар арманым.  
Іске мәрт, сертке берік тірегім ең,  
Әл берді елден ерек жарапғаның.

Жанарың жау шошытар өткір едің,  
Жарқ етті қоштасқандай көп тілегім.  
Бауырым, бұғінгі күн арпалысы,  
Айнасы келер күннің деп білемін.

Жығылса сары ала ту тұрған жайнап,  
Қарыстым, қайыспадым бұқпантайладап.  
Қалың жау қоршауында қалған кезде,  
Ішімді етті сұық жылан жайлап.



---

Жетесін білмей істің кең жалғанда,  
Қиналдым қалдырыдым деп елді арманда.  
Жан анам,  
Ақ сүтінді кешіре гөр,  
Бір жұтар ең ақырғы дем қалғанда.

Фафу ет, артық кетсем, туған елім,  
Аз емес көкірек кернеп буған шерім.  
Ағайын, қырғыз елі, кешірім ет,  
Жел берді Саурық үшін туған кегім.

Жақсының бұрын жетер үні күнге,  
Өзгеше менің тартқан күйігім де.  
Егіз ел Алатауын бейіт етсем,  
Аруағым жүрер құзарт биігінде.

Ақтық сөз ел алдында сұрауы бар,  
Адамнан бұрын оны Құдай ұғар.  
Қазақтың аспанында мәңгі сөнбей,  
Есімім жүлдyz болып кекте тұрар.

Шақырса бұлт қанаты сырласуға,  
Үнімді ұластырап нұрлы асуға.  
Көк тұман қоршауында қайғым тұнып,  
Ой салар бір ғасырдан бір ғасырға.

Бақ жанса мен де қайта жарқырармын,  
Той жасап, туар халқым талпынар күн.  
Тамұқтан жұмак жаққа аттанарда,  
Қонаққа Қалиғұлды шақырармын.

Ақжарма түгел айтсам ақтық күйді,  
Құтпеймін дүшпанымнан тәтті сыйды.  
Бөріні қорадағы кім босатар,  
Шоқпарым менің-дағы қатты тиді.

Әу баста елім қолдап қанаттандым,  
Сонынан бітім таппай қарап қалдым.  
Бауырлас, қалың қырғыз, сөге көрме,  
Қырығы тисе сатқын манаптардың.



---

Сеністім адал доспен халқым үшін,  
Сарқылды жау қолында ақтық күшім.  
Аталас сүм төрөні төмпештедім,  
Қақ жарған қара қылды салтым үшін.

Жер-көктің таралыппыз Шыңғысынан,  
Елді ойлап,  
Күндерім көп шын қысылған.  
Сиқырсып орысқа ерген манаптарды,  
Кешір ары таза қай мұсылман?

Соңғы сөз тәмам болса — қоштасқаным,  
Елге аян тұра шауып от басқаным.  
Не дейін?  
Есен-аман көрем деуші ем,  
Бауырлас қазақ-қырғыз достасқанын.

Осының бәрін түгел елесек те,  
Парыз көп, батып тұрмын берешекке.  
Бітпеген оң ісімді жалғастырар,  
Тапсырдым ат шылбырын келешекке.

Алдында ажал атты зілзалаңын,  
Сағындым жусан исін гул даланың.  
Жоғалтпай әр сөзімді елге жеткіз,  
Жабығып жау алдында тыңдағаның.

Болғанды болашаққа жалғадым мен,  
Үзбеймін ақ үмітті алда күннен.  
Алты алаш жүргегінен атым өшпес,  
Жат жерде белгісіз бол қалғаныммен.

Жерді алып орыс асса кемелінен,  
Жасқанбай қарсы шыққан Қенемін мен.  
Есімім маздақ болып жанар әлі,  
Ел сыйлар еркіндікке сене білген.

Шығарса ығырымды жан толқыттым,  
Білгенге түбі терен ой қортыппын.



---

Есімнен шыққан емес қайда жүрсем,  
Есімі Едіге мен ер Қорқыттың.

Сөзім жоқ ақыреттен адасатын,  
Емеспін ықта қалар аласа шын.  
Сұмдыққа көзім көрген шыдамадым,  
Ақ патша сезіп озбыр саясатын.

«Қош!» деуге тіршілікті қимайды адам,  
Ет жүрек қағаз болды шимайлаған.  
Адалмын, ал, табиғат, құшағыңа,  
Батыр боп жер бетіне сыймай барам.

Қара су — тозған елден төзім деген,  
Соны ойлап тұндерім кеп көз ілмеген.  
Айылым жиылмаса ел қорғаудан,  
Айыбым кете барсын өзімменен.

Деді де бір қарады ел жағына,  
Ет қызу,  
Келді шабыт дер шағына.  
Жаңғыртып Алатауды, ұзақ шырқап,  
Құйылып әнге қосып кетті ағыла....

### *Екінші толғау*

Тақалса тыныс ақырғы,  
Сөз туар дәмі татымды.  
Қапылыс қолға түссем де,  
Жоймаймын ес пен ақылды.  
Қасым хан ұлы затым-ды,  
Сақтайын Қене атымды.  
Ұмытпастай тұған ел,  
Жолдайын соңғы хатымды.  
Мұнартып қарап мұнарға,  
Құмартып қырда шынарға.  
Айтайын соңғы сезімді,  
Көңілдің кірін жуарға.



---

Байқалар жүйрік желістен,  
Жайқалар бұта жемістен.  
Жемісті елмен теріскен,  
Жеңісті қаққа бөліскен.  
Береке-бірлік жиысқан,  
Тар үмеге сыйысқан.  
Қатерлі жерде жол тауып,  
Шықпаған жалғыз уыстан.  
Айырып бұлтты шыққан нұр,  
Қабақтан қалың ұққан сыр.  
Ымдасып жалау іліскен,  
Жүрекке жалау іліскен,  
Есен бол, асыл достарым!

Бәтуа сөзге баптанған,  
Дүшпаннан жіті сақталған,  
Кептірмей терлік аттанған,  
Жалықпай жарau қақталған,  
Жауымның құлқын ақтарған,  
Кияға талмас қанатым.  
Құтты күн, сәтті сағатым;  
Құлшынсам қуат алатын,  
Талпынсам табар тағатым,  
Шалдықсам дәрмен табатын,  
Адассам шырақ жағатын,  
Жау келсе дабыл қағатын,  
Батырларым, бақұл бол!

Қырандай баулып баққаным,  
Дүшпанға салар қақпаным.  
Қалың жауға шыққанда,  
Букіл елден тапқаным.  
Атадан қалған бұрынғы,  
Айтқызбай ұғар сырымды,  
Қыспакта бұзбас ырымды,  
Атойлап жаққан нұрымды,  
Айқасқа кірсем жұлдысып,  
Аруақ қосар тырысып;  
Қиналса кетпес сұысып,



Мұлт бассам қалмас жылысып,  
Әл бере айла құрысып,  
Қатерден тұрмас бүрісіп,  
Сүрінсем белді буысып,  
Жан пида еткен тырысып,  
Сарбаздарым, бақұл бол!

Болат тұяқ күліктім,  
Туыстан қымбат іліктім.  
Дұшпанға айбат, досқа құт,  
Ел ішінде іріктім;  
Намыста туы жайнаған,  
Жарыста қаны қайнаған,  
Сайыста жұлде байлаған,  
Көрісsem салмас байбалам,  
Екі дай жерде таймаған,  
Бекініс толы айналам,  
Төрімді бірге жайлалаған,  
Бақұл бол, қайран құрдастар!

Пәленің отын бастырған,  
Жорықта жүріп тақ құрған,  
Өсекке қақпан шаптырған,  
Содырдың аузын жаптырған,  
Қыңырды беттен қақтырған,  
Айтар сөзді шақ қылған;  
Іздесем кенес таптырған,  
Сайлаған жайлы ат, тұрман,  
Тайғанақ жолда сақ қылған;  
Қош бол, елдің сыйлысы,  
Сыйлысы әрі мильтысы —  
Маймене мен Майсарым!

Заманнын үққан желісін,  
Әр істін оң мен терісін,  
Арылтып ауыр дертімнен,  
Үміт күткен сертімнен,  
Зердесі жігер көбейтіп,  
Әділдік айтып серпілген.



Көндірген сөзге ел ішін.  
Ақылмен жайып өрісін,  
Дүшпаниң әрі-берісін,  
Талқылап тапқан келісім,  
Жептеуін тапқан жөн ісім.  
Еділді кешіп жарда өскен,  
Жайыққа талас тарда өскен,  
Арқадан ауып шұбырып,  
Қалың елмен зар кешкен;  
Қас жауы шеккен азаптың,  
Аңсағаны азат құн,  
Хош, есен бол, Тілеулес,  
Билері дана қазақтың!

Есерлерде жырылып,  
Естіге қарай сырылып,  
Екі дайға күш берген,  
Тілеулес, қамқор бұрылып,  
Тетігін ашқан қыынның,  
Үйтқысы берік үйімнің,  
Иманы орда үйімнің,  
Өлшемі көрген сыйымның,  
Көне көз көптің тілегі,  
Елгезек елдің жүрегі  
Ақсақалдар, есен бол!

Жалауы дархан жиынның,  
Жалғасы шексіз қыырдың,  
Тілегін тапқан дүйімнің,  
Жарқыны жеткен күйімнің,  
Айқанат құла мергенім,  
Құрыш төс қара шенгелім,  
Жалғыз көз дәуді жеңгенім,  
Жаһанда қымбат сенгенім,  
Жаманға салған ойралаң,  
Жақсыны тапқан қоймадан,  
Сайысқа асau тоймаған,  
Асыға күткен тойлы алан,  
Тағдырмен қatal ойнаған,



---

Киялға терең бойлаған,  
Өмірге сенім жоймаған,  
Абылайдың ұшқыны,  
Ағыбай батыр, бақұл бол!

Мақтаны бүкіл тұріктін,  
Оза да туған сүйіктім,  
Ақтаңгер аға сұлтанды,  
Азамат деген биектін.  
Халқына берген білгенін,  
Ортаға салған ілгенін.  
Жалғаған құн мен тұндерін,  
Байламы құтты іргенін.  
Кебейткен ақыл мың кенін,  
Құлпыртқан тойдың гүлді өнін.  
Әперген жастай түрлі өнім,  
Ақыретте біргемін,  
Науанжан бауырым, бақұл бол!

Арманы бітпес жалған-ай,  
Қақпанға тұстім андамай.  
От басы, ошақ қасы емес,  
Тоқтайын ұзак сарнамай.  
Алысты ерте барламай,  
Өкініш жүрек жарғаны-ай!  
Көрінбей көзге Сарыарқа,  
Тым алыста қалғаны-ай!  
Күрмеуге келмей қысқа жіп,  
Сандалмаға салғаны-ай!  
Жақсының ісі уәжіп,  
Жас үрпақ қоймас жалғамай.  
Нәр алып елім өсектен,  
Талқыға бекер салмағай.  
Діні бірді еш еткен,  
Кер заманның қармағы-ай!  
Қазақтың басын құрам деп,  
Дүшпанды кері бұрам деп,  
Арпалыс кешкен ер Кене,  
Ойлап па ең осылай тұрам деп?!



---

Намыстан қия баспаған,  
Арсызға құшақ ашпаған;  
Есімім өшпес елімде,  
Еркіндік жолын бастаған.

Жалғасар күшті нәрменім,  
Киелі рухым бар менің.  
Түссе де басым жалбағай,  
Өзінді өттім алдамай,  
Бақұл бол, қайран туған ел!

### *Эпилог үшін*

Сөз бітті. Айтар мұң бітті,  
Тұншықты тарлан қарқыны.  
Кетті айтып асыл шындықты,  
Салмасқа бекер талқыны.

Тұрғанда қылыш жаландап,  
Қоштасса отты жыр құрап:  
Жүректін жүргін тәмамдал,  
Шындықты айтты шырқырап.

Айыбын атап мың есе,  
Ар-намыс шындал бекінді.  
Манапты шенеп, мінесе,  
Қырғыздан кешім өтінді.

Хан Қенені қыздырған,  
Саурық елші өлімі.  
Манапқа ірге бұздырған,  
Орыстың озбыр желігі.

Құбыжық жауға үқсатты,  
Еркіндік туы, жұлдызды.  
Қаруын патша ұстартты,  
Қазаққа шаптап қырғызды.



---

Кейбіреу білмей осыны,  
Надұрыс сыбыс шұбыртты.  
Заяға кетті дос үні,  
Әр саққа әркім құбылтты.

Білмester қанша дау қылды,  
Құлаққа жақпас сарыны.  
Қырғызға кесел жау қылды,  
Достасар Қенесарыны.

Біздің де кейбір шатылған,  
Өсекке жеңіл барды көп.  
Жүгіртті сыбыс: «Батырдан,  
«Қырғыздар тұқым алды», — деп.

Ерсілік осы — білгенге,  
Есердің тілін алмайық.  
Егіз ел болып жургенде,  
Әзәзіл сөзге бармайық.

Адалдық жолы — салды ізге,  
Ақиқат ақтық иесі.  
Арауаққа тіл тигізбе,  
Атпасын десең киесі.

Барым сол жаным меңгерген,  
Кенекем қазақ қыраны.  
Еліме өшпес дем берген,  
Бостандық — оның ұраны.

Шындықты білу бар мәні,  
Сенбестік алсын келмestік.  
Кененің кемел арманы —  
Бұгінгі біздің дербестік!

2002.  
Алматы



## ОТЫРАР САЗЫ (Лирикалық поэма)

*Kiricste үшін*

Жарқын өмір нарқын айтар сырым кен,  
Өлшенбейді ол,  
Туған, өлген жылыңмен.  
Ерен іспен өлшенеді деп білем,  
Ай жалт қарап,  
Сансызың жұлдызың үңілген.

Өлшенеді ол, оза шапқан дүбірмен,  
Не болмаса бір ауыз сөз, бір үнімен.  
Байқалады із қалдырар ғасырға,  
Барша жүртты дүр сілкінтекен күніңмен.

Туар мезет,  
Туың сәтті ілінген,  
Занғар шыңға жеткен өрең білінген.  
Туар сағат,  
Қасиеті, киелі,  
Аруақ жебеп өлгендерің тірілген.

Жетті бүгін сол ақжолтай сыйлы күн,  
Сыйлы күнім —  
Сазды, назды күйлі күн.  
Чайковскийдің, қасиетті залында,  
Нұрғисаның нұры жанған шағында,  
Құрды қазақ күй төресі билігін.

О, туған ел!  
Терген, жиган, орғаның,  
Қүй боп кетті,  
Қала, дала, орманың.



---

Көңіл тойып, құлақ естіп, көз көрді,  
Мәртебенің асып, тасып толғанын.

Бұл биікке құлшынысы мол көптен,  
«Отырар сазы» келді кезек төрлеткен.  
Тында, Тында!  
Салауатты алқа топ,  
Қазақ күйі өзге күйден кем деп пе ең?

Тасқын күйлер жан толқытпай қоймайды,  
Тұсіреді көкте жүрген қолға Айды.  
Ақыл, сезім, ақ желкені желбіреп,  
Терең жатқан мұн, шерінді қозгайды.

Ауылды аңсап көптен сыртта жүр едік,  
Қаяу көніл бүгін елтіп түр еріп.  
Күй-құдірет Мәскеу төрін жайласа,  
Құмбірледім өз-өзімнен жыр өріп.

Тында, Тында, бауыр-туыс халықтар,  
Елдің сыры, елдің мұнды анық бар.  
Татьянаның әні де еркін шалықтар,  
Аттанарда ақ батасын беріпті.  
Құрманғазы, Тәттімбеттей — алыптар,  
Абай, Жамбыл тұлектерін танып қал.

### *Аттанаңыс*

Құлақ күйін сансыз аспап сарындағас,  
Құрап жатыр бұлақтардай ағындағас.  
Алуа жүзі алабөтен сүйсінтіп,  
Сөз бастады сахнада жас қарындағас:

— Беймәлім демейміз қазақта,  
Шаһарлар тарихи санатта.  
Фараби бабамыз,  
Отанын қараңыз,  
Күй байлас жіберген қанатқа.



---

Қазба да, жазба да қосылар,  
Таңбалы тастар да оқылар.  
Белгілі шешімі,  
Қала бар есімі —  
Отырар... Отырар... Отырар...

Әлемге әйгілі мұрам бар,  
Сенбесең тарихтан сұрандар.  
Фараби назын,  
Отырар сазын,  
Жаңғыртар қырдағы құландар.

Ақша да, Қекше де биіктер,  
Ақ ниет сәлемін сүйіп көр.  
Қарашық шоқтары,  
Отырар оттарын  
Жайнатып өтеді киіктер.

Қаз дауысым білінсе лебімнен,  
Месқобыз тебіренбес тегіннен.  
«Бес төре», «Сылқылдақ»,  
«Серперім» құлшынбақ,  
Үкілі домбыра шегінен.

Бос көшіп жүрмедік қырда біз,  
Аз емес күйлі абыз, жырлы абыз.  
Жайдары қызы келді,  
Айдарлы ұл келді,  
Айтарын асықпай тыңдаңыз.

Түркістан шаһарын барлаймыз,  
Өткенді бүгінмен жалғаймыз!  
Солқылдалап сазсырнай,  
Назданып балқурай,  
Тарихқа ескерткіш арнаймыз.

Кербез күй, әнімді нұрлы асыл,  
Зиялды дос қауым тыңдасын.  
Бір қиян, бір ғайып,



«Әлқисса» тыңдайық,  
Толғаулар іздейді сырласын.

Сұлу саз үшырса жан құсын,  
Жанданар әр бейне, әр мүсін.  
Сан ғасыр құрғаның,  
Ашқанда тың сарын,  
Бабама арналар алғысым!

Фасырлар дүбірін салмақтап,  
Күмбездер күмбірін ардақтап.  
Көк аспап нәрлі үнін,  
Көненің қалдығын,  
Перзент бар жинаған бармақтап.

Із таптық қаладан, даладан,  
Қожа Ахмет Йасауи данадан.  
Өшкенім жанданды,  
Қанатым жалғанды,  
Арыстанбап бабамыз қалаған.

Тыңдасын мұхиттар, құрлықтар,  
Айтарым аз болса кім құптар.  
Дүркіреп алқымдап,  
Күй кетсе қарқындалап,  
Дір еткен дыбыста шындық бар.

Кең дала байқатар сымбатын,  
Кей заман шайқатар зұлматын.  
Махамбет жаны бар,  
Исатай қаны бар,  
Айғақтар нұрлы арман бір сәтін.

Қос ішектен шырылдан мұң шығар,  
Адал ұқ, сақ құлақ сыншылар.  
Беріндер төрелік,  
Күй төгіп көрелік,  
Биік бар жер-көкте біз құмар.



Таулардан сәлем ал, біз туған,  
Қырандар қалғыған күз, қырдан.  
Достарым, біле біл,  
Құт мекен ұлы елім,  
Абайдай ұл туған,  
Динадай қызы туған.

Жаным пәк, жүргегім гүл баулар,  
Өн шалқып, қосалқа қүй заулар.  
Елендеп келіп ем,  
Сертіме берік ем,  
Қүй құмар достарым, тыңдандар!

### *Кербез қүйлер желісі*

Содан кейін оркестрді қолға ала,  
Сақ дирижер тұғырланды толғана.  
Желе-жортқан ұқсан жүйрік жорғаға,  
Қосакталып ескі аңыз бен тың ырғақ,  
Қүй тайпалды айттар назы молдана.

Мені бірге жібергендей көмекке,  
Естігенді салдым інк р елекке.  
Бөтен үн жоқ жарамастай керекке,  
«Отырар сазын» тыңдал отыр Москва,  
Кетті қүйлер тербетіп те, бөлеп те.

Көтерілсе санлақ сарын белеңім,  
Осы еді ғой аңсап күткен керегім.  
Шайқап өтті қайран «Ата толғауым»,  
Тірі пенде көңіл-теңіз тереңін.

Сырнай-керней жасап жылы төгілім,  
Мың құбылтса үйлесімді өрімін.  
Іште нала, тыста жала өшкендей,  
Зәмзәм үнге шуақтады көңілім.



Кейде күйден өрбіп өжет қайсарлық,  
Жарылқайды жасартқандай аң-таң қып.  
Женілдейсің құрығандай біржола,  
Дүниедегі құлық, сұмдық, сайтандық.

Сүйіншіні ҫұрап ма едім ел-жүрттан,  
Сезімім пәк сәуір-сәуле селді ұққан.  
Жер бетіне орнағандай нұр жұмақ,  
Сәт орнады өңін бұзбас бейбіт таң.

Жас оркестр алған төрде кезекті,  
Қаз қалпында айтсам шырқау мезетті.  
Ә дегеннен жайлап әуез өзекті,  
Саңқыл-сұңқыл құс базары сияқты,  
Алпыс аспап қақты алуанbezекті.

Көнілімде шаттық пен шер алмасқан,  
Тармақтарын сыбырлады жыр-дастан  
жаза бердім,  
Қызықсам да бұрылышп көз бұрмастан.

Жыр төгілді әудем сәткे тынбастан,  
Жұрт дүрліккен үзіліске тұрмастан.  
Жаза бердім елден келген достармен,  
Кішігірім той ырымын құрмастан.

Өтер жылдар...  
Жылжып шапшаң келер күн,  
Дөп баспасам,  
Тебіренейін, толғанайын, шалқынын,  
Көпшік сөзге сенер кім.  
Туды шалқар шабытқа ерік берер күн.

«Қосалқалар» қос бұрымдай өріліп,  
Сылан қақты бұлттар көші сөгіліп.  
«Елім-айдың» зарлы әуені төгіліп,  
Ілкім сәтте орнай қалды тыныштық,  
Қаратаяудан көшкен керуен көрініп.



---

Домбыралар шым-шымдаса біртінде,  
Сансыз үен үн ұзартты уілде.  
Жан баурады қылқобыздар дірілде,  
Мезет туды толқындаған толғаудан,  
Күй атасы кейуана қарт тірілмек.

Зар заманда «Жерүйықты іздеген,  
Асқақ қиял ақ қанатын үзбеген.  
Жалт қараймын асатаяқ үніне,  
Асан Қайғы отырғандай бізбенен.

Сүмбіл саусақ, құлын білек, ақ жібек,  
Төгілтеді дала-қиял, наз тілек.  
Корқыт ата қоңыр сазы заулады,  
Киіктердей қырдан қашқан тастұлек,  
Домбыралар бебеулетіп кетті үде.

Құтты екен фой «Ата толғау» жолдары,  
Зал иесі — Петр Ильич қолдады.  
Құс үніне мыс сыңғыры жалғасып,  
Дыбыс қосты орыстың зор органы.

Тұғырласты, ғұмырласты, жалғасты,  
Дана сарын, дала сарын алмасты.  
Мың жылға тең ілкім мезет сондағы,  
Нұрғисаға бақыт құсы жармасты.

Дешті Қыпшақ көмбесінен ескінің,  
Көзін ашқан кей аспаптың кешкі үнін.  
Өзге түгіл өзім түңғыш естідім,  
Атын біліп, затын білмей жүретін,  
Жаңа көрдім жетігеннің кескінін.

Жез сыйызығы — көп ойықты бір тұтік,  
Меруерт — сыңғыр солқылдайды тіл бітіп.  
Көніл толқыр, жаңың құштар үн күтіп,  
Гауһар дыбыс үн сәулесін шашады,  
Сыңғыраулық қоңыраулар сілкінтіп.



---

Атыраудан «Сарыарқаға» өрлетіп,  
Құрманғазы «Серперлетті» тіл бітіп.  
Тәтті бабам «Көкейкесті» шөлдетіп,  
Шертіп қақты көңіл төрін қөлдетіп.

Сүгір сарын «Бозінгенді» боздатты,  
Оңтүстікten қосылғандай Момбеков.  
Мұхамеджан Жаңаарқадан дем берді,  
«Дайрабайды» дабылдатты желдетіп.

Күй-шежіре тірі жанды толқытқан,  
Бой сергітті таза ауадай мол жұтқан.  
Көп сыншылар көз алдымда сүйсінді,  
Бірін-бірі түртіп қойып қолтықтан.

— Көрші көркем, күтімді екен көлігі,  
Ұтымды екен қызу басқан керігі.  
Дирижер де, оркестр де өзгеден, —  
деп отырды — әуезділеу, көп ірі.

Тілі өткір ішінде бір жастауы,  
Ұнап отыр маған тізгін тастауы.  
«Қайталанбас бояу, мәнер астары,  
Міне, таза этнография, фольклор,  
Мол, — деп отыр, — қазақтардың аспабы».

Құлшыныста еркіндік бар, екпін бар,  
Бірге күліп, бірге ырықсыз шектім зар.  
Кей ырғактан тірі сурет көресің,  
Шаттық та бар,  
Шырқау шепте көп мұн бар.

Ән мен күйге жалау етіп ұстарлық,  
Тіршілікке осында екен құштарлық.  
Мынау дана! — деді бірі тамсанып,  
— Жөптеген мені, — деді етпей іштарлық.

Салауатты әуезқұмар мәнері,  
Болса жігіт, басқа да көп әлегі.



---

Әр сөзінде ырым да көп кәделі,  
Сыбырлайды деп досына ақырын:  
«Қобызшы қызы неткен сүмдик әдемі!»

Жай отырмай екеулесіп сыр ашпақ,  
Шыдамайды досы сезім құраспақ.  
Қайран қалып отыр қазақ қызына,  
Тамсанады бірін-бірі растап.

Бар мейманды інкәр етсе қыз көркі,  
Гүл жайнады бірде ұялшак, бірде еркін.  
Кейде кербез, тақта отырған патшадай,  
Кейде толқып бебеулетті біркелкі.

Ажары сай үлде менен бұлдеге,  
Ондай сипат бітпес раушан гулге де.  
Қызыл-жалын еріндері бұлк етсе,  
Ұмысныамын татырардай бірдеме,  
Тәтті тәбет оралды ғой тілге де.

Алма-қыздар көз алдымда толғасын,  
Елесттепті жас күндегі жолды асыл.  
Содан болар, сағынбайтын күнім жоқ,  
Алматыдай алма-аруласын.

Елендettі ескі елестер не түрлі,  
Әлгі бір қызы таныс бейне секілді.  
Мейман түгіл, өз мазамды кетірді,  
Жаным менің  
Сағыныштардан жаралған,  
Қайта туды, қанатталды, жетілді.

Осынау қыздай балғын еді жасында,  
Елесттім қос өрімді шашын да.  
Келмей ме? — деп күдіктеніп тұрғанда,  
Бас қататын Бас арықтын басында.  
Құтты сәске жетпегендей қол үзім,  
Әкеліп тұр сұлу саздар жол ізін  
О, Махаббат!



Тартқызып ең сен талай,  
Қыз жолында қыл жүректін қобызын.

Отырғандай ұмытқаным алдымда,  
О, құмарым!  
Қайтадан бір қандын ба?  
Қуаныштан... есенгіреп қалдым ба,  
Неде болса барып қайттым пейішке...  
Бір малшындым күйлі сәүле таң нұрға.

Іліп алар жасанды жоқ сезімде,  
Толқып кеттім, тез алмасты сөз үнге.  
Қойын дәптер толып кетті өлеңге,  
Үзілістің — жұрт шай ішкен кезінде.

Ерменім жерлесіме «жұр» — деген,  
Өлең жазсам ішпей-жемей түрленем.  
Достар жақсы-ау дәл сол сәтте сыйласып,  
Байланысын келтелеуді білмеген.

Ерке шабыт жетегіне ерейін,  
Күйлі аспаннан түрлі жұлдыз терейін.  
Маган бүгін шарабыңдан жыр қымбат,  
Елден ерек өсіп түр ғой мереім.

Беу, ағайын! Райға көш, қой, сөкпе,  
Шәйді қайтем, өлең мені салса өртке.  
Үшқыр уақыт желдей жүйткіп өткенде,  
Оршелене жалғасты күй-концерт те.

### *Құлшының*

Тілендиев таң қалдырыды лезде,  
Өжеттік бар алғыр қыран мінезде.  
Құлшыныстан терең ұқты жан сырын,  
Тыңдаушылар тілегі бір, тілі өзге.

Өзі ширақ,  
Көзі ымдайды айтарды,



Еркін сілтеп, су жорғадай тайпалды.  
Оркестр де,  
Миуа ағаштай албырап,  
Мың-мың жеміс төгілгендей жайқалды.

Қанат жайып, бойын еркін ұстайды,  
Беті қайтпас қолбасшыға үқсайды.  
Иек изеп, қабақ қағып нұсқайды,  
Ақынқтай ілер құсын бұлтартпас,  
Күйлі аспаптар үн, дыбысын ұштайды.

Ағындал тұр тілсіз тілмен әмір қып,  
Бірлесіпті құштарлық пен кәмілдік.  
Әр адамның ансағаны елестеп,  
Фашық-әуен еркеленді тамылжып.

Чайковскийше әдемілеп шалқуын,  
Биге ұласты балапан ырғақ аққу үн.  
Сексен көлдін сексен сері құстары,  
Саңқылдатты Үкілі Ыбырай «Гәккуін».

Ақ Жайықтан өтті әлеміш күймелер,  
Күй ыргалды қызы Жібек бол түрленер.  
Қабаттасып кешегі мен бүгінгі,  
Туды маусым Қаратаяулар гүлденер.

Күйдің нәзік ләzzат құйғыш жетегі,  
Сұлу қыздай кейде қылмаң етеді.  
Қас қағымда сәруар дыбыс сәулесі  
Таң шолпандай жарқыл қағып өтеді.

Көңіл жайлы, мамыражай бабында,  
Мың, мың тоты сайрап жатты бағымда.  
«Жезкиік» те жүйткіп өтті жаутаңдал,  
Әппақ төсін тосып күміс сағымға.

Балғын бұлақ, әнші құрақ, тау маңы,  
Елестейді ақ жаңбырдың жауғаны.  
Қозы маңырап, кісінейді құлын-тай,  
Елестейді женгем бие сауғаны.



---

Тіл жетпестей сезген сырым өлі көп,  
Саумал ауа, жусанды жел дәрілеп.  
Қойғандай-ақ әтірлі әуен сәні кеп,  
Кекіректің көксегенін табады,  
Үннен дыбыс, дыбыстан үн дәлірек.

Көне аспаптар жаңа тілде жанғырып,  
Тұрлі түсті бояу тапса таң қылып.  
Әудем сәт бауыр басып кетеді,  
Балалық пен Даналық,  
Бір мезет пен мәңгілік.

Әрі қарай самғау шебін таңдал па,  
Әлде күйлер бой үрді ма аруаққа.  
Ту көтерді,  
Шу көтерді, тың ырғақ,  
Бастап кетті кең даланы тау жаққа.

Шапқын желіс, тасқын күйлер салды асыр,  
Өтті көзден дала көшкен сан ғасыр.  
Жетті білем жаратқанға сұрағым,  
Жақты көңіл шала сөнген шырағын,  
Төкті кеше өткен күндер жанға сыр.

Етті өзгеше мамыр күйлер шуағын,  
Септі бүршақ бұлкілдеген бұлақ үн,  
Дерпті көкірек тапты аңсаған құмарын.  
Соққылаған  
Шойын тұяқ тас жолды,  
Қашқан жылқы шалды ырғағын құлағым.

Тез төгілді сол бір сәтте сыр қалын,  
Шарпып етті ақ жалын мен көк жалын.  
Дүние-дүрмек тына қалып тыңдаған,  
Әлем сезді саңлақ сарын туғанын.

Қара арғымақ от жанары жер жұтқан,  
Кісінеді айырылғандай ел, жүргітан.  
Жалт қарады күйші жігіт күніреніп,  
Жан серігі қиналғандай дос тұтқан.



Дүлей боран үйтқып шапшаң басылды,  
От, найзағай көктен жалын шашылды.  
Дана-жүрек, дала-жүрек булықты,  
Жылады ма... тас-талқан боп ашынды.  
Қарабарқыт бұлт жөнкіді аспанда  
Қара теңіз,  
Ақ теңіздер тасынды.

Ой-хой, шіркін!  
Бұл не деген дүрбелең,  
Тоғыз толғақ толқынданды қүй желең.  
Жаңғыртты ма кісен ашқан сыңғырын,  
Құрманғазы қашып шыққан түрмеден.  
Толғанамын, тебіренемін, күрсінем,  
Сыры көп қой біздер еркін білмеген.

Әлде осы ма Сәкен кешкен азап тұн,  
Қоңыр қүйлер неге қою наз арттың?!  
Еске түсіп кетті сонда жазықсыз,  
Жаза тартқан боздақтары қазақтың.

Дауыл қүйлер қайта тасып лап қойды,  
Тоғандалған әлдекандай тапты ойды.  
Жел желігіп, бәйтеректер тербеліп,  
Үрей кетіп, ұстатады сақ бойды.

Қайран қалдым не дейді екен басқалар,  
Кейде қүйден болды денем жасқанар.  
Жүйткіп келіп тоқтай қалды бір кезде,  
Тайбурылды үркіткендей тас қамал.

Саңлақ қүйге сыйып кетті бір халық,  
Бір халықтын ыза, кегін тыңдадық.  
«Абылайлап» женер сәтін сезді ме,  
Нұрғисаның өні кетті сүрланып.

Хас тұлпардай өршеленді, қүйғытты,  
Нұрлы әуезге  
Махамбетшіл шыр бітті.



---

Ала құйын зымыратты, ызғытты,  
Жел сыпрып тастағандай түндікті.  
Каспий тулап, Атырауды су басты ма,  
Еділ толқып арнасынан асты ма?!  
Қобыландыға жау қолтығын ашты ма?  
Абылайдан жонғар жөңкіп қашты ма,  
Қолға түсіп Қенесары састь ма?!

Бүркеп кетті алай-дүлей бүрқасын,  
Қүй симады аспан-көктің астына.  
Жаным толқып, тастай беріп қаламды,  
«Бас! Бас!» — деймін құшырлана, — басқыла!

Қас жауына «Қазақпын!» - деп атылған,  
Дабыл қақты Бауыржандай батыл жан.  
Шу көтерді төбесіне Рейхстагтын,  
Ел байрағын бұрын ілген Рахымжан.

Тілендиев ашық ұстап кең төсін,  
Әй, не керек, көтерді ел еңсесін.  
Сағадатша салды ерен ырғаққа,  
Талқандаған Гитлердің кеңсесін.

Дара толқын сүр жартасқа бас ұрган,  
Қапаланды, түршіккендей ғасырдан.  
Қара дауыл Қаратрудан қаулады,  
Қара жердің зәре-құтын қашырған.

Дүлей құшті-ай, әлемді шарлаған,  
Қарбаласты қара бүлттар аунаған.  
Қиып өтер оқ тигендей заулаған,  
Қарағай, шырша селдіреді қаулаған.  
Қүй-дүрбелен, қүй-самұрық самғаған,  
Жер қалмады ол жұлқынып бармаған.  
Әудем сәтте аласапыран алқымдал,  
Топалаң келді,  
Топан судан аумаған.  
Арпалыста аласы мен бересі,  
Әбден кетті-ау деген кезде ел есі.



---

Қазақтарды жинап жүрген жарқ етті,  
Қазығұрттан Нұх пайғамбар кемесі.

Туды, туды күй көкесі шырғалаң,  
Одан артық сыр шертеді кім маған?!  
Бар қазаққа басын ие қалғандай,  
Бір сілкінді, дүр сілкінді бұл ғалам.

Теңселгендей адыр, шоқы, тау, орман,  
Үрейленді үркे білмес ақ ордан.  
Ұлылар мен ұлы дүбір ұласты,  
Бұл ғаламды бір женуге жаралған.

Наполеон ба, Зұлқарнай ма, Шыңғыс па,  
Дәлдеп айтар тіл де, шіркін, тым қысқа.  
Оқпен емес  
Құймен женді,  
Мұхтарша  
Сөзбен жеңген,  
Ортақ ойлы түпнұсқа.

Женді, женді,  
Күрт жабылды ауыздар.  
Дос қуанды,  
Көрсетпепті жау ызғар.  
Есі кетті, естіген жан селк етті,  
Жарқ еткендей көзін ашқан қауыздар.

Құштілікті көре білу — құштілік,  
Дүр, дәкейлер қолын соқты ышқынып.  
Үркे қашып жылқы өткендей дүркіреп,  
Зал қол соқты!  
Бір кісідей тік тұрып.

Осылай, достым, тұн ішінде таң атар,  
Мезет келді тынған істі танытар.  
Нұрғисаның көрдім көзін сұрапыл,  
Көктен түскен әулиемен пара-пар.



---

Жер-жанаңды жаулап алды бір өзі,  
Ұзақ пішken келді сәттің лезі.  
Осында оралады-ау ойына,  
Омар Хайям сияқтанған мінезі.

Қошаметшіл дүйім жұрттың назы ұнап,  
Жиырма бескे келгендей боп қазір-ақ.  
Көздің шетін қоршалаған әжімдер,  
Селдіреді із қалдырып азырақ.  
Қандай бақыт  
Осында үл болғаны,  
Көптен күткен тамаша сәт орнады.  
Ән мен қүйдің құдіретін айқындаپ,  
Бар қазақтың ар-намысын қорғады.

О, домбыра!  
Осынау шапқын желісін,  
Талай заман күткен асыл жемісін.  
Құрманғазы, Тәттімбеттер, қабыл ал,  
Нұрғисаның бабалар үшін женісін.  
Құр айғайдан қеуде қаққан не бітер,  
Тындырмасаң еренғайып ел ісін.

Қыршын қүйдің түп-тамыры керемет,  
Ырқың женді,  
Ықылас, Сұгір, елең ет.  
Ғұрпың женді,  
Қорқыт Ата, бір қозғал,  
Дабыл қүйді аялады берекет.

Риза бол, Хау-Ата мен Хау-Анам,  
Біз де пенде өздеріңнен тараған.  
Батыс, Шығыс қанаттасты, жалғасты,  
Бағы жанса бірдей екен бар адам.

Риза болғай,  
Арыстанбаптай даналар,  
Сәт туыпты кейінгіні бағалар.  
Жебеп жібер Қожа Ахмет Йасауи,  
Есімдерің жер-көкті бір аралар.



Тағзым етем,  
Әл-Фараби ғұлама,  
Отырады айтпай ел көңілі тына ма?  
Рухани алтын ордам — Түркістан,  
Кеш ескерсем тағдыр солай сынама.

Сіздерді айтты  
Сұлу саздың түйдегі,  
Бұлқілдесін атам қазақ бүйрекі.  
Көзім көрген тірліктері шын дана,  
Намыс жыры — Нұрғисаның күйлері.

«Отырар сазы» осы біздің безенген,  
Ол болмаса, алуан сырды сезер ме ем.  
Мың рахмет айтам саған, Нұр-аға,  
Есен шыққан сын сағатты кезеңнен.  
Досы мақтап отыр десе, дей берсін,  
Ақ сайтанаң бар екенін сезем мен.  
Жендің...  
Жендің күй қанатты тарланым,  
Сарқып салды бар өнерін өз жаның.  
Бала күннен үялаған ақ қиял,  
Орындалды «Женем!» — деген арманың.

Фажап болды он саусақтың желгені,  
Дұлдул аға!  
Бүгін ұқтым мен сені.  
Москвада тап осылай жеңгенің,  
Қоңыр күмбір домбыраның жеңгені!

### *Нұрлы шуақ*

Балқып кетсек күй көшіне ергендей,  
Шипа тапты жүрек жүрген ем көрмей.  
Әр қазақтың кексегені бой жазды,  
Бар қазақтың аты озып келгендей.

Нұрлы айдынға жылжығандай кемеміз,  
Үн, әуенге қайда апарса сенеміз.



---

Толқығандай толған Арал арнасы,  
Дәл тигендей нысанаға жебеміз.

Марқакөлдің ақ маралы елестеп,  
Шақыргандай — келші жылы кеңес, — деп,  
Қара көзі жарқ еткенін көреміз.  
Құлагер қайта тірілгендей құлшындым,  
Өсті, өсті атам қазақ өреміз.

Дауыл өтті... биік аспан ашылды.  
Жел ысырды қара бұлтты, жасынды.  
Дарыны мол өнер ғүрпyn асырды,  
Айқын ашып көмескі мен күңгіртті,  
Нұрғиса да маңдай терін бір сұртті,  
Жаңа сарын туар жерін білдіртті.

Содан кейін үміті мол жігіттей,  
Ақжеленге салды адамды түнілтпей.  
Шекіп, қағып шертпелетті жүгіртпей,  
Арман жолы айқындалған секілді.  
Тайғақ жолдан алып шығар мұдіртпей,  
Күй төгілді сиқырлы ақ түбіттей.

Аңсағаның кездескендей ақ таңда,  
Қуанасың сәтті мезет тапқанға.  
Дауылдардан ауылдарға оралдық  
Арман-ғашық қол сілтеген шактарға.  
Шалқыманы қалқымаға көшірді,  
Жан жүректі орап жұмсақ мақпалға.

Кілт өзгерпті ала құйын самғауын,  
Бәсендettі өткен күнге арнауын.  
Қаулаған тер іркілгендей ілкім сот,  
Жасыл жайлау болып кетті жан-жағым.

Пай, пай, шіркін!  
Көз алдымда  
Ашты таза қайнарды,  
Қауызға дән байланды.



Зырылдауық иіргенін заулатып,  
Тақ-тұғырын өзі де мың айналды.

Шолпы сыңғыр, қарақат көздің жүзігі,  
Күзгі бақша піскен алма, жүзімі.  
Тамсантады ләzzат төккен ұн-сәуле,  
Күйдің сүмбіл, күйдің күмбір үзімі.  
Бәрін терген бір адам,  
Ол — Нұрғиса, Нұр-аған.

Еренғайып сәт орнады сұраған,  
Домбырасын солақай қол бұраған.  
Орындаушы болып кетті дирижер,  
Дүлдүл сазгер — күй төресін құраған.  
Мың санатта бір адам,  
Құс қанатты Нұр-аған.

Жарқырады дүлдүлдердің қалдығы,  
Көк шапанинан көрініп тұр салдығы.  
Сазгер, күйші, әртіс, ұстаз, дирижер,  
Этнограф, оқымысты һәм зергер,  
Ақтарылды қазақ өнер сандығы.  
Соның бәрі бір адам,  
Соның бәрі Нұр-аған.

Кеменгері әлденеше кеменің,  
Асқақтатты қазақ күйі беделін.  
Дәл осы ғой сегіз қырлы дегенің,  
Ақан сері бабам айтқан секілді,  
Бабын келсе шексіз екен берерің.

Екі ішектің сөйлеуін-ай үндесіп,  
Айқындалды дыбыс шоғы гүлдесіп.  
Терісқақпай шымырлатты жүр-жүрлеп,  
Жүйрік саусақ қыл пернемен тілдесіп.  
Чайковский портреттен қарады,  
Көкірегі Нұрғисамен бірлесіп.

Мандаіына шапшып қайта тер келді,  
Құба талдай Тілендиев тербелді.



---

Көз жұмұлы, көңілі мас желденді,  
Құйқылжыған, тамылжыған, шалқыған.  
Нұрлы ағыннан тұла бойы сенделді,  
Күй тасыды сезбей арна, кемерді.  
Сирек дарын! — деп жамиғат кенелді,  
Барын салды, ершеленді, селдетті,  
Данааларға қос иығы тенелді.

Сезім тумас сұрап алған біреуден,  
Күй бол кеттім құйшіге сәт тілеуден.  
Пенде туған періште ме? — деп қалдым,  
Үні сепкен нұрлы үміт,  
Кім, — десендер, — бұл жігіт?  
Айтсам сөзбен жабайы,  
Ол — күйшілік Абайы.

Бірде тәкпе,  
Бірде шертпе шекітті,  
Тапты, тапты көкей кескен тетікті.  
Кім көріпті құйге осындай жетікті?!

Зал емес-аяу, «Сарыарқа» бол манайым,  
«Саржайлауға» ұқсан дүние кетіпті.

Кім? — десендер осы адам,  
Жаны енерге дос адам.  
Сұлу әуен сарайы,  
Ол — ән-күйдің Абайы.  
Бәрі соның бір адам,  
Бәрі соның Нұр-ағам.

Ол күй тартса көлде аққу сыланып,  
Санқылдайды бермен қарай бұралып.  
Ынтық сәлем жан төріне жеткендей,  
Қарсы аласың балқып, шалқып, қуанып.

Дархан дүние нұр шуағы шектелмей,  
Түрленесің төр жұмақ бол кеткендей.  
Сүйсінесің аңсап жүрген аққу құс,  
Жүрегіңнен жүзіп қана өткендей.



— Құйғыт! Құйғыт! Қүй құдайы қолдасын!  
Дедім сүртіп қуаныштан көз жасын.  
Еліктірді, елжіретті, — деймін ғой,  
Балқыр еді дeneң түгіл, қорғасын.  
Не де болса үлкен төрде жайнатты,  
Аруақ қонған қүйдің алтын ордасы

Сал домбыра жетсе шырқау шағына,  
Үн төгілді алтын сәуле ағыла.  
Қүйші отырды бір тіріліп,  
Бір өліп,  
Дирижер боп қол сілтейді тағы да.  
Қабанбайдай шебін бұзған майданның,  
Туды нағыз бақ жұлдызы жайнар күн.  
Бір заулатты  
Жұртқа қарап құлімдеп,  
Жарқылындай жанартаулы қайнардың.

Қанықтырган кең өлкенің сырына,  
Ізет етті заман өнер құлыша.  
«Феномен» — деп, «ақ сұңқар» — деп тамсанды,  
Қазағымның дара тұлға ұлыша.

«Отырар сазы» сәтті болды өтімі,  
Жас оркестр бұғанасы бекіді.  
Батыс жаққа салынғанда қүй-көпір,  
Бірге етті сан үрпақтың өкілі.

Қүй толқытса көңілі ояу жандыны,  
О, қазағым! Өзіндікі барлығы.  
Нұр қүйса да, жыр қүйса да,  
Ән қүйса,  
Онсыз толмас қазақ өнер сандығы.  
Не де болса құстай алтын қанатты,  
Бір қазаққа бар әлемді қаратты.

— Марапаттан ығыр болдық, — дерсің де,  
Шындық осы, достым, менсін, менсінбе.  
Жұмыр жерді тұрды сонда құшақтап,  
Тілендиев өлең жазған менсіз де.



---

Тебіренбеуге жетпегені өлімнің,  
Күй құмарлық — бергені пәк тәлімнің.  
Жақсы қүйді сүйдім ана сүтіндей,  
Ләззат татқан рахатындај жанымның.

Күй — Фараби жер жаһанмен жарысы,  
Күй — Отырар соңғы қоңырау қағысы.  
Күй — Махамбет желден жүйрік жебесі,  
Күй — қазақтың мысы қайтпас дабысы.  
Күй — Құлагер құс қанатты шабысы,  
Күй — Жезкинек құба жонда ағысы.  
Күй — «Сарыарқа», Құрманғазы «Серпері»,  
Күй — «Саржайллау» Тәттімбеттің намысы.  
Күй — домбыра күмбірлекен даудысы,  
Күй — су жорға бипыл аяқ алысы.  
Күй — анаңа сәлем айтқан сағыныш,  
Күй — Қызы Жібек, жаны құштар жар ісі.  
Күй — құдаша алтын алқа тағысы,  
Күй — сексен көл, аққу қонған қамысы.  
Күй — қазақтың шалқар теңіз даласы,  
Күй — арыстар жанын қиған ар ісі.  
Жан ұшында жатсам ертең бір күй тарт,  
Одан артық жоқ фәнидің дәрісі.  
Күй — қазақтың құдай берген дарыны,  
Күй — қиялым, Қорқыт-Ата сарыны.  
Күй — дабылым жеткен сақтар, ғұндардан,  
Күй — арманым, Асан Қайғы зар үні.  
Күй — қазақтың ізгі иман тілегі,  
Күй — керуен, көшпендер легі.  
Күй — құбылыс, ұлттық асыл рухы  
Күй — халқымның лұпілдеген жүргегі.  
Күй — Едіге қара қылды қақ жарған,  
Күй — шежіре ел тарихын ақтарған.  
Күй — мұнара құңғырлекен күмбезі,  
Күй — дәстүрім салт-санамда сақталған.  
Күй — Абылай басын қосқан қазақтың,  
Күй — Ағыбай аңсап өткен азат күн.  
Күй — бұлқынған Бұқар жырау бабамыз,  
Күй — азасы қазақ шеккен азаптың.



Жан ұшында жатсам ертең бір күй тарт,  
Бар күнәдан келсе мені тазартқың.

Десеніздер — сонша толқып не бітті? —  
Дүние жалған ауырлығын кемітті.  
Еркін күйдің ереуілші екпіні,  
Ауыл жаққа сағынышты кемітті.

Сезім жеңген шығар десең ақынды,  
Мен не дейін туса ыргақ татымды.  
Сергек сезім саяласа ақылды,  
Беу, ағайын! Тоз, тоз болып кетпестей,  
Адалдыққа, адамдыққа шақырды.

Тұған елім, өнер тұрағы!  
Айғақталды айдан айқын ұраны;  
Міне, қазақ қайта жанған шырағы,  
Нұрғисаны алақанға кетерсек,  
Ол көтерді ата мирас мұраны.  
Сезгеніме жетпей жатыр айтқаным,  
Мақтаныш пен мақтауыма тұрады.

Осынау сәтте кім толқыды менен көп,  
Ойламадым қандай баға берем деп.  
Текпелется Құрманғазы секілді,  
Шертпелетті Тәттімбетше терендең.

Текпе, шертпе шекарасын сырғаны,  
Екеуі де қатар билік құрғаны.  
Нұрғисаның оралып тұр көзіме,  
Бар қазақты біріктіріп тұрғаны.

Жұлдызды алса қол жетпейтін көктегі,  
Бүкіл әлем қолпаштады, жөптеді.  
Текпе, шертпе шын бауырлас, аралас,  
Міне күйдің Нұрғисалық мектебі.

Құтты төрде құрса өнер салтанат,  
Бара алмайды оған жабы қолқалап.



---

Бозда қалар борқа туған бор талап,  
Жете алмайды сидаң мәстек опалап.

Ата-баба аманатын жеткізген,  
Ән боп, қүй боп қосақталса қос ғажап,  
Осы — деп біл — ұлы тұлға, зор қазақ.  
Айқын айтсақ сұлу саздың пірі де,  
Тендесі жоқ өнерпаздың бірі де.  
Заты қазақ, ол — адамзат дүлдүлі,  
Не десек те бәрі сияр іріге.

Тына қалса Нұргиса-қүй үні де,  
Бунақталды жүректің жыр гүлі де.  
«Ата толғау», «Аққулары» сақталар,  
Жер-жанаңда жалғыз қазақ тіріде.

*1983 жылы 8 желтоқсанда  
Мәскеудегі Чайковский залындағы  
Нұргисаның концертіне арнап жазылды.*



## ҚЫРАНДАР

### I

Кеңгірден әрі кең дала,  
Адасқан киік елеңдер.  
Кең далада сен ғана,  
Керегетас кеменғер.

Балағында мың бұлақ,  
Жұзім көздер парлаған.  
Жүректің шетін шымшылап,  
Сыбырлай сөйлеп арбаған.

Топтана толқып түйісіп,  
Қараторғайлар заулаған.  
Тал сығалай сүйісіп,  
Баяғы бізден аумаған.

Жазира бейқам, алаңсыз,  
Жайлаған құстар, гүлдер де.  
Жетелер сені амалсыз,  
Махаббат толы күндерге.

Айналаң тұрса тамылжып,  
Сыпыра сұлу үнілген.  
Қуаныштан абыржып,  
Сөз көмейде бүгілген.

Билейді сауық құрғандай,  
Келіншек-тал, шілік-қызы.  
Соларды аңдып тұрғандай,  
Сұқтанар жартас сұрықсыз.



---

Жолбарыс жон, шұбар құз,  
Тұла бойы жігердей.  
Төсінде отыр қарақұс,  
Кезіккен жемін ілердей.

Балуан дene сымбатты,  
Ақ иық құнғе шалдыққан.  
Қанатын серпер тым қатты,  
Өжеттік, ерлік пандықтан.

Жалғыз үйдей жолдары,  
Есік ашық, төр де кен.  
Жолаушыға ол-дағы,  
«Бір соғып өт», — дер ме екен.

Сергітті бойды, сілкінні,  
Керегетас киясы.  
Бар екен сонда бұркіттін,  
Балапан басқан үясы.

Сатылы қырқа тасына,  
Өрмелеп ұлым барады.  
Құлышына жетіп қасына,  
Құштарлана қарады.

Соңынан ердім қарайлап,  
Бөріжортак жүгірдім.  
Әлімді болжап, абайлап,  
Белдеуден тақап үңілдім.

Бір көру ғана тілеуім,  
Үяда жатқан балапан.  
Үлпа уыз, гүл өңін,  
Сипар ма еді алақан.

Сәби де болса батыр-ау,  
Сабырлы журек тылсымы.  
Міз бақпастан жатыр-ау,  
Қарайып орақ тұмсығы.



---

Балапанға иіліп,  
Әлденендей үмітпен.  
Қарайды ұлым қызылып,  
Көңілі бейқам күдіктен.

Баптана түсіп балам түр,  
«Әкетем, — дей ме, — тірі үстап».  
Көз тастайды маған бір,  
Сұрағандай рүқсат.

«Сол қияннан өз балаң,  
Түсе алмаса қайтер ең?!  
Өз ұяңнан өз балаң,  
Ұша алмаса қайтер ең?!»

«Жәбірлеме асылды,  
Жетім етпе», — дегендей.  
Шайқай бердім басымды,  
Оқыс ойға тереңдей.

Жабулы сырды ашарда,  
Тіл түгіл, ой бөгелді.  
Қыын-ау айту қашан да,  
«Өтей бала» дегенді.

Кетті ғой түсіп есіме,  
Баяғы жаутаң көздерім.  
Айтармын оны несіне,  
Көңілге тастап өзге мұн.

Жалғыз ұлын тәлімге,  
Кісіге берген анадай.  
Біліп-білмей бәрін де,  
Көнбеске көнгөн баладай.

Табарсың, балам, жердегі,  
Аңсырың ауған жұлдызыды.  
Жабарсың қымбат елдегі,  
Үстіне қама құндызыды.



---

Пәледен пәк алаңсыз,  
Сен де сондай баласың.  
Томаға-тұйық хабарсыз,  
Жылата қөрмө анасын.

Сарыарқаны сайрандал,  
Қыран үшса үядан.  
Жүрермін мен де жайрандал,  
Өзінді көріп қиядан.

О, балапан ұландар,  
Бақыт деген бірліктे.  
Қырандарды қырандар,  
Сақтау керек тірліктे.

## II

Сол күні біздер тұстендік,  
«Теректі» деген ауылға.  
Қымызды қызып, ішкен жүрт,  
Үқсайды кейде дауылға.

Таныс екен бәріне,  
Керегетас қиясы.  
Әңгіме болды әріден,  
Балалы бүркіт үясы.

Сөйлемді бір шал тұнерген,  
Өз сөзін езі дұрыстап.  
— Қыран тапшы бұл елде  
Алайық, — деді, — тірі үстап.

Атаң қазақ баласы,  
Бауламас па қыранды.  
Шыдамасқа қарашы,  
Болғандығын шыдамды.

Бүгін жетіп түнейік,  
Керегетас басына.



Жігіттер, қане жүрейік,  
Еріндер тегіс қасыма! —

Деп әлгі шал құды,  
Көтерердей тұндікті.  
Отырғандар ауқымы,  
Әжептәуір дүрлікті.

Қойындар, — деп тіл қатты,  
Тағы да бір қарт адам.  
Жан екен бір сымбатты,  
Жігіт қалпын сақтаған.

Даламыздың ақсақал,  
Дүр маңғазы сияқты.  
Төгілме құлаш сал сақал,  
Құрманғазы сияқты.

Сөз сөйлесе өтініп,  
Келбеті жанға жұғымды.  
Жүресінен отырып,  
Бастапқы шалға бұрылды:

— Әуместене сөйлейсің.  
Ішпей-жемей массың ба?  
Білгірсіп, мәнсіп терлейсің,  
Жайдаққа ергіш жассың ба?

Жүрегің неден жасалған,  
Пейілін қалай тар еді.  
Құс құмарлық қашаннан,  
Серілігің бар еді?

Атойлаған сөзіңмен,  
Қызырмайсың арқамды.  
Ұлағат іс өзіңнен,  
Шықпастығы байқалды.



---

Ашынғанға — тұшынған,  
Ақыл тыңда сәнімен.  
Қолдан қыран ұшырған,  
Көне көзді кәрің ем.

Айтам басқа не тілек,  
Балапан жанын қорлама.  
Қыран да болса жетімек,  
Қорғалап өсер: «Қолбала».

«Атан түйе секірсе,  
Жұт болады», — деуші еді.  
«Бала қыран жетілсе,  
Құт болады», — деуші еді.

Қас жыртқышты ілмей ме,  
Қыран деген қиядан.  
Қекте шалқып жүрмей ме,  
Есен үшса үядан.

Ажалы жеткен кәрі мал,  
Ұстараға қасынар.  
Жан білмес сендей кәрі шал  
Сыйлағанды басынар.

Татыр болса жілігің,  
Қалдырар ма едім жолынан.  
Құсбегілік шірігім,  
Келмейді сенің қолынан.

Бастырман аттап қияға,  
Шықпаңдар бірің ауылдан.  
Балапанды үяда,  
Шошытпаңдар тауымнан.

Ырымым бар сенетін,  
Тауым қыран құмарда.  
Жұз жылда бір келетін,  
Абайдай ақын туар ма.



---

Ырымым бар сенетін,  
Бәсім бекем сынарға.  
Тауыма қыран келетін,  
Биікке елім шығарда.

Ертіс келсе көк теңіз,  
Құмдарым ну бол гүлденсін.  
Әркендей түсіп өлкеміз,  
Кең дала кербез түрленсін.

Балапан бүркіт жорамал,  
Болмастай таба дүшпанға.  
Әрқашан, есен оралар,  
Байқоңырдан ұшқандар.

Қария сөзі балқытты,  
Таңдайға зәмзәм тигендей.  
Шымырлар денең шалқып бір,  
Бетіңнен анаң сүйгендей.

Ұлына ұлдың тілер сөз,  
Айтуға тілің талмаған.  
Жадымда қалды бірер сөз,  
Батасы маған арнаған:

Қолындағы ұлыңды,  
Баяулағаның жақсы екен.  
Ұяда сәби қыранды,  
Алмағаның жақсы екен.

Жүйріктен жабы озбайды,  
Солғын жүрек, тар тыныс.  
Адал ниет тозбайды,  
Жақсы мінез жарты ырыс.

Қырандарын қинаған,  
Даласын да сыйламас.  
Ұландарын қинаған,  
Данасын да сыйламас.



---

Қандай қызық той тойлар,  
Сүйтқандар ұяны.  
Отанын да ондайлар,  
Жамандыққа қияды.

Жолда жүрген азamat,  
Қыдыр болсын жолдасың.  
Тірлікте көрмей жаманат,  
Басыңа бақыт орнасын.

Ұл-қызың өрлесін,  
Биік мақсат арманға.  
Солар қанат сермесін,  
Сен жетпеген заңгарға.

Әділ айтып, тіке кес,  
Ел алдына келгенде.  
Үзенгілес, тізелес,  
Сенімін жықпа сенгенге.

Өмірге жаққан шырағың,  
Коммунизм заман бар.  
Айтарым осы, шырағым,  
Сол заманға аман бар!

Қарттардың сөзі шымыр-ау,  
Сөйлемейді олар бекерге.  
Шалым бар терең шыңырау,  
Түбіне көзің жетер ме.

Сағынам мен де шалымды,  
Сағынам ашық аспанды.  
Соғыстың кезі — ауылды,  
Баланы қарттар басқарды.

Майданнан келсе қуаныш,  
Тарайтын дереу жалғаусыз.  
Жат хабарға жұбаныш,  
Табылмайтын шалдарсыз.



---

Бола алмай берік сенімге,  
Қызыққа нәпсі мастанған.  
Желбегей кейбір келін де,  
Шалдардан қатты жасқанған.

Тырысуши ек: «Сенсің», — деп,  
Егін, шөпке барғанда.  
Қуанушы ек: «Ерсің!» — деп,  
Қатарға қосып алғанда.

Жігітке, балам, теңсің! — деп,  
Мақтау тиіп қалғанда.  
Әскерден әкең келсін, — деп,  
Батасын алу арман да.

Көп жүріп қалсам қалада,  
Кетемін тіпті жабығып.  
Аңсарым ауып даалаға,  
Тауларды қалам сағынып.

Жалтара білмес қырандай,  
Жандарды кетем сағынып.  
Ұлағат сөзі ұрандай,  
Шалдарды кетем сағынып.

### III

Бір сэтте балам: «Тоқталап!»,  
«Папалап!» ырық бермеді.  
Алысқа сонау көп қарап,  
Аспанға құлаш сермеді.

Ақ «Волга» әрең тоқтады,  
Кілт тормозға қонқылдала.  
Шабытты шағын жоқтады,  
Қызынған мотор солқылдала.

Құмарта қарап наз түйіп,  
Көркейтіп тебіл өрімді.



---

Анадайдан қасқып,  
Керегетас көрінді.

Еір балапан, бір ана,  
Қалықтайды қос қыран.  
Еір жұдышық, бір тана,  
Кім қызықпас, дос, буган.

Қанатына бір кезде,  
Ана қыран баласын.  
Қондырып алып лезде,  
Көрсетпей кетті қарасын.

Елегізіп іздедік,  
Үзілгендей тасқын өн.  
Елеңдеп қүдер үзбедік,  
Үршықтай бұлттың астынан.

Бірі тымақ, бірі доп,  
Үзай берді биіктеп...  
Бірі бар, әне, бірі жоқ,  
Қайда кетті түйіншек?

Қарып алып тағы да,  
Әкетті әрмен жоғары.  
Қарай бердік сарыла,  
Үзілді қара, жоқ әлі.

Еір кезде айқын көрінді,  
Бала қыран ерлеген.  
Аралары сөгілді,  
Ана қыран сәл төмен.

Алшақ емес арасы,  
Бала қыран жоғары;  
Көз астында анасы.  
Қанатта қымыл жоқ әлі.



---

Жақында май жерге тым,  
Қауыптанған келеді.  
Жалғызынан жер бетін,  
Жауып қана келеді.

Биіктеген түлегі,  
Қаймықпасын дей ме екен.  
Жерді көріп жүрегі,  
Шайлықпасын дей ме екен.

Қолендейді екеуі,  
Жерге қазір тұсердей.  
Төмендейді екеуі,  
Қолдан сусын ішердей.

Жоқ. Қонбады. Тұспеді.  
Серт байлаған шағы ма.  
Бауырына басып ішкери,  
Баласын алды тағы да.

Қос қанаты аспанды,  
Сілкіп бара жатқандай.  
Жерде аяқ басқанды,  
Тінтіп бара жатқандай.

Кетті-аяу, кетті тым әрмен,  
Заулайды да, самғайды.  
Жебесінен ніл маржан,  
Тамады, жерге тамбайды.

Шарықтап шығып аспаннан,  
Тастай берді баласын.  
Кейпі жоқ енді жасқанған,  
Алшақтатты арасын.

Кең де болса әлемге,  
Әрең сыйып барады.  
Жалғызын соңғы сәлемге,  
Әрен киып барады.



Неткен бір ғажап іс еді,  
Қыындық дәмін шеккен кім.  
Есіне сонда түседі,  
Соғысқа әкең кеткен күн.

Неткен бір ғажап іс еді,  
Қалайда қатаң жаралған.  
Есіне сонда түседі,  
Айрылған мезет анаңнан.

Қарайсын ұнсіз жан ұйып,  
Екі құс екі өрлеуде.  
Бел байлайды ақыық,  
Жалғызын қайтып көрмеуге.

Жанарымыз зарықты-ау,  
Қайрылмай қыран артына.  
Әр қияда шарықтау,  
Қырандардың шарты ма?

Ұлым-ау, медет осылай,  
Тұсінсең ойдың нұсқасын.  
Шарықта сен де шошымай,  
Ұядан бір күн ұшқасын.

#### IV

Құстарды шолып жан-жаққа,  
Тұра алмадым тықыршып.  
Балықтай түскен қармаққа,  
Тулайды жүрек тыпрышып.

Бала қыран балдырған,  
Барады ұшып қияда.  
Бейнесі құмар қандырған,  
Момақан еді-ау ұяда.



---

Тұсімдей өңім, көргенім,  
Өзекті бекер тілмейді.  
Кімнің қалай көнгенін,  
Айырылыспағандар білмейді.

Мен үққан сыр сондары,  
Ұлымға түр ғой сезілмей.  
Кіші қыран жондағы,  
Көрінді бала кезімдей.

Ол кеткен жақ түбек тәс,  
Ұлытаудың саласы.  
Қырандарын жүдепес,  
Тұған елдің даласы.

Көз саламын анықтап,  
Нұктені көкте түгендеп.  
Жоримын есен шарықтап,  
Аспанымда жүрер деп.

Қараймын әрмен тау жаққа,  
Қараймын әлі үзбей дем.  
Жас қыран кетті аулаққа,  
Өз түғырын іздеумен.

## МАЗМУНЫ

Қазақтың жезқанатты жезкинігі.....3

### ӨЛЕНДЕР

Ата қоныс .....	11
Бір ауыз сез .....	13
Айдарлы .....	14
Жалғызтау .....	15
Сарыарқа .....	16
Біздің ауыл .....	17
Сағындым .....	19
Тимеші .....	20
Дүниеде мен сүйетін бір адам бар .....	21
Фашық кез — дәурен .....	22
Көкшетауга .....	23
Сенің барың қандай жақсы қасымда .....	25
Жер ұраны — Ұлытау .....	27
Құс базары Қорғалжың .....	29
Өлеңдер кетті тұншығып .....	30
Қазақтың алмас қылышы .....	32
Алаша хан мазары .....	34
Абылай .....	36
Түркітекtes елдердің бас ақыны .....	38
Жезкинің көрсемші .....	40
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы .....	41
Сағыныш деген ғаламат .....	42
Киікті елдің ұлымын .....	44
Күз .....	46
Алатау .....	47
Сәулет .....	49
Тірлікте ойда барды айтқан жөн-ау .....	51
Рейхстагты алыпты Рақымжандар .....	52
Күштарлық .....	54
Куда келді! .....	56
Ақын сол ғой .....	58
Тұған елге ұсынам .....	59
Оқжетпес .....	62
Бұлтқа үқасспын .....	63
Құс сайран .....	64

Тілек .....	65
Жас аққу .....	66
Көкшетау .....	67
Есілге .....	69
Елестеу .....	71
Сарқылып сағынышым қалмас па екен .....	72
Мұқаштың әңгімесі .....	73
Сері күндер, қайдасың .....	75
Бір күні бәрімізді сағындырар .....	76
Романс .....	77
Жүргімнің жүйткіп өткен елігі .....	79
Жол — жүректің әмірі .....	80
Маяковский ректор болыш келгендей .....	82
Кездесуден кейінгі ой .....	84
Теңізге .....	85
Алакөл .....	89
Элегия .....	90
Өзіңнен алғаным сол .....	91
Жылқының дүбірі .....	92
«Қамыққанда күймен жүрек жамаймын» .....	93
Алыстап барамын жағадан .....	94
Төрт діңгегі қазақтың .....	96
Жезқазғаным — Қаныштың жан-журегі .....	97
Көргенде Құлагердің ескерткішін .....	98
Күй патшасы Нұрғиса .....	100
Данаалық көкірегінде үя салған .....	101
«Гәккү» мей «Гауһартас» .....	103
Төлеген Момбековке .....	104
Фаризага .....	105
Жезқазғанды «Жезқиік елі» дейді .....	106
Бір тыңдасам Мақпалды .....	108
Пианино сөйлем кетті қазақша .....	110
Күй-атаның басында .....	112
Бошайдың уш қарасы .....	114
Кожаберген жырауга .....	115
Операның дүлдүлі .....	117
Қаршыға, тартшы «Аққуды» .....	119
Айтүлдің күй тартқаны .....	120
Қызылжарым .....	122
Ән мезеті .....	123
Алматыда сәбиттің ескерткіші .....	127
Оңбайды ақынды атқандар .....	129
Мағжанның бір өлеңі .....	131
Сәкен аға .....	133
Махамбеттің әсері .....	134
Сегіз сері кеменцгер .....	135
Абылай ханның «Ақ үйі» .....	137

Есілім .....	139
Күй тартамын .....	140
Сәбендер — шындық құрбаны .....	141
Сыrbайга .....	142
Мағжан — ақындықтың Абылайы .....	143
Ақындық шықтың биік белесіне .....	144
Ақ қайындар арасында ауылым .....	146
Жалындай көкке атылды .....	149
Қызылжар .....	152
Сәбенің «тарғыл даусы» .....	153
Сәбит аға кім десең .....	155
Сәбит — қазақ бальзагі .....	159
Есілге қонған аққулар .....	162
Сәкен аға ескерткіші алдында .....	163
Әншілік әнерінің құлагері .....	165
Өзім жайлы .....	167
Сиынар пірім — Абылай .....	170
Сырымбет .....	171
Ақындық алтын тұғыры .....	172
Үлтжандылық көкіректе тұтанды .....	173
Заман дерті .....	174
Үйқысыз түннің өлеңі .....	175
Қарағайлар .....	176
Тоқтамайды жұмыр жер .....	178
Көңіл назы .....	179
Білмейді-ау деп қорқамын .....	180
Тіршілік .....	181
Әмірімнің өзі өлең .....	182
Ақ тілек .....	183
Романс .....	185
Кең жалғанды тарылтпа .....	186
Мақтаналық .....	187
Шаттық селі .....	189
Досыңың көзін үгарсың .....	190
Атасам сөздің иесін .....	191
Шексіздік .....	193

## ПОЭМАЛАР

Кенесарының соғы сөзі .....	197
Отырар сазы .....	216
Қырандар .....	240

# **Кәкімбек Салықов**

## **БІР АУЫЗ СӨЗ**

*Өлеңдер, поэмалар*

Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*  
Техникалық редакторы *Жанызақ Досхожаев*  
Компьютерде тергөн *Маржан Миразова*  
Беттеген *Үлжан Бердібекова*

Басуға 25.07.22 қол қойылды.  
Пішімі 60x90  $\frac{1}{16}$ . Қағазы оғсеттік. Оғсеттік басылыш.  
Шартты баспа табағы 16,0.  
Тапсырыс № 163. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13